

Әлихан Бөкейхан
Санкт-Петербург
және Самара іздері

9-бет

Алматы,
1921 жыл,
8 маусым

10-бет

Әртіс әлемі
жұмбақ,
болуы керек

12-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№36 (29765) 21 АҚПАН, ЖҰМА 2020 ЖЫЛ

Жүз жылдық жиынама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Бірегей медициналық орталық



Сурет Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығына барды, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Кардиохирургия орталығында көпсалалы кешеннің жұмысымен танысып, лабораториялар мен бөлімдерді аралап көрді.

«Ұлттық ғылыми кардиохирургия

орталығы» АҚ Басқарма төрағасы Юрий Пя Президентке науқастарды емдеу және диагностика жасау процесіне инновация мен цифрлы технологияларды енгізу туралы егжей-тегжейлі айтты.

– Шын мәнінде, бұл орталықты озық әрі бірегей медициналық мекеме деп айтсақ артық болмайды. Әлемде мұндай орталықтар көп емес. Бұл – Елбасының арқасында жүзеге асқан жоба, – деді Президент мекеме қызметкерлерімен әңгімелесу кезінде.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы медицина қызметкерлерінің игілікті ісіне табыс тіледі.

САРАПТАМА

Қазақтың қалаға көшуі: қапер мен қатер

Соңғы онжылдықта шағын және ірі қалалар тұрғындарының саны артып, ауыл халқының саны азайып барады. Болжам бойынша әлемдік урбанизация деңгейі 2050 жылға қарай 70 пайызды құрауы мүмкін. Бүгінде дүние жүзінде қалаларға тиесілі жерлер бар-жоғы екі пайызды құрап отырса, әлемнің бір миллиардтан астам халқы қаланың кедей тұрғындарының қатарын толықтыра түсуде. Урбанизацияның ауқымы мен қарқынды дамуы баспанасыздық, инфрақұрылымдардың жетіспеушілігі, текетірестер мен зорлық-зомбылық, тағы да басқа түйткілді мәселелердің туындауына себепші болып отыр.

Әлвира СЕРІКҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Фермерлерді көбейту – индустрияландыруға жол ашу

Бүгінде еліміздің Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент сияқты ірі қалаларына білім алу, жұмыс іздеп, әлауқатын жақсарту мақсатында тұрақты немесе уақытша қоныс аударғандар саны артқан. «Бұл үрдістерге тосқауыл қою мүмкін емес. Өйткені миграция әлемдегі қарқынды құбылысқа айналып барады.

Дегенмен, алдын алу, дұрыс бағыттау сияқты жолдармен жұмсартуға болады», дейді тарих ғылымдарының докторы, профессор Әзімбай Ғали. Мұндай қарқынды урбанистік үдерістерді экономиканы алға сүйрейтін қалыпты жағдай ретінде қабылдау қажеттігін айтқан сарапшының пайымдауынша, Қазақстанда миграциялық сальдо қалыпты. Жұмыссыздық деңгейі орта есеппен 4-5 пайыз дейтін болсақ, бұл нарықтық қоғамға тән көрсеткіш. Ал Қарағанды, Маңғыстау сияқты кейбір өлкелерде жұмыссыздық көрсеткіші

7-8 пайызға дейін барады. Себебі аталған өлкелерде дұрдараздықтар орын алып, жергілікті органдар жұмыспен қамтуда дұрыс шаралар қолдана алмай келеді.

«Қалалы жерлерде еңбек өнімділігі жоғары болғанымен, ауылдарда төмен екенін мойындауға тиіспіз. Алдағы уақытта ауыл халқы сарқылып, ажырасқан отбасылар, карт тұрғындар сияқты әлеуметтік көмекке мұқтаж топтар көбейе беретін болады. Бұл қазақтың қалаға ауу үрдісіндегі жағымсыз құбылыс», дейді Ә.Ғали. Мұндай түйткілді мәселені әлеуметтік құрылымдарды көбейту арқылы жақсарту қажеттігін айтқан ғалым Қарағанды, Қостанай, Петропавл сияқты орталық және солтүстік өлкелерден орыс этносы өкілдерінің, әсіресе еңбекке жарамды тобы Омбы, Том, Новосібір аймақтарына көшіп болғанын айтады.

(Соңы 6-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

Жоғары оқу орындарының рейтингі қалай жүргізіледі?

Алғаш рет 1983 жылы АҚШ-тағы «U.S. News & World Report» апталық журналы «Американың үздік колледждері» рейтингін жариялады. Оқу орындарының салыстырмалы көрсеткішін әзірлеу тарихы осылай басталды. Ал Томск университетінің ректоры Эдуард Галажинскийдің зерттеуінде келтірілген дерек бойынша, ең бірінші халықаралық рейтинг (The Academic Ranking of World Universities – ARWU) 2003 жылы пайда болды. Содан бері барлық ел халықаралық рейтингке қатысуды, сондай-ақ өз ішінде ұлттық есеп жүргізуді әдетке айналдырды. Бұл үрдіс бүгінде елімізде де кеңінен көрініс тауып келеді.

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Білім және ғылым министрлігі «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына еліміздегі университеттердің көрсеткішін анықтауға тапсырыс берді. Бұл жұмыс осымен үшінші жыл қатарынан жүргізіліп отыр. Оның нәтижесі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүйесіз, диплом

сатумен айналысып кеткен жоғары оқу орындары санын қысқарту тапсырмасын орындауға негіз болып отыр. Бұл рейтинг қалай жүргізіледі? «Атамекен» ҰКП Адами капиталды дамыту департаментінің сарапшысы Айнұр Ыбыжанова рейтингтің негізгі критерийлеріне түлектердің жұмысқа орналасуы, орташа жалақы мөлшері, жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасын сараптамалық бағалауы жататынын айтады.



– 2019 жылдың рейтингінде 90 мамандық қамтылып, 2 мыңнан аса білім беру бағдарламасы бағаланды.

Қазақстанның барлық өңірінен 700-ден астам сарапшы қатысты. Нәтижесінде, 109 ЖОО бойынша 6 мыңға жуық

сараптамалық қорытынды түсті. Соның негізінде ЖОО-лар үшін ұсыныстар әзірленді, – дейді сарапшы. Оның айтуынша, рейтинг жүргізуде басшылыққа алынатын мәліметтер Жоғары білім берудің басқару жүйесі және Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығынан жинақталғандықтан, сараптама әділ жасалады. Сарапшылар еңбегіне ақы төленеді. Бір білім беру бағдарламасын 3 сарапшы талдап, орташа есебі алынады.

– Жұмыссыз жүрген түлектер санын есептейміз. Бұл мәліметтер сенімді дереккөздерден алынады. Есеп нақты болу үшін бакалаврды бітірсе де қызметке орналаспай, магистратурада оқуын жалғастырған түлектерді жұмыссыздар қатарына жатқызбаймыз. Олар әлі студент болғандықтан есепке енгізілмейді.

(Соңы 7-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Салықтық базаны бүркемелеуге және пайданы салық салу аясынан алып кетуге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында салықтық келісімдерге қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенцияны ратификациялау туралы

2016 жылғы 24 қарашада Парижде жасалған Салықтық базаны бүркемелеуге және пайданы салық салу аясынан алып кетуге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында салықтық келісімдерге қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенция (бұдан әрі – Көпжақты конвенция) мынадай ескертпемен және мәлімдемелермен ратификациялансын:

1. Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 28-бабының

1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы барлық екіжақты халықаралық келісімге Көпжақты конвенцияның 3, 5 және 11-баптарын толық қолданбау құқығын өзінде қалдыратынын мәлімдейді.

(Жалғасы 14-бетте)

ТҮЙТКІЛ

Жаңа жолда жүз ақау

Соңғы жылдары еліміздің барлық өңірінде жол салу құрылысы қарқын алып келеді. Бұл жөнінде жол-көлік логистикасы орталығына айналу бағытын ұстанып отырған Ақтөбе аймағында да атқарылған іс аз емес.

Темір ҚҰСАЙЫН,
«Egemen Qazaqstan»

Атап айтқанда, 2019 жылы облыстың автожол саласын дамытуға 20 миллиард теңгеге жуық қаражат жұмсалып, 347 шақырымнан астам жол жөнделген. Енді автожол құрылысына 2020 жылға белгіленген жеңілдіктермен өткен жылмен салыстырғанда екі есеге жуық артық болып отыр. Талас жоқ, мұның бәрі жағымды жайт. Әйтсе де сол салынған жолдардың сапасы қандай? Белгіленген нормативтер мен талаптарға сәйкес келе ме деген мәселе өңірдегі жол саласына тікелей қатысы бар құрылымдар мен мердігер мекемелерді ойлаңдыра бермейтіні

байқалады. Жол сапасы нашар, төмен болса бұл көрініс әлеуметтің көңіл күйіне тікелей әсер етеді. Өйткені жол азабы осындай ойқы-шойқыдан басталады емес пе?

Өткен жылы еліміздің әр өңіріндегі жол құрылысы сапасын тексеретін жылжымалы зертханалар тиімсіз және сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттерге жол ашады деп алынып тасталған болатын. Оның орнына «Ұлттық жол активтері сапасы орталығы» РМК құрылып, көп кешікпей құзырлы кәсіпорынның облыстардағы филиалдары да ашылып, іске кірісіп кеткенді.

(Соңы 6-бетте)



akobretimex.kz



Білім беру жүйесінің өкілдерімен кездесті

Сенат Төрағасы Дариға Назарбаева Парламенттік тыңдауларға дайындық аясында Білім және ғылым министрлігінің басшыларымен және аграрлық колледждердің өкілдерімен кездесті, деп хабарлады Сенаттың баспасөз қызметі.

Жоғарғы палатада өткен кездесуге Парламент Сенатының депутаттары, Білім және ғылым министрлігінің, «Кәсіпқор» холдингінің өкілдері және аграрлық колледждердің басшылары қатысты.

Шарада ауыл шаруашылығының мамандықтары мен кәсіп дәрежелері бойынша мамандар даярлау мәселелері, сондай-ақ маман даярлауда жаңа жүйенің қажеттігі мен білім беру үдерісінің мазмұны талқыланды.

Ақтөбедегі жоғары ауыл шаруашылығы колледжінің директоры Аманкелді Есіркепов ауыл шаруашылығы саласы мамандарын әзірлеуде қуырлы органдардың тәжірибеден өту мәселесіне селқос қарайтын алға тартты. «Бізге тәжірибе жағы жетіспейді. Біздің колледждің базасында төрт түлік малдың бәрі бар. Ол үшін біз мемлекет бюджетінен ештеңе алмаймыз. Студенттердің тәжірибеден өтуін ұйымдастыру жағын қолдау керек. Сондай-ақ Қазақстанда ауыл шаруашылығы мамандарын дайындауға қатысты кітап соңғы рет 2010 жылы шыққан. Білікті мамандар даярлау үшін соңғы шыққан салалық кітаптар қажет. Екінші мәселе, ол – педагогтерді қолдау ісі», деді А.Есіркепов.

Д.Назарбаева бұл тақырыпқа қолдау білдіре келіп, кадрларды дайындау мен мамандардың жетіспеушілігіне бизнес саласы да жиі шағымданып отырғанын атап өтті. «Колледжден кейін жұмысқа алатын мамандардың дайындық деңгейі төмен, тәжірибелік дағдылары жоқ.

Бюджеттен қаржы бөлінеді, есептерде бәрі дұрыс. Ал іс жүзінде мамандар тапшы», деп атап өтті ол.

Сенат Төрағасы тақырыпты жалғастыра келіп, көп мәселе жергілікті атқарушы органдардың ұстанымына байланысты екенін атап өтті. «Егер әкім қолдау білдірсе, мүдделі болса, онда колледж жақсы өмір сүреді. Көп нәрсе адамдардың өзіне және қандай да бір ауыл шаруашылығы мамандарына деген қажеттілік дәл қанша екеніне және қай мекемеге керек болуына байланысты. Әрине бірінші кезекте кәсіпкерлерден келіп жатқан өтінімдерден бас тарту керек. Екіншіден – әр өңірде аумақтық дамудың келешек жоспары бар. Бұл өз өңіріңіздің болашағына болжау жасайтын нұсқаулық құжат. Бұл тұрғыда экономикада не болып жатқанын, даму бағыты қандай әрі бүгінгі күні ауыл шаруашылығында не маңызды екенін, қандай жаңа кәсіпорндар ашу жоспарланып отырғанын, онда қандай штат ашылатынын көруіңіз керек», деді Д.Назарбаева.

Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің өкілдері өз кезегінде білім беру үдерісін ұйымдастыруда кездесетін қиындықтар туралы айтты. Атап айтқанда, колледждердің қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен нашар жабдықталатыны және салалық оқулықтардың жоқтығын негізгі мәселе ретінде атап өтті. Кездесуге қатысушылардың айтуынша, колледж басшылары өз қаражатына жиі мал сатып

алады және оны студенттердің мал шаруашылығында тәжірибе алуы үшін ұстап отырады. «Бұл үшін мен 12 сиыр ұстаймын», деді директорлардың бірі.

Кездесуде еліміздегі колледждер санының көптігі туралы да айтылды. Статистика бойынша, олардың саны 801, әйтсе де тек 17-сі ғана агроөнеркәсіп кешені мамандарын даярлайды. Сенат басшысы Білім және ғылым министрлігінің өкілдеріне: «Оларды қысқартқан жөн. Аймақтағы салалық мамандануға байланысты ғана қалдыру керек. Егер аймақ экономикасы негізінен аграрлық сала әрі облыс ауыл шаруашылығына маманданған болса, онда мемлекеттік колледждер санын да соған ыңғайлау қажет. Егер колледждер көп болса олардың санын қысқарту, ақшаны қалған колледждерге қайта бөлу және материалдық-техникалық жарактандырудың бірыңғай жобаларын қалыптастыру және алдағы бір-екі жылда оқуға қажетті барлық құралдармен қамтамасыз етілуіне қол жеткізу қажет», деді.

Кездесу барысында ауыл шаруашылығы саласындағы білім сапасын жақсарту мақсатында «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палаталары жанынан бизнес-нестің, мемлекеттік органдар мен кәсіптік-техникалық оқу орындарының өзара іс-қимылын үйлестіру жөніндегі комиссия құру ұсынылды.

Парламент Сенатының Төрағасы кездесуді қорытындылай келіп, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетіне жүздесуге қатысушылар қозғалған негізгі мәселе ретінде атап өтті. Кездесуде оларды Парламенттік тыңдауларда талқылауға дайындауды тапсырды.

Туризм – табыс көзі



Мәжілісте Палата Спикері Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен туризмге қатысты заң жобасы талқыланды. Палата Спикерінің пікірінше туризм елдің экономикалық өсуінің жаңа драйверіне айналуы керек, деп хабарлады Мәжілістің баспасөз қызметі.

Мұндай қоғамдық маңызға ие заң жобаларын депутаттар түрлі алаңдарда қоғам өкілдерімен талқылауы Мәжілісте қалыптасқан тәжірибеге айналды.

Іс-шараға депутаттармен қатар Үкімет мүшелері, «Атамекен» ҰҚП, «ҚазақТуризм» ұлттық компаниясы, туристік қауымдастықтардың басшылары, еліміздің әр аймағынан келген туристік фирмалар мен компаниялардың директорлары, туристік бизнес және азаматтық қоғам өкілдері мен сарапшылар қатысты.

Мәжіліс Төрағасы Н.Нығматулин бүгінде туризм индустриясы әлемдік экономиканың ең жоғары тиімді және қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі, елдегі туризм, әсіресе этнографиялық және экологиялық саланы дамытуға әлеуетті екеніне тоқталды.

Сонымен қатар Н.Нығматулин бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытаудағы халықаралық туристік форумда айтқанын еске салды. Сондай-ақ Мәжіліс Төрағасы табиғи ресурстардың үлкен қоры бар елдерде туризм саласы саналы және мақсатты түрде дамып келе жатқанын атап өтті. Олар: Қатар, Бахрейн, БАӨ.

Палата Төрағасы экономисттерге, қаржыгерлерге және тиісті мемлекеттік орган басшыларына туризмді алдымен экономикалық өсудің драйвері ретінде қарау керек екенін атап өтті.

Талқыланып жатқан заң жобасында, Мәжіліс Төрағасының пікірінше, бұл саланы дамыту жөнінде нақты ұсыныстар жоқ. Сол себептен, біз осы саладағы ең жақсы әлемдік

тәжірибені қолдануымыз керек. Соның нәтижесінде көптеген ел өздерінің байлығының едәуір бөлігін туризмнен түсетін табысқа салған. Бұлар АҚШ, Испания, Франция, Италия, Қытай сияқты туристік нарықтың көшбасшылары ғана емес, сонымен қатар біздің көршілеріміз – Өзбекстан мен Өзбекстан да бар.

– Бұл елдерде мемлекет қабылдаған заңнамалық, ұйымдастырушылық, экономикалық және басқа шаралардың нәтижесінде туризм ұлттық экономиканың қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының біріне айналды, – деді Н.Нығматулин.

Кездесуде қаралған туристік заңнамада туристік қызметті сыртқы және ішкі туризм деп бөлу ұсынылды.

Бұл жағдайда тек шығу туризмі лицензиялауға ниетті. Ал ішкі туризмнің қызметі хабарлама түрінде жүзеге асырылады.

Осы тақырып бойынша пікірлер сан түрлі. Құжат бойынша жұмыс тобы олардың ұсыныстарын ескере отырып, заң жобасына шешім енгізу үшін әрқайсысына талдау жасалмақ. Сондай-ақ заң жобасы салалық туризмнің 15 түрін ерекшелейді.

Алайда туристік компанияның салалық туризмнің белгілі бір түрінің субъектісімен өзара әрекеттесу механизмі тіркелмеген. Заңнамалық құжатты әзірлеуші түсіндіргендей, бұл министрліктің бірлескен бұйрықтарымен реттеліп, олардың түйіскен жерінде туризмнің белгілі бір түрі болады.

Алайда Мәжіліс Төрағасының пікірінше, бұл туралы нақты заңнамалық нормада айтылуы керек.

Іс-шара барысында саланы мемлекеттік қолдау мәселесіне де ерекше назар аударылды.

Н.Нығматулин Ұлттық экономика, Қаржы, Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрліктерінің басшыларына туризмді ілгерілетудің экономикалық саясатына, кәсіпкерлік субъектілеріне салықтық және кедендік жеңілдіктер беру, жолдар мен жол бойындағы жетімділігін қамтамасыз ету, әуе және жерүсті көлігінің қолжетімділігін қамтамасыз ету, инфрақұрылымды дамыту туралы нақты мәселелерді көтерді.

Мәжіліс Спикерінің айтуынша, мәселе Ұлттық экономика министрлігі заң жобасының экономикалық идеологиясын негізге алмаған.

Н.Нығматулин Қаржы министрінің бірінші вице-министріне инвестициясыз түсімдердің жоқтығын түсінгенін және бұның жалпыға бірдей танылған экономикалық қағидат екенін назарына салды.

Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов министрлік заң жобасына елдегі туризмнің дамуын қолдау бойынша ұсыныстар пакетін енгізуге дайын екенін жеткізді.

Сонымен бірге туризмді дамыту бойынша барлық мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру мәселелері көтерілді.

Талқылауды қорытындылай келе, Мәжіліс Төрағасы заң жобасының кейбір ережелерінің тағы да пысықталуы керектігін атап өтті.

– Барлық ұсыныс-пікірлер ауқымды деңгейде мұқият талданып, талқыланады. Соның нәтижесінде Қазақстанда туризмнің бірлескен бұйрықтарымен реттеліп, олардың түйіскен жерінде туризмнің белгілі бір түрі болады. Алайда Мәжіліс Төрағасының пікірінше, бұл туралы нақты заңнамалық нормада айтылуы керек.

Құрылыс барысын тексерді

Премьер-Министр Аскар Мамин биыл елорда күніне орай пайдалануға беруге көзделген Нұр-Сұлтан қаласындағы Жеңіл атлетика спорт кешені мен Қазақ драма театрының құрылыс жұмыстарының барысын тексерді.



Жеңіл атлетика спорт кешені халықаралық деңгейдегі Қазақстанның спорт инфрақұрылымының басты нысандарының біріне айналады. Нысан Тұран даңғылы мен Ұлы дала көшесінің қиылысында 9 гектар аумақтағы учаскеде салынып жатыр. Кешен 14 жүгіру жолы, ұзындыққа және сырықпен секіруге арналған секторлары бар атлетикалық ядро алаңынан, жолдарының ұзындығы 25 метр, ені 11 м бассейнен, екі кіріктірілген жүгіру жолы бар көтергіш платформалармен жабдықталған 5x5 метр өлшемді бассейнен, 36 орынға шақталған спортшыларға арналған қонақүйден, атлетикалық залдан, ұзындығы 160 метр жүгіру жолы бар жаттығу трегінен, ядро лақтыру, биіктік пен ұзындыққа секіру секторларынан тұрады. Мінбелер 6838 орынға есептелген.

Қазақ драма театрының құрылысы А.Байтұрсынов, Ж.Нәжімеденов, Қ.Аманжолов және Сарыкөл көшелерінің арасындағы 6 гектар аумақтағы учаскеде жүріп жатыр. Ғимаратта 600 орындық үлкен зал, 200 орындық камералы зал, арт-галерея, мейрамхана, салтанатты кездесулер залы, гример бөлмесі және басқа да әкімшілік, техникалық, санитарлық-тұрмыстық бөлмелер бар.

Үкімет басшысы барлық құрылыс жұмыстарын сапалы орындап, нысандарды жоспарланған мерзімде пайдалануға беруді тапсырды. Нысандарды аралауға «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасы А.Есімов, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгінов, Мәдениет және спорт вице-министрі Е.Рамазанов және басқалары қатысты.

Өтініштер партия назарында



Nur Otan партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек Павлодар облысында болған жұмыс сапарында Екібастұз қаласындағы өзекті мәселелермен танысты.

Фарида БЫКАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Атап айтсақ, өңір әкімімен бірге ерекше қамқорлықты қажет ететін 138 бала тәрбиеленіп жатқан «Алтынай» арнайы балалар үйінің ғимаратын көрді. Соңғы рет мұнда күрделі жөндеу жұмыстары осыдан 10 жыл бұрын жасалған екен. Ғимараттың шатыры, қасбеті және жылу жүйесі қазір апатты жағдайда.

Ата-аналармен болған кездесуде партия Төрағасының бірінші орынбасары Балаларды қолдау мен құқығын қорғау Nur Otan-ның негізгі жұмыстарының бірі екеніне тоқталып, осы мәселені шешу үшін барлық іс-шаралардың қабылданатынын атап өтті.

Одан әрі Б.Байбек Екібастұздағы Nur Otan-ның қоғамдық қабылдауында болып, азаматтардың мұң-мұқтажын тыңдады. Қаралған мәселелердің ішінен ол құдықтың ауыз суын пайдаланып жүрген Сарықамыс ауылының 450 тұрғынының өтінішін партиялық бақылауға алды. Жергілікті биліктің ақпараты бойынша, орталықтандырылған сумен қамтамасыз етуді жүргізу жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады. Сондай-ақ партия Төрағасының



бірінші орынбасары әлеуметтік және еңбек құқығы саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі мәселелер мен ұсыныстарды талқылау үшін Екібастұздағы ГРЭС – 1 жұмысшылары және өңірдегі тау-кен өндірісі кәсіподақтарының өкілдерімен жүздесті.

Сол күні Б.Байбек Павлодар қаласының белсенді тұрғындарымен бірнеше кездесу өткізді. Зиялы қауым, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен бірге экология, еңбек миграциясы, сыбайлас жемқорлық, т.б. салалардағы өңірдің өзекті мәселелері талқыланды. Партия Төрағасының бірінші орынбасары әр мәселеге байланысты, оның ішінде заңнамалық деңгейде де Nur Otan-ның жүйелі түрде айналысатынына ерекше тоқталды.

Елбасының тапсырмасы бойынша, Nur Otan партиясының бірнеше айдан бері Үкіметпен және өңірлік филиалдарымен бірге алдағы 5 жылға арналған аудандар, қалалар мен

облыстарды дамытудың жаңа бағдарламасын дайындау жөнінде жұмыс істеп жатқанын атап өткен лозинг. Онда әрбір жеке аудандағы жергілікті ерекшеліктер ескеріліп, азаматтардың нақты қажеттілігі көрініс табатын болады.

Бұл жұмыстың шеңберінде Nur Otan партиясының басшылығы барлық елді мекендерді, оның ішінде шалғайдағы аудандар мен ауылдарды да қамту үшін еліміздің барлық өңірлерін аралап шығуды жоспарлап отыр.

Павлодар облысына сапар барысы кезінде Б.Байбек 16 көпәтерлі үйдің 800-ге жуық тұрғыны орталықтандырылған жылуысыз қалған Новочерноярқа ауылының адамдарымен кездесті. Өңір басшылығының айтуынша, биыл ауылда бес әлеуметтік нысанды да, жақын жердегі мектеп, балаларбақшасы мен дәрігерлік емхананы да жылумен қамтамасыз ететін қазандық салынады.

Бақылау барынша күшейтілді

Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың қатысуымен коронавирустық инфекция бойынша баспасөз мәслихаты өтті. Жиын барысында ол коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары күшейтілгенін атап өтті.

Рауан ҚАЙДАР,
«Egemen Qazaqstan»

«Ведомствоаралық комиссияның келісімімен Мемлекеттік бас санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес коронавирустық инфекция (Сингапур, Жапония, Таиланд, Оңтүстік Корея, Гонконг САР және ҚХР Макао САР, Тайвань (ҚХР), тараған елдерден Қазақстанға келген азаматтар шекарадан өткен күннен бастап 24 күн медициналық бақылауда болады. Мамандар 14 күн бойы үй-үйді аралап тексереді және 10 күн қашықтан мониторинг жүргізеді. Жалпы Қазақстанға келген 488 мыңнан астам адам қаралды. Респираторлық ауру белгілері және дене қызуы жоғары 175 адам ауруханаға жатқызылды. Оның ішінде 15 наука стационарлық емдеуде қалады. Емделушілердің жағдайы қанағаттанарлық, коронавирустық инфекция ауруы расталмаған. Ресми және үкіметтік делегация өкілдерінің, сондай-ақ қызметтік және дипломаттық паспорттар иелерінің, авиакомпания ұшқыштарының және қолайсыз аумақтардан келетін экипаж мүшелерінің денсаулығына да 24 күн қашықтан мониторинг жүргізіледі. Медициналық ұйымдар

6 қаңтардан бастап Қытайдан келген азаматтардың денсаулығына тұрғылықты жері бойынша мониторинг жүргізуде. Бүгінге дейін 24 мыңнан астам адам қатаң бақылауда болды, қазір 23 647 адам мониторингтен шығарылды, ал соңғы 14 күнде келген 789 адам, ауруханаға жатқызылған. Яғни медициналық бақылауда. Олар 14 күндік стационарлық карантинде болғаннан кейін шығарылады. Денсаулық сақтау министрлігі қауіпті, күмәнді аймақтардан келген қазақстандықтарға өзге адамдармен байланысты үзіп, үй жағдайында карантинді жалғастыруды ұсынады», деді ол.

Сонымен қатар Е.Біртанов Зайсандағы жағдайға қатысты пікір білдірді.

«Елімізге келіп жатқан транзиттік тауарлар да бар. Сол көліктер арқылы шекараны кесіп өткен жүргізушілер Шығыс Қазақстандағы Бакты және Майқашағай бекеті арқылы келеді. Одан бөлек темір жол арқылы өтетін пункттер бар. Біз күнделікті мониторинг жасаймыз. Санитарлық дәрігер сол жерде тұрады. Тепловизорлар бізде бар. Резервтен алынған ақша бойынша қосымша тепловизор алуға қазір тырысып жатырмыз», деді ведомство басшысы.



Министрдің айтуына қарағанда, шекарадан өткен барлық жүргізушіге бақылау жүргізу керек.

«Мысалы біздің ақпарат бойынша Қытайда бизнеспен, саудамен айналысатын бірнеше Қазақстан азаматы бар. Олар елге қайтуы қажет. Біз оларға мүмкіндік беруіміз керек. Әрине тәуекелдер бар. Олар қауіпсіздікке байланысты келгеннен кейін бақылауға алынуы тиіс», деді министр.

Е.Біртанов Зайсанда «Қытай азаматтары келіп жатыр» деген жалған ақпарат тарап кеткенін атап өтті.

«Бұл әрине дұрыс емес. Мәселен, өткен тәулік бойынша Майқашағайдан ешкім өткен жоқ. Күнделікті көп болса, Шығыс Қазақстан бойынша 10-15 адам өтеді. Олардың бәрі – біздің азаматтар. Алматы облысы бойынша 20-30 адам өтеді. Әлбетте олар елге келгеннен кейін әрі қарай инфекцияны тарату қаупін болдырмау үшін алдын алуымыз

қажет. Соған байланысты сол жерде арнайы карантиндік станса ашу керек. Сондай бұйрығымыз болған. Оны азаматтар сол ауылдың амбулаториясына жатқызады істеп тұсінген. Шешім бойынша біздің арнайы стационар – Зайсан ауданының орталық ауруханасындағы арнайы бөлек инфекциялық ауруға арналған корпусқа орналасады», – деді ол. Министр сонымен қатар Шығыс Қазақстанда инвестициялық жобалар бойынша жұмыс істеп жатқан Қытай азаматтары барын жасырмады.

«Күпия жоқ. Олардың арасында жақында Қытайдан келген азаматтар да бар. Олар біздің бақылауымызда. Тіркеген ауру адамдар жоқ. Олардың денсаулығы дұрыс болса әрі қарай жұмыс істеуге мүмкіндік беруіміз керек. Себебі олардың келісімшарттар бойынша өз жауапкершіліктері бар», деді Е.Біртанов.

Онлайн-трансляция форматындағы кеңес

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі өңірлерде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мәселелері бойынша онлайн-трансляция форматында кеңес өткізді.

Кеңеске облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің орынбасарлары, Министрліктің және өңірлік жобалық кеңселердің өкілдері қатысты. Жақында 2019 жылы бағдарламаны іске асыру қорытындылары талқыланды.

Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Ғабидолла Оспанқұлов «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі өңірлік жоспарларды бекіту туралы мәселені көтерді. Сонымен қатар кеңес барысында үкіметтік емес ұйымдар, жастар ұйымдары және қоғамдық пікір көшбасшыларының қатысуымен «Азаматтық алаң» талқылау клубын құру мәселесі талқыланды.

Атап өту қажет, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына көшу және халықпен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында кеңес онлайн режимде көрсетілді. Трансляция министрліктің ресми сайтында және әлеуметтік желілерде қолжетімді болды.

Естеріңізге сала кетейік, 2020 жылғы 5 ақпанда Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Қоғамдық сананы жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның отырысы өтті, онда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспары таныстырылды.

«Егемен-ақпарат»

Қашқан сарбаз ұсталды

Кеше Түркістан облысы Бадам елді мекеніндегі 10216 әскери бөлімде әскери борышын өтеп жүрген сарбаз қоймадан қару-жарақ ұрлап, белгісіз жерге қашып кеткені туралы ақпарат тараған еді. Қорғаныс министрлігі ақпаратты растады.

Ғалымжан ЕЛШПБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Әскери бөлімнің кіші сержанты, кезекшінің көмекшісі А.Балғынбайдың қашып кеткені таңертеңгі сағат 7-де белгілі болған. Түс қайта Қорғаныс министрлігі осыған қатысты ресми ақпарат таратты. Онда кіші сержант А.Балғынбайдың кезекшілік ауысымы кезінде өз бетінше әскери бөлімді тастап кеткені, осыдан кейін бөлімде қару-жарақты жетіспейтіндігі белгілі болғаны көрсетілген. Ақпаратта, сондай-ақ күштік құрылымдар мен әскери полицияның қажетті шұғыл-ізвестіру және қауіпсіздік шараларын жүргізіп жатқаны жазылған еді.

Ішкі істер министрлігі мен ҰҚК қызметкерлерінің арнайы жедел тобы қашқан сарбазды көп ұзатпай ұстады. Қазіргі уақытта тиісті тергеу амалдары жүріп жатыр.

Түркістан облысы

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Алаңдауға негіз жоқ

19 ақпанда Зайсан ауданының Сарытерек және Айнабұлақ ауылдарының тұрғындары «Қытайдан келгендерді коронавирусқа байланысты осы елді мекендердегі медициналық пункттерге орналастырады» деген анық-қанығы белгісіз хабарды бір-бірінен естіп, өз наразылықтарын білдірген болатын.

Азамат ҚАСЫМ,
«Egemen Qazaqstan»

Әлеуметтік желілерде Зайсан ауданының бас дәрігері мен оның орынбасары Сарытерек ауылының тұрғындарына әлдебір бұйрықты көрсетіп, осы бұйрық негізінде ауылдағы амбулаторияға Майқашағай шекара бекетінен өткен азаматтарды 14 күнге жатқызып, бақылау жасайтыны, тіпті ауылдағы амбулаторияға төсектерді кіргізіп қойғаны жайында айтылып, видео арқылы көрсетілген-ді. Ауыл тұрғындары «Мұны аудан басшылығы бізге неге алдын ала ескертпейді? Неге түсіндіріп айтпайды?

Біз бұған қарсымыз» деп өз наразылықтарын жеткізген-ді. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, 20 ақпанда түнгі 11-лер шамасында Зайсан ауданы әкімі бастаған, аудандық прокурор, ішкі істер бөлімінің басшылары, аудандық аурухананың бас дәрігері ауыл тұрғындарымен кездесуге барған. Бұл туралы Зайсан аудандық Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрлыбек Қалибаев: «Халықпен кездестік. Түсіндірдік. Халық «Төсектерді алып кетіңдер» деп талап қойды. Көліктерді апарып, төсектерді алып кетті. Сарытеректе халық тарады. Ал Айнабұлақта халық қайта

жиналғаннан кейін бардық. Төсектердің бәрін тиіп алып кетті. Қазір халық тарап жатыр. Халық «Ертең таңертең түсіндіру жұмыстарын жүргізіңіздер» деп талап етіп отыр» деген-ді.

Алайда аудан тұрғындары арасында түсінбестік жағдайлары туындағаннан кейін кеше таңертең жағдайдың мән-жайын білу үшін Зайсанға Өскеменнен облыс әкімі Даниал Ахметов арнайы барып, алаңдаған жұртпен кездесті. «Қазіргі уақытта Қытай шекарасынан бірде-бір кісі өткен жоқ. Бірден айтамын, шекарадан басқа елдің азаматтары өтпейді. Екіншіден, біз шекарадан тек қазақстандықтарды ғана өткізуіміз керек. Өйткені, олар біздің елдің азаматтары. Олар 14 күн бақылауда болуы керек», деді облыс әкімі.

Осы жерде облыс әкіміне аудан тұрғындары тарапынан: «Кеше аудан әкімін сағат 3-тен бастап

күттік. Түнгі сағат 11.30-да келді. Жергілікті билік халықпен санаспайды», «Қытайдан келетіндерді неге аудандық ауруханаға емес, ауыл ауруханасына орналастырмақ?», «Біз шекараның жабылуын талап етеміз» деген пікірлер айтылды.

Түстен кейін облыс әкімі Зайсан қаласындағы колледжде барып, жиналған жұртшылықпен тағы да кездесіп, мән-жайды түсіндірді. Көрші елден келетін бес Қазақстан азаматының 14 күн медициналық бақылауда болатынын, жолаушылар ешкіммен байланысқа түспей, толықтай оқшауланатынын тілге тиек етті. Ал шекарадан өткен адамда қандай да бір ауру белгілері байқалса, бірден арнайы жабдықталған көлікпен облыс орталығына жеткізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы,
Зайсан ауданы

САБАҚТАСТЫҚ САЛТЫ

Қиырдағы қайырымды қазақ

XIX ғасырдың басында патша өкіметінің тапсырмасымен қазақ даласының құнарлылығын және халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін зерттеу мақсатында ұйымдастырылған экспедицияны басқарған Федор Андреевич Шербин өзінің «Киргизская народность в местах крестьянских поселений» атты жазбасында қазақтардың 12 түрлі жақсы сипатын атап көрсетті. Соның ішінде «мұндай бауырмал халық әлемде некен-саяқ кездеседі» деген анықтама бар.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Расында халқымыздың бауырмалдық, адамгершілік, имани қасиеті болмаса жүздеген этнос өкілдерін бауырына басып, басынан сипап, тәңір бұйыртқан несібесін бөліп берер ме еді. Абай атамыз 14-ші қара сөзінде, рақымшылдық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі, дейді. Яғни дананың жоғарыдағы сөзі «Адамдарды жақсы көрмейінше, өзіңе тілеген жақсылықты басқаларға да тілемейінше шын мұсылман бола алмайсың» деген ислам өсиетімен ұштасып жатыр.

Осы орайда, қазақтың бауырмалдығы жайлы мына бір оқиғаны әңгімеге тұздық ретінде толғай отырайың. «Egemen Qazaqstan» газетінде техникалық редактор және компьютерлік дизайн ісіне жауапты Зауреш Нұғманова деген қарындасымыз бар. Туған жері – Ресейдің Волгоград облысы.

– Үшінші сыныпта оқып жүрген кезім еді, – дейді Зауреш Есмағұлқызы. – Әкемнен бірге қала шетінде орналасқан аса ірі әскери қосынға келдік. Мұндағы өңірлік әскери құрылымның командирі генерал-лейтенант ағай әкейдің жан досы еді. Екеуі үнемі аңға бірге шығатын әрі бала кезден бірге өскен ескінің адамдары-тын.

Келген шаруамыз түгескен соң сыртқа беттеп бара жатып, қосынның шеру алаңында шүпірлеп тұрған солдаттарды көрдік. Барлығы Қызыл Армия сапында борышын өтеуге келген жас сарбаздар екен. Әкей оларға таңырқай қарап: «Тауықтың үрпек балапандары сияқты сапсары әрі бір-бірінен аумаитын өте бір қызық дүние екен» деп тың көрініске бажайлай қарап бара жатып, кенет «ананы кара» деді танданып. Жалт қарасам, сап-сары балапандардың арасында қарғаның баласындай қап-қара біреу тұр. Әкей: «Ой-бу, мына жалғыз қазақ баласы жат жерде қалай күн көреді, обал-ай» деп, күңіреніп кетті.



Жақындап барып кара баладан «қайдан келдің?» деп сұрады. Анау «Қазақстаннанмын» деді. «Қызым ұрыста тұрыс жоқ, мен ана генерал досыма сөйлесейін, мына баланы үйге алып кетейік», деді әкем.

Сөйтіп кара баланы генералмен келісіп үйге алып келдік. Екі жыл тапжылмай біздің үйде тұратын болды. Одан кейін әскери борышын өтеген есебінде еліне қайтады. Қара баланың ұлты дүнген, аты – Гера екен. Қапшағайда туып-өсіпті. Қазақша әжептәуір біледі, орысшасы да жаман емес. Мәселе кара баланың ұлтында емес, қазақ жерінде туып, қазақтың ауасын жұтып, түрі жат жерде қалай күн көреді, обал-ай» деп, күңіреніп кетті.

бауырмалдығы оянып, оны тұмсықтыға шоқыттырмай бауырына басқандығын айтпайсыз ба?! Міне, бұл қазақтың бауырмалдығының нақты дәлелі емес пе?!

«Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесек істің бәрі бос» деп ардақты Абай атамыз айтқандай немесе атақты жырау Бұқар бабамыздың «Айнала алмай ат өлсін, айыра алмай жат өлсін, жат бойынан түңілсін, бәріңіз де бір енеден туғандай болыңыз» дегені сияқты қиырдағы бауырмал қазақ Есмағұл ағамыздың қайырымды ісі мұнымен бітпейді екен. Жарықтық жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілген өткен ғасырдың 90-жылдары ата-анадан бірдей айырылып жоқшылықтан ел кезіп, етегіне сүрініп жүрген

Нұрлыбай атты жетім жігітті тауып алып: «ей, бауырым, жат жарылқамайды, ағайын алааламайды деген атам қазақ. Сенің тоңып жүргенің, менің тойып жүргенім жарамас, сен маған інім бол, мен ағалыққа жарайын, жүр үйге» деп алып келіп аузын аққа тигізген, асырап сақтаған.

Зауреш қарындасым айтады: «Қалада еңселі үйіміз болды. Әкеміз көзіне қазақ көрінсе, жетелеп шаңыраққа алып келетін. Мен ес білгелі қонақсыз өткен күніміз жоқ. Менен кейінгі інім Салауаттың Арман деген досы бар еді. Тұрмыс-тіршілігі тақыл-туқыл. Әкем оны да бала қылып алып, басына отау тігіп, қазанына ас салып, тірлігін тіктеп берді».

Кейде біз осындай бауырмалдық үлгісін ғараб пен фараб жұртынан іздеп, үзіп-жұлып жеткен аңыз-әфсанаға ентелей ұйып, етпеттей құлап отырамыз. Мұндай бауырмалдықты екі қазақтың бірі жасайды. Бүгінгі таңда Ұлы даламыздан несібесін айырып, есен-сау отырған жүздеген этнос қазақ бауырмал болмаса бастарына қақ қонар ма еді. Осындайда Асылы Осман апамыз үнемі айтатын «Қазақстандағы басқа жұрттар қазаққа қарыздармыз» дейтін мәнді тәмсілінде атан түйенің жүгі жатқан жоқ па?!

Сонымен әңгіменің басына қайта оралайық. Қиырдағы бауырмал қазақтың үйінде қона

жатып, екі жылдық әскери мерзімін аяқтаған Гера аман-есен еліне қайтады. «Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес» дегендей, шаңырағынан пана тапқан қазақ әулетіне хат жазып, үнемі хабарласып тұрыпты.

Арада тағы үш жыл өткенде, яғни 1992 жылы Нұғмановтар әулетінде Герадан хат келіпті. «Құрметті ата-ана, мен шаңырақ көтеріп, отау құрмақпын. Үйлену тойымның құрметті қонағы болып, құдальтықты басқарыңыздар!». Туған ұлындай болып кеткен баланың қуанышына ортақтау үшін Есмағұл ағамыз жары Сәуле апаймен бірге алып-ұшып жетеді. Гераның жары ұйғыр қызы екен. Екі жақ үйлену тойын қазақ дәстүрімен өткізіп, алыстан келген қос қонаққа қақ төрден орын беріп, әрі алыстан келген құрметті құдалар деп танып, ат-шапан сыйлаған екен.

Есмағұл ағамыз 2010 жылы дүниеден өтті. Сәуле апамыз қазір бала-шағасымен бірге жаңа қоныс Астрахань облысы Знаменск қаласында тұрып жатыр. Кеше астанадағы қызы Заурешке хабарласып, «Қордай оқиғасына алаңдап отырмын, біздің Гера қайда жүр екен хабарын білші. Құдай қазақты бүліншіліктен сақтасын. Берекесі бұзылмасын» деп сәлем айтыпты.

СУРЕТТЕ: Қиырдағы бауырмал қазақ – Есмағұл НУҒМАНОВ



І ӘКІМ ЕСЕП БЕРДІ, ЕЛ НЕ ДЕДІ?

Барлық мәселе ашық айтылды

Батыс Қазақстан облысында 2019 жылы негізгі 7 әлеуметтік-экономикалық бағытта өсу байқалған.

Қазбек ҚҰТТЫМУРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Облыс экономикасының тамырына қан жүргізіп тұрған – өңірдегі мұнай-газ кеніштері. Бірақ соңғы жылдары экономиканы әртараптандыру, соның ішінде агробизнес саласына басымдық беру мәселесі оң шешілуде. Мәселен, өңірде соңғы жылдары пайдаланылмай жатқан 1 млн 140 мың гектар жер мемлекетке қайтарылды. Қайтарылған жер телімдерін кәсіпкерлерге беру үшін аукциондар электронды түрде жүріп жатыр. Яғни сыбайлас жемқорлықтың жолы барынша кесілген.

– Өткен жылы облыста 45 электронды аукцион өткізіліп, 71 га жер жалға берілді. Быыл өңірде геоақпараттық порталды іске қосу жоспарлануда. Бұл портал жер телімдеріне мониторинг жасап, мақсатты түрде пайдалану үшін тиімді болмақ, – дейді облыс әкімі Ғали Есқалиев есепті кездесуінде.

Бүгінде облыс тұрғындарының 48%-ы ауылда тұрады. Сондықтан да өңірде ауылдарды дамытуға барынша көңіл бөлінген.

Селекциялық-асылдандыру жұмыстары мен мемлекеттік қолдау және мал шаруашылығы саласындағы асыл тұқымды қайта құру нәтижесінде соңғы жылдары ірі қара малдың орташа тірілей салмағы 325-тен 345 килоға дейін өскені байқалған. Ал облыстың тауар өндірушілері сиыр және қой еті экспорты бойынша жоспарды 1,5 есе артық орындап, республикада алдыңғы қатарға шықты. Бүгінде Ақжайық малының еті Ресей, Иран, Әзербайжан және басқа бірқатар мемлекетке сатылуда.

Осы орайда тұрғындардың бас ауруына айналған жол мәселесі де айтылды.

– 2018 жылы Елбасы Н.Назарбаев Қазталов, Жәнібек және Бөкейордасы аудандарына жол салуды тапсырған болатын. Жаңа жолдардың жалпы ұзындығы 245 шақырымды құрайды. 2019 жылы 18 шақырым жөнделді, биыл 100 шақырымнан астам жолды жөндеуді жоспарлап отырмыз, – дейді Ғ.Есқалиев.

Әкім өңірдің үлкен мәселесі – жергілікті жолдар екенін айтты. Жол сапасы бойынша өңір ең соңғы орында. Облыстық және аудандық маңызы бар 5 мың шақырым жолдың тек 31%-ы ғана қанағаттанарлық деңгейде.

Былыр 11 млрд теңгеге 145 шақырым облыстық және аудандық маңызы бар жол жөнделген. Жалпы өңір бойынша былыр 27 млрд теңгеге 360 шақырым жол жасалынған еді. Енді биыл тағы да 400 шақырым автожол жөнделетінін естіп, ел қуанып қалды. Әсіресе халық тарапынан жиі көтерілген облыстық маңызы бар «Барбастау – Ақжайық – Индер» жол бөлігінің 50 шақырымын жөндеу басталады. Бұған қоса жол апаты жиі болатын «Орал – Атырау» республикалық тас жолын кеңейтуге жобалық-сметалық құжаттама жасалып жатқанын әкім құлаққағыс етті.

– Орал мен Атырау қалаларының арасына темір жол қатынасын салса, әрі қауіпсіз, әрі арзан болмас па екен? Халық арасынан қойылған бұл сауалға Ғ.Есқалиев ұсыныстың



экономикалық жағын зерттеп барып жауап беруге уәде етті.

Облыс тұрғындарын табиғи отынмен қамту бойынша елімізде алдыңғы қатарда тұр. Былыр Теректі және Қазталов аудандарының 16 ауылын газдандыруға бюджеттен 1,1 млрд теңге бөлінді. Бұл 6 мың адам ки жағып, құл шығару бейнетінен құтылады деген сөз.

– 2019 жылы 32 мың халқы бар 23 ауыл сапалы ауыз сумен қамтылды. Нәтижесінде халықтың орталықтандырылған сумен қамту үлесі 81%-дан 86,8%-ға дейін көтерілді. Ал 2020 жылы 26 мыңнан астам халқы бар 24 ауыл таза ауыз сумен қамтылатын болады. Осы мақсатта 6 млрд теңге бөлінді, – деді облыс әкімі.

– Ел ішінде Қазақстанға келіп жатқан Қытай компаниялары, қытай жұмысшылары туралы қауесет көп. Біздің өңірде жұмыс істеп жатқан Қытай кәсіпорындары бар ма? – деп сұрады Бекнұр Сражанов есімді тұрғын.

– Бәйтерек ауданы аумағында ақпараттық сервер құрылысы жүріп жатқаны рас. Мұнда Қытай компаниясы инвестор ретінде қосылған. Бірақ құрылыста қытайлар жоқ. Бұл – өте қажет, заманауи нысан, болашақта бұл жерде жергілікті мамандар қызмет етеді. Инвесторлардың басқа өңірді емес, бізді таңдағанына қуаныштымыз. Қытай компаниясы қолға алған екінші нысан – Ақжайық ауданы аумағындағы Сәти калий тұзы кеніші. Бұл жерде әлі мәселе нақты шешілген жоқ, әзірге кен орнында бірер вагон ғана тұр, жұмыс басталған жоқ. Зерттеу, барлау жүргізіліп жатса керек. Болашақта кен өндіру басталса, 1 мыңдай жұмыс орны ашылады. Соның 95-98%-ы қазақстандық жұмысшылар болады. Біз бұл жерде жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуына барынша көңіл бөлетін боламыз, – деді Ғ.Есқалиев.

Өрине өңірде бәрі жақсы деуге болмайды. Мәселен тұрғындар газ бағасының тұтынушылар үшін қымбат екеніне наразы. Сондай-ақ апаттық жағдайда тұрған, үш ауысымда оқитын мектептер көбейіп барады. Денсаулық сақтау саласында да кадр жетіспеушілігі салдарынан тұрғындар дертіне дауа іздеп, көрші мемлекеттерге сандалып кетеді. Осының бәрі есептік кездесуде ашық айтылды.

Батыс Қазақстан облысы

Тұрғындардың талап-тілегі талданады

Павлодар облысының әкімі Әбілқайыр Сқаков алғашқы есепті кездесуін баяндамасыз өткізді. Өңірге жаңадан тағайындалған әкімнің мұндай бастамасы өрине құптарлық. Есептік кездесудің бұрыннан қалыптасқан қасап форматы өзгергенін тұрғындар да жақсы қабылдады.

Фарида БЫКАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы облыс әкімі халықпен кездесуден бір күн бұрын Қоғамдық кеңес өкілдері алдындағы баяндамасында айтып берген-ді.

Облыс басшысы әуелі әлеуметтік желілердің қоғамдық мәселелерді анықтаудағы маңызын атап өтті. Қызметіне кіріскен күннен бастап облыс әкімінің ғаламтордағы барлық желіде жеке парақшасы бар. Осы күнге дейін парақшасына 5 мыңнан астам хат-хабарлама, өтініш түскен.

– Тұрғындар жазған мәселелерге көз салғанда, бірінші кезекте баспана мәселесі өткір тұрғанын көреміз. Өңірде 27 мың адам тұрғын үй кезегінде тұр. Олардың қатарында 10 мың мемлекеттік қызметші мен бюджеттік сала өкілдері, 7500 отбасы бар. Облыс әкімдігі тұрғын үй кезегін тек жаңа құрылыс стратегиясын жасау арқылы қысқарта алады. Яғни баспанаға мұқтаж тұрғындарға, құрылыс қай жерде тұрғызылатынына, инфрақұрылым желілерін жүргізу мәселелеріне баса назар аударулы тиіс, – деді Ә.Сқаков.

Өткен жылы өңірде жалпы аумағы 332,5 мың шаршы метрді құрайтын тұрғын үй пайдалануға берілді. Нәтижесінде облыста 10 тұрғын үй салынып, 706 адам пәтерге не болды.

– 2020 жылы бюджеттен «Нұрлы жер», «Nurly Ertis», «Өңірлерді дамыту», «БЖК-2020» және басқа да бағдарламалар бойынша 140 нысанның құрылысы мен қайта құруға 54,5 млрд теңге бағытталады, – деді өңір басшысы. – Тұрғын үймен қамту үлесі бір тұрғынға 22,9 шаршы метрді құрайды. Осы жылы көп пәтерлі 38 тұрғын үй салынады.

Сондай-ақ дәрігерлер мен мұғалімдердің баспаналы болуы үшін биыл мемлекет тарапынан берілетін тұрғын үй сертификаты 3 есеге көбейеді.

«Бақытты отбасы» бағдарламасы арқылы тиімді талаптар негізінде өткен жылы 253 отбасы пәтер алған, биыл 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Екінші мәселе, жыл сайын қайталанатын коммуналдық шаруашылық түйткілдері. Оның көптігі сондай Ә.Сқаковтың әлеуметтік желідегі парақшаларына сағатына 120 өтініш түседі екен. Олардың бәрі – коммуналдық шаруашылық саласына, пәтерлерге



жылудың жетпейтініне қатысты.

Биыл атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау жүйесі өзгергені белгілі. Жаңа ережелерге сәйкес, шын мәнінде мұқтаж отбасыларға қаржылай көмек, балаларға арналған әлеуметтік пакет және көп балалы отбасыларға жәрдемақы беріледі. Аудан мен қала әкімдері әлеуметтік көмектің не себепті өзгергенін және жаңа форматқа сай талаптарды тұрғындарға жан-жақты түсіндіруі тиіс. Әкімдер әлеуметтік желілер арқылы тұрғындармен байланыста болса, облыстық әкімдікке жазылатын арыз-шағымдардың дені жергілікті жерде шешімін табар еді. Яғни бұл аудан, қала әкімдері мен тұрғындар арасындағы әлі де өзара байланыстың жоғын көрсетеді.

– Адамдар әлеуметтік желіге бүкіл арыз-шағымдарын, өтініштерін әр ауылдан жазды. Instagram өзге елдерде демалыс, басқа да жерлерге барған жаңалықтарымен бөлісетін алаң болса, бізде Instagram коммуналдық шаруашылық мамандарына арыз жазатын жәшікке айналғандай. Тіпті, интернет қолданушылар нақты жұмыс жүргізе алмай отырған кейбір аудан, қала әкімдерін орындарынан алуды сұрайды, – дейді облыс әкімі. Осы орайда облыстық әкімдікте «Ахуалдық-сараптамалық орталық» ашу қажет. Орталықта тұрғындардың коммуналдық салаға қатысты мәселелерін қарайтын мамандар қызмет көрсетіп, бірінғай телефон нөмірі іске қосылады.

Облыста экологиялық мәселелер жеткілікті. Осы орайда стихиялық коқыс орындары туралы айта кеткен өрне. Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыс аумағында 717 мың тонна зиянды қалдық шығарылған. Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы облыстық филиалының төрағасы Ажар Сағындықова әкімдік

қызметкерлерінің қоғам пікіріне құлақ аспай, қоршаған ортаға зиянын тигізетін құрылыс жұмыстарын бастайтынына наразы. Бұл мәселені «Берегиня-био» қоғамдық қорының өкілі Татьяна Пономарева да қолдады. Әкім алдағы уақытта жаңа құрылыстар салу мәселесінде қоғам белсенділерінің пікірі де назарға алынатынын айтты.

Ал «ЭКОМ» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Светлана Могилюктың айтуынша, шетелдік инвесторлар өңірге сода зауытын салғылары келетінін хабарлапты. Жобаның қоршаған ортаға зияны көп. Ә.Сқаков бұл ретте инвесторларды «Таза жобаларға» тартуға шақыратынын жеткізді.

Павлодар өңірі қатерлі ісікке шалдыққандар саны бойынша елімізде алдыңғы қатарда. Облыс орталығында салынған онкологиялық диспансер әлі іске қосылған жоқ. Тұрғындар жергілікті дәрігерлердің онкологиялық ауруларды соңғы сатысында ғана анықтайтынын айтады. Өңір басшысы жаңадан салынған онкологиялық диспансерде заманауи қондырғылар орнатылғанын, онкологиялық ауруларды емдеуге жағдай жасалатынын, скринингтік тексерулерді жиі жүргізу керекін атап өтті.

Жас ана Әсия Сабыр аутизмге шалдыққан баласын емдету үшін Нұр-Сұлтан қаласындағы «Асыл-Мирас» орталығы филиалының ашылуына қолдау жасауын өтініс, қала тұрғыны Алла Акимова маусым сайын көз аштырмайтын шыбын-шіркейден құтылу жолын сұрады.

Есепті кездесуде көңілге қонғаны, биыл 18 ауылға республикалық бюджеттен 3 млрд 400 млн теңге қаржы бөлінбек. Баянауыл ауданының Торайғыр ауылына орталықтандырылған су құбыры жүйесінің құрылысын жүргізуге 300 млн теңге қаражат бөлініп, жұмыс басталмақ.

Облыстық көлік қызметкерлері одағының басшысы Василий Рудаков қала сыртындағы 6 ауылға қатынайтын автобустардың шығыны ақталмайтынын, оны субсидиялау туралы сұрады.

– Көпшіліктің көкейінде жүрген мәселелерді бір кездесу барысында талқылап, шешу мүмкін емес. Барлық сұрақты қарастырып, талдап, іске кірісеміз. Осы өңірде туып-өстім. Өңір тұрғындарының әлауқатын жақсартып, экономикалық-әлеуметтік салаларды дамыту, осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерді сақтап, өлшемсізмізді одан әрі өркендету – менің міндетім. Күш-жігерімді осыған жұмсайтын боламын, – деді облыс басшысы.

Павлодар облысы

Күніне бір жақсылық жаса!



Волонтер жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен айдарланған жылдың несібесі де, жаңалығы да мол болатын сынайылы. Волонтерлердің «Біргеміз!» республикалық фронт-кеңесін ашқан Мемлекет басшысы: «Отанды сүй дегеніміз айғайшыл ұрандар мен құрғақ сөздер емес, бұл құндылықты еңбек ету, соның ішінде жан қалауы бойынша қайырымды істермен халықтың игілігіне еңбек ету» деп анық айтты.

Бұл оқушы және білімгер жастарды (студент, магистрант, докторант) ғана емес, жасамыстарды да, тіпті тұтас қоғамды ортақ іске – өнеге, тәрбие, имандылық, тәжірибе шындалатын шараларға жұмылдырады. Дәл осылай атамалса да оның мазмұнына сәйкесетін іс-әрекет, қызмет елімізде ерте заманнан бері бар. Шынында, әлемнің барша жұртында кездесетін игі дәстүрдің үзілмей, қай заманның болсын талабына сай жандануы, толығы – ғаламдық жасампаздық пен рухани жаңғырудың бір көрінісі. Осы тұрғыда таяуда ғана Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жария еткен жобалардың мәні, ауқымы, форматы өзге оқу орындарына үлгі болып, талапшыл жастарды, қалың жұртшылықты серпілтеді деген ойдамыз. «Жақсы іс», «Қайырымды орта», «Мәдени сұхбат», «Өрісті өнер», «Таза

елорда», «Медиа алаң» сияқты атауының өзі алқалы ортаның басын қосатын жобалар екені, жеке адамдардың мұқтажынан бастап, қоғамның, әлеуметтің қажеттеріне дейін қамтитыны байқалады. Соның ішінде азаматтарға түрлі қызметті интернет көмегімен алуды үйрету, өз құқығына қатысты заң нормаларын білу мен пайдалануды көрсету, барлық жаннанды соңғы тұрағы – зиратқа дейін реттеу, басқа да қастерлі орындарда дәстүрлі мәдениет үдерісін қалыптастыру, т.б. игі шаралар бар екені қуантады.

Өрине, волонтерліктің мың сан түрі бар. Одан да басқа формалары болуы мүмкін, шектелуге де тиіс емес. Қала мен даламыздың өз ерекшеліктерін ескере отырып, жан қалауымен көп ізгі іс атқаруға мүмкіндік мол. Ілгеріден Отанымызда жиі айтылатын және әр жүректің төрінен орын алған

«Күніне бір жақсылық жаса!» деген ақжарылқп тілек қоғам жауапкершілігін сезінген адамның әрік-жігерінен, кемелдікке ұмтылған елдің сұранысынан туса керек-ті. «Жақсылық жасасаң қайтады, қайтпаса – айтады», яғни бұл әрекет есепке құрылмайды және ессен де сұрамау керек. Қарымтасын күту деген қарыз берумен тең болмақ. Өйткені бірауқарамы мен шегі жүрек пен намыс ершатына ғана жазылған қайырымдылық, мейірімділік, адамшылық, гуманистік, азаматтық қағидаттардан бастау алатын қадамдар адамдар арасындағы қатынастарды жаңа сапаға, жаңа белеске көтеретіні сөзсіз.

Тағы бір маңызды жайтты айту артық етпес. Осынау жаңа бастамада, Мемлекет басшысы ескерткендей, «науқаншылдықтан арылудың» өнегесін көрсетуге толық жағдай да, мүмкіндік те бар. Яғни елімізде шынайы волонтерлік бағдарламалардың, еріктілер қозғалысының өркендеуіне негіз қалайтын кезді босқа өткізбесек, биыл мерейтойын атап өткізіп отырған Абайдың өсиетіне де адалдығымызды танытар едік. Лайым, солай болсын!

Дархан МЫНБАЙ,
Мәжіліс депутаты

Құрылысты аяқтауға кепілдік бар

Орталық коммуникация қызметінің баспасөз мәслихатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Әнуар Омаркожаев «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша холдингінің 2019 жылғы қызметінің қорытындылары туралы ақпарат берді.

Рауан ҚАЙДАР,
«Egemen Qazaqstan»

«Әкімдіктердің облигацияларын сатып алу тетігі арқылы кредиттік тұрғын үй салу бағыты бойынша 108,8 млрд теңгеге бағалы қағаздар сатып алынды. Осы қаражат есебінен әкімдіктер Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің (холдингінің еншілес ұйымы) салымшыларына және «7-20-25» бағдарламасының қатысушыларына белгіленген бағамен 10,6 мың кредиттік пәтерді тапсырды. Биыл әкімдіктерді 101,2 млрд теңгеге қаржыландыру жоспарланған, бұл шамамен 10,4 мың пәтер. Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің бағыты бойынша 2019 жылы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі тұрғындарға 527 млрд теңгеге 50,3 мың жеңілдетілген қарыз берді, соның 67 млрд теңгесіне 8,6 мың қарыз «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде берілді. Бұл қарыздар мемлекеттік бағдарламаға қатысушыларға

жылдық 5%-бен, 20% бастапқы жарнамен берілген. Бүгінгі таңда Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі жүйесінде 1,6 млн шарт бар, жинақ сомасы 806 млрд теңгені құрады. Банк теңгемен ұзақмерзімді салымдар бойынша бірінші орында. Сонымен қатар, өткен жылдың шілдесінен бастап аз қамтылған отбасылар үшін 20 жылға дейін жылдық 2%-бен жеңілдетілген ипотекалық кредит беру «Бақытты отбасы» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылуда. Республикалық бюджеттен 50 млрд теңге бөлінді. Тұрғын үй құрылыс отбасына банкке 51,7 млрд теңге жалпы сомасына 5,2 мың өтім келіп түсті, соның 50 млрд теңгесіне 5 мың өтім жүйесінің бағыты бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жыл сайынғы беру жоспары 10 мың қарызды құрайды. Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры (холдингінің еншілес ұйымы) 71,4 млрд теңгеге жоспарлап, 88,8 млрд теңге жалпы сомасына жобаларды мақұлдады.

Бұл коммерциялық нарықта 6 мың пәтер сатып алу үшін халықтың салымдарын қорғауға мүмкіндік берді. Биыл 90 млрд теңгеден астам сомаға құрылысты аяқтауға кепілдік беру жоспарлануда», деді Ә.Омаркожаев.

Сонымен қатар ол жеке құрылыс салушыларға кредиттерді субсидиялау бағыты бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры субсидиялау үшін жалпы сомасы 49,6 млрд теңге болатын 47 жобаға қол қойғанын атап өтті.

«Құрылыс компаниялары үшін коммерциялық кредиттер құны орта есеппен 50% арзандады. Сонымен бірге салынған тұрғын үйдің жартысы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшыларына, «7-20-25» бағдарламасына қатысушыларға және коммерциялық банктерге белгіленген бағамен сатылады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жұмыс істеп тұрған операторлар саны екіге дейін азаяды – холдингінің тұрғын үй блогы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен алынған қарыздар арқылы жұмыс істейтін азаматтардың сұранысын ынталандырады және Бірыңғай оператор функциялары арқылы тұрғын үй салу бойынша ұсынысты қамтамасыз етеді», деді ол.

| ӨНДІРІС ӨРІСІ

3,3 млрд теңге

жергілікті тауарларды сатып алуға жұмсалды

«ҚазТрансОйл» АҚ отандық тауар өндірушілерге белсенді түрде қолдау көрсетіп отыр. Кәсіпорынның былтыр сатып алуға жергілікті қамту үлесі енішлес және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарды ескергенде 74 пайызды құрады және жиынтығы 105 млрд теңгеден асты.

«ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының орынбасары Шыңғыс Сейсекеновтің айтуынша, 2019 жылы қолданыстағы ұзақмерзімді шарттарға қосымша компания отандық тауар өндірушілермен 500 млн теңгеден астам сомаға тағы 5 ұзақмерзімді шарт жасасқан. «Бұл өндірістік және кадрлық ресурстары бар компаниялардың тауарлары мен қызметтерінің сапасы біздің өндіріс талаптарына сәйкес келеді», деді ол.

Компания тұрақты серіктестерінің қатарындағы «Павлодар құбыр арматурасы зауыты» ЖШС, «Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты» АҚ, «РауанНалко» ЖШС, «ТЕМІРМАШ» Павлодар зауыты» ЖШС, «ҚазАрматура зауыты» ЖШС сияқты зауыттармен

жабдықтарға арналған құрамдас және қосалқы бөлшектерді жеткізуге шарттар жасаған. Былтырғы сатып алу жоспарының аясында арнайы техника мен жабдықтарды және басқа да тауарларды жеткізуге 3,3 млрд теңгеден астам сомаға шарттар жасалды.

Жалпы, «ҚазТрансОйл» АҚ-та отандық тауар өндірушілерді қолдау бойынша өсу динамикасы байқалады. Егер 2017-2018 жылдары енішлес және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарды ескере отырып, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға жергілікті қамту үлесі орташа есеппен 70 пайызды құраса, 2019 жылы бұл көрсеткіш 74 пайызға дейін өсті.

2020 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ импортты

алмастыру бағдарламасы аясында тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жүргізілгеннен кейін отандық тауар өндірушілермен жаңа келісімшарттар жасау күтілуде. Қазақстандық жеткізушілердің айтуынша, ірі компаниялардың қолдауы оларға өндірісті дамытуға көмектеседі.

«Біздің «NGVision» ЖШС компаниямыздың өнімі «ҚазТрансОйл» АҚ-та тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтан өтеді. Қазақстан Республикасының аумағында біз бейнебақылау камераларын құрастырумен айналысатын жалғыз компаниямыз. Қазір біздің өндірісте 50-ге жуық адам еңбек етуде. Кез келген көлемді игере аламыз. Осы уақытқа дейін 400 камера жинадық. Енді жаңа тапсырыстар күтеміз. Өрине ірі компаниялардың қолдауынсыз нарықта қалуымыз екіталай. Сондықтан мемлекетіміздің қолдау көрсеткеніне өте қуаныштымыз», дейді «NGVision» ЖШС бас директоры Таир Омаров.

| ИНДУСТРИЯ ИГІЛІГІ

Жаңа энергия блогы іске қосылады

Екібастұз ГРЭС-2 директорлар кеңесі стансадағы 3-ші энергия блок құрылысының жобасын одан әрі іске асыруды қолдау туралы шешім қабылдады.

Бұл туралы «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы Бақытжан Жоламанов Парламент Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінде сөйлеген сөзінде айтты. Қазақстандағы ірі электр энергетикалық холдинг басшысының айтуынша, 2020 жылы Екібастұз ГРЭС-2

стансасын кеңейту және реконструкциялау жобасының жобалау-сметалық құжаттамасына түзетулер енгізу аяқталады.

Екібастұз ГРЭС-2 нысанында жаңа энергия блогын іске қосу белгіленген қуат көлемін 636 МВт-қа арттыруға мүмкіндік береді. «Самұрық-Энерго» 2021 жылы жобаға жұмсалған

қаржының өтелуін қамтамасыз ету мақсатында Нарық кеңесіне қуат нарығы аясында 2025 жылдан бастап қуатқа жеке тариф белгілеуге рұқсат алу үшін өтінім беруді жоспарлап отыр.

2019 жылғы желтоқсан айында «Самұрық-Қазына» АҚ ресейлік «ИНТЕР РАО ЕЭС» ОАО компаниясынан стансаның 50 пайыздық акциялар үлесін сатып алғаны белгілі. Бүгінде қор «Самұрық-Энерго» АҚ-пен бірлесіп отырып Екібастұз ГРЭС-2 стансасына тепе-теңдік негізде иелік етеді.

| БӘСЕКЕЛІК БӘСІ

Мұнай мен конденсат өндіру деңгейі тұрақты

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ 2019 жылдың өндірістік нәтижелерін жариялады.

Өткен жылы мұнай мен конденсат өндіру деңгейі тұрақты болып, 23 618 мың тоннаны немесе Қазақстан бойынша барлық өндіру көлемінің 26 пайызын құрады. Кәсіпорын алғаш рет PRMS халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген қор нәтижелерін жариялап отыр. ҚМГ-ның дәлелденген және ықтимал көмірсутегі қоры 2019 жылдың 31 желтоқсанында мұнай эквивалентінде 676 млн тоннаға (5 220 млн МЭВ) құрады. Мұнай мен газ тасымалдау сегменті тұрақты жағдайды көрсетуде. Айталық, компанияның құбыр желілері арқылы 78 066 мың тонна мұнай және 103 494 млрд текше метр газ тасымалданды.

ҚМГ Қазақстанның ішкі нарығының ашық түсті мұнай өнімдеріне сұранысын толық өтеді. Артылған көлемі Еуропа мен Орталық Азия нарықтарына экспортқа шығарылды. Компания ашықтықты қолдайтынын растай отырып, алғаш рет парниктік газдардың шығарындылары туралы есепті жариялады. Есеп климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі ҚМГ-ның жетістіктері мен жоспарларын ашып көрсетеді.

«2019 жыл кәсіпорын үшін табысты болғанын хабарлаймын. Біз қауіпсіздік мәселелерін қашанда басты назарда ұстап, мұнайды барлау мен өндіру, тасымалдау және өңдеу бағыттарында қызметімізді жалғастырыдық. Соның нәтижесінде Қазақстанның ұлттық мұнай-газ саласындағы көшбасшы компания екенімізді тағы да дәлелдедік. Негізгі мүдделі тараптардың сенімі компания мәртебесін сақтап тұруда маңызды екенін айрықша атап өтеміз. Бұл ретте мүдделі тараптар үшін кірісті барынша

көбейту жөніндегі стратегиямызды жүзеге асыруда едәуір нәтижеге қол жеткіздік. ҚМГ үшін бизнесті жауапкершілікпен жүргізу және адамдар мен қоршаған ортаға қамқорлық жасау әрдайым басымдыққа ие екенін мәлімдейміз», деді «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

Былтырғы жылдың өндірістік нәтижелеріне тоқталар болсақ, көмірсутек шикізатын өндіру бойынша ҚМГ-ның мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі тәулігіне 485 мың баррельді құрап, өткен жылмен салыстырғанда өзгеріссіз қалды. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі 3,9 пайызға өсіп, 8 455 млн текше метрді құрады. Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ сияқты ірі жобалардың мұнай және ілеспе табиғи газды өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі тиісінше 8 142 мың тоннаға (тәулігіне 178 мың баррель) және 5 819 млн текше метрді құрады.

Теңіз мұнай өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі 4,1 пайызға, 5 958 мың тоннаға дейін (тәулігіне 130 мың баррель) ұлғайды, ал газ өндіру 4,2 пайызға 3 258 млн текше метрге дейін өсті. Күрделі жөндеу жүргізу үшін өндіру процесінің тоқтатылғанына қарамастан, көлемнің ұлғаюы жұмыстың тұрақтылығына және КТЖ/ШГА/ЕБЗ зауыттары (кешенді технологиялық желі/ шикі газды айдау/ екінші буын зауыты) беріктігінің артуына байланысты болды. Өткен жылы 1 тамыз бен 9 қыркүйек аралығында Теңізде КТЖ1 зауытында 40 күнге созылған жоспарлы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Қашаған кен орнында мұнай өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі 6,9 пайызға, 1 169 мың тоннаға

дейін (тәулігіне 25 мың баррель) артты. Табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 10,4 пайызға өсіп, 700 млн текше метрді құрады. Мұнай және газ өндіру көлемі 2019 жылдың 14 сәуірі мен 19 мамыры аралығында жерүсті және теңіз кешендерінде күрделі жөндеу жүргізу және пайдалану коэффициентін 98,4 пайызға дейін арттыру аясында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде артты. 2019 жылы Қашағанда өндіру ең жоғары көрсеткішке жетіп, тәулігіне 400 мыңға жуық баррельді құрады. Ал 2019 жылдың IV тоқсанындағы орташа тәуліктік өндіру деңгейі тәулігіне 344 мың баррельді құрады. Қашаған кен орнында алғаш рет барлық өндірістік нысандар толық тоқтатылып, күрделі жөндеу жұмыстары сәтті аяқталды.

Операциялық активтердің мұнай мен газ өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі шамалы азайып, тиісінше, 15 476 мың тонна (тәулігіне 307 мың баррель) және 2 636 млн текше метрге дейін төмендеді. Операциялық активтердегі өндіру көлемінің төмендеуі негізінен Қазгермұнай және ПетроҚазақстан кен орындарында өндірістік жоспарға сай өндіру деңгейінің сәйкесінше 17,7 және 15,5 пайызға табиғи қолмен төмендеуіне байланысты болды.

2019 жылы ҚМГ жеке өзі өндірген мұнай мен газ конденсатын сату көлемі өткен жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ және 23 509 мың тоннаға құрады. Оның 70%-ы экспортқа шығарылды. Ал ішкі нарыққа өзі өндірген мұнайды жеткізу көлемі 7 130 мың тоннаға (кейіннен мұнай өнімдерін өткізу үшін 6 672 мың тонна көлемінде шикі мұнай жеткізуді қоса алғанда) құрады.

Дайындаған
Думан АНАШ,
«Egemen Qazaqstan»

Жапон иені:
кеше және бүгін

Жапонияның ақша бірлігі иен — әлемдегі негізгі резервтік валютаның бірі. Жапон ақшасын бейнелейтін «эн» иереоглифі «дөңгелек» деген мағынаны білдіреді. Бұл елдің тарихында иенге дейін де бірнеше валюта болған. Ерте заманда алтын және күміс ақшаны пайдаланған. Ежелгі дәуірде Күншығыс елі вадо-укайхоу деген ақшаны қолданған. Қазіргі жапон аралдарынан вадоукайхоуға дейін пайдаланылған мумонгинсэн, фухонсэн деген ақша түрлері де табылды.

Байырғы Жапонияда бірнеше ірі алтын кені жұмыс істеген. Ежелгі Күншығыс елінде ақша тек алтын мен күмістен құйылған. Металл ақшаны құюға жергілікті кендерді пайдаланған. XVI ғасырда елді басқарған Тойотомо Хидэюши обан деген ақша шығарды. Бірақ салмағы 165 грамм, көлемі 10-17 сантиметрлік обан сауда-саттыққа емес, марапаттауға ғана жұмсалды. Жапон тарихында ақшаның саяси аренаға шығуы осы обаннан басталады.

Иеннің шығуы туралы

Жапонияда алғашқы қағаз ақшалар 1600 жылдар шамасында шыға бастады. Ямада елді мекеңіндегі Исэ қаласында Ямада хагаки деп аталатын валюта түрі пайда болды. Бұл ақша дегеннен гөрі қағаз түбіртекке ұқсайтын төлем қағазы болатын. Ямада хагакидің айналым жүйесін көпестерден құралған арнайы топ пен ғибадатхана діндарларының ұйымы бақылап отырды. Исэгогу ғибадатханасы тұңғыш қағаз ақшаны шығарған мекеме саналады.

Жапонияда иен бірінші рет валюта болып енгізілгенге дейін Токугава қаржы жүйесі жұмыс істеді. Тұңғыш рет 1869 жылы құйылған иен негізгі ақша бірлігі ретінде бекітілді. Ғасырлар бойы қолданыста болған сән (1/100 иен), рин (1/1000 иен) деген бөлшек ақшалар 1954 жылы айналымнан шықты. Бірақ жапон қаржы әлемінде бұл терминдер қазір де қолданылады.

1871 жылғы қаржы реформасына дейін сауда-саттықта әр өңір өз ақшасын пайдаланды. Бұл кезде жапон аралдарында мыңнан астам ақша түрі айналымда жүрді. 1879 жылы ақша бірліктері толығымен иенге ауыстырылып, 1901 жылы айдаһар бейнеленген күміс иен жасалды. Бастапқыда иен тек алтын мен күмістен құйылды. Ал ішкі нарыққа кейінірек шығарылды. Екінші дүниежүзілік соғыста Жапония жеңілгеннен кейін елдің валютасы құнсыздана бастады. Бірақ экономиканы қалпына келтіру кезінде иеннің құны көтеріліп, халықаралық қаржы операцияларында жоғары орынға ие болды. Бүгінде иен әлемдегі ең тұрақты валютаның бірі.

1872 жылы Мэйдзи үкіметі ұлттық банктер туралы заң қабылдап, жеке меншік ұлттық банктерге айырбасталатын банкноттар шығаруға рұқсат берді. Алайда 1876 жылғы заң бойынша банкноттар айырбасталу күшінен айырылды. Бірінші дүниежүзілік соғыс уақытында банкноттарды алтынға айырбастау тоқтатылды. Бұдан кейін Жапония елдегі экономикалық ахуалға байланысты бірнеше рет алтын ақша стандартын енгізіп, өзгертіп отырды. 1933 жылы алтын стандарты алынып тасталды. 1933-1939 жылдар арасында Жапония стерлинг одағы

құрамында болды. Бұл уақытта 1 иеннің бағасы 14 Британия пенсінө теңеді.

1932 жылы Жапонияда Қаржы министрлігі мен Орталық банк жүргізетін валюталық бақылау енгізілді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде иен Корея, Тайвань, Маньчжоу-го, Тайланд және Жапония үкіметі бақылауында болған Франция отары Үндіқытай түбегі мен Макао жерінде одақтың базалық валютасы ретінде жүрді. 1948 жылы Америка басып алған Окинава аралында иен айналымнан шығып, 1958 жылы біржола долларға ауыстырылды. Жапонның ұлттық валютасы Окинава аймағына араға біраз уақыт салып барып, 1972 жылы қайта оралды. 1973 жылы доллардың девальвациясына байланысты иеннің еркін ауытқымалы валюта бағамы енгізілді. АҚШ долларына қатысты ревальвациялар нәтижесінде иеннің салмағы артты.

Қаржылық жүйесі жетілген елі

Жапонияның құнды қағаздар нарығы іскерлік мәміле көлемін 1980 жылдардың соңынан бастап ұлғайтты. Құнды қағаз компаниясының үш тобы жұмыс істеді: Бірінші топ «Номура», «Дайва», «Никкоу», «Ямаичи» деген компаниялардан тұрды. Бұл компаниялар үлкен төрттік құрап, Нью-Йорк қаржы биржасына мүше болды. «Номура» компаниясы әлемдегі құнды қағаздар фирмасының ең ірісі саналды. 1986 жылдың өзінде оның капиталы 10 миллиард долларды құраған. Сол кездің өзінде «Номура» мен «Дайва» АҚШ-тың қазыналық облигациялар нарығында көш бастаған. Екінші топқа орта бизнестегі он кәсіпорын кірсе, үшінші топқа шағын фирмалар енді.

Жапония сактандыру компаниялары халықаралық қаржы жүйесінде көш бастап, 1980 жылдары бұл елде бір адамның меншігіндегі өмірін сактандыру құны АҚШ-пен салыстырғанда 50 пайызға жоғары болды. Бүгінде Токио қаласы Париж, Мюнхен, Нью-Йорк, Лондон, Цюрих, Бейжіңмен қатар әлемнің ірі сактандыру орталығы саналады. Жапонның «Дайчи лайф иншуранс» компаниясы 346,9 миллиард доллар активімен дүниежүзінің ең ірі сактандыру компанияларының қатарында тұр.

Бүгінде Жапония банкі құны 1000, 2000, 5000, 10000 болатын банкноттар шығарады. Өр банкнотта жапон тарихындағы қайраткер тұлғаларды танытатын иллюстрация бердерленген. 1000 иенде бактериолог Ногучи Хидэю (1876-1928) бейнеленсе, 2000 иеннің бетінде Мурсаки Шикибу (978-1014 жылдар шамасы) жазған әлемдегі тұңғыш роман «Гэндзи моногатари»

иллюстрациясын көруге болады. Ал 5000 иенде жазушы Хигучи Ичидзю (1872-1896), 10000 иенде жазушы, ағартушы Фукудзава Юкичидзю (1835-1901) суреті бар. 1, 10, 50, 100, 500 иендік монеталар да айналымда. Өр жылдары жаңа технологияның көмегімен иеннің жаңартылған банкноттары шығарылады.

Төлем карточкасының отаны

Қазіргі жапон қаржы жүйесі мемлекеттік бюджет, жергілікті басқару органдарының бюджеті, арнайы қорлар мен мемлекеттік кәсіпорындар қаржысын қамтиды. Жапониядағы 47 префектураның әрқайсының дербес бюджеті бар. Бұл елде 12 сактандыру және зейнетақы қоры жұмыс істейді. Бүгінде Жапония 1,678 мың доллар кіріспен әлемдегі бюджеті қомақты, қаржылық жүйесі ең жетілген мемлекет санатында.

Бұл елде тауар бағасы тұрақты. Мейлі қала, мейлі шағын ауыл болсын, кез-келген затты бірдей бағамен сатып алуға болады. Яғни, азық-түліктен бастап, көпшілік тұтынатын тауарлардың барлығы арнайы белгіленген бағамен сатылады. Мысалы, үлкенді-кішілі кітап дүкенінің кез келгенінен кітапты баспадан шыққан құнымен сатып аласыз.

Бұл елде валюта бағамы да тұрақты. Ақшаны әуежайдағы айырбас пункттерінде немесе банкте ғана ауыстыруға болады. Елге 1 миллион иеннен артық ақша алып кірген шетелдіктер кеден мағлұмдамасын толтырады. Қазір 1 жапон иенінің теңгеге шаққандағы құны 3,67 теңге екенін айта кетейік.

Жапонияда дүкендер мен сауда орындарында тек иенмен төлем жасалады. 1963 жылы әлемдегі тұңғыш пластикалық банк карточкасы осы елде шығарылды. Яғни, Жапония төлем карточкасының Отаны саналады. Алайда Токио сияқты ірі қалаларда болмаса, аймақ тұрғындары төлем карточкасынан гөрі қолма-қол ақшамен есептестік жөн көреді. Дамыған капиталистік ел бола тұра көптеген дүкендерде карточка қабылдамайды. Көршілес Оңтүстік Кореяда карточка және электронды төлемдерді пайдалану бүкіл сатып алудың 90 пайызын құраса, Жапонияда керісінше. Халқы электронды есептестік гөрі қолма-қол ақшаны ұнатады. Сондықтан бұл елде электронды карталық төлемдер бүкіл сауда-саттықтың 20 пайызға жуығын ғана құрайды. Бұның себебін ел экономикасының тірегі саналатын кіші және орта бизнесті дамытуға басымдық берілгенімен түсіндіруге болады. Жапонның «Макурوميри» компаниясы 2018 жылы жүргізген сауалдама нәтижесіне назар салсақ, 20-69 жас аралығындағы тұрғындардың 96,2 пайызы карточкасы бола тұра қолма-қол төлемді жөн көретінін айтқан. Жекелеген жапондардың пікіріне сүйенсек, карточканы пайдаланбай, қағаз ақшамен төлем жасау адамның есептегі білу, яғни ақша санау қабілетін арттыратын көрінеді.

Шарафат ЖЫЛҚЫБАЕВА,
жапонтанушы



САРАПТАМА

Қазақтың қалаға көшуі: қапер мен қатер

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда олардың зейнетақысын алып, қалыпты өмір сүріп жатқан ата-аналары Қазақстанда қалып қойды. Ғалымның айтуынша, белгілі бір этнос өкілдерінің тарихи отанына оралуы табиғи құбылыс. Бірақ босаған аймақтарға қазақтар әлі көшіп бара қоймағанына алаңдаушылық білдірген ғалым бұл өлкелерде қазақтарды қоныстандыру мәселесін жеделдету қажеттігін айтады.

Ал қазақтың ауылдан қалаға көшуінен қауіптенудің еш қисыны жоқ. Батыл тұжырымын ортаға салған сарапшы алдағы уақытта бұл үрдістің күшейе түсетініне тоқталды. «Кенес дәуірінде қазақты қалаға жібермеу, тіптен белгілі бір өңірлерге кіргізеудің орын алғаны белгілі. Қазір егемен елінің қай бұрышына көшем десе де әр қазақтың еркі өзінде. Десек те, ауылдарда жастарға қарағанда орта жастағылардың саны көптеу. Ал ауыл-аймақтар жұмыс орындарына мұқтаж. Мұндай жағдайда қалаға көшу үрдісі біршама тоқтайды. Ауылдарда фермерлік шаруашылықтарды дамыту да уақыт күттірмейді. Осы тұста америкалық үлгінің ұтымды екенін негізге алған сарапшы бұл елде жалдамалы жұмысшылар Латын Америкасы, Мексикадан келіп еңбек ететінін, қазақтар қалада табыс тапса, ауылдағы фермерлердің маусымдық гастар-байтерлерді жалдау да қалыпты жағдайға айналатынын айтады. Бүгінде елімізде ортаңқол фермерлерді көбейтіп, индустриалық үдерістерге жол ашудың мүмкіндігі мол. Ал жойылу алдында тұрған ауылдарға көп тұрғынның қажеті шамалы. Кемінде 3-4 фермерлік қожалықты дамытса жеткілікті. Бұл үшін олигархтардың меншігіндегі жерлер шаруаларға берілуі тиіс», дейді ғалым.

Шағын қалалар көлеңкеде қалды

Бүгінде ірі қалалардың дамуы дүние жүзіне тән жағдай екенін негізге алған экономика ғылымдарының докторы, профессор Рахман Алшанов ауылда шағын кәсіпорындар ашып, инфрақұрылымды дамыту қажеттігін айтады. Ғалымның айтуынша, Алматы кезінде 700 мың тұрғынға шақталған қала болса, бүгінде халқының саны 2 млн, таяу болашақта 5 млн-ға жетеді деп жоспарланып отыр. Соның салдарынан экологияға да, табиғатқа да салмақ түсіп отыр. Әлеуметтік мәселелер өз алдына. Бүгінде Қарағанды, Ақмола, Түркістан, Қостанай облыстарынан келіп жатқандар көп. Ал шағын қалалар көлеңкеде қалып қойды. Солтүстік Қазақстаннан Ресейге кетіп жатқандар да баршылық. Ресей жұмыс, жер, білім гранттарымен қызықтыра түседі. Осы орайда ауылға қаражат бөліп, дамыту керектігін айтқан ғалым Шу мен Мойынқұм аралығындағы соғыс жылдары еске түсіретін жолдардың көптігін негізге алды. Су жетіспей, әлі күнге шелекпен тасып жүрген өңірлер бар. Қаражатты дұрыс бағыттамау салдарынан осындай түйткілді мәселелер туындауда. Дегенмен Солтүстік Қазақстаннан өзге өңірлерде қазақтардың үлесі көбейгенін басылыққа алған Р.Алшанов қалаларда қазақ мектептері, қазақтардың үлесі артып келе жатқанын жеткізді. Ендігі кезекте сөзден іске көшіп, бұл бағыттағы саясатты қайта қарау қажет.



Жоспарсыз саясаттан ауылдар күйзеліске ұшырады

Бүгінгі ауылдың да, қаланың да жағдайында, әсіресе жастар арасында жұмыссыздық, баспанасыздық мәселелерінің өткір тұрғанына алаңдаушылығын білдірген саясаттанушы Расул Жұмалы жай-күйдің болмау салдары ашу-ызға, қылмыстың өсуіне соқтыратынын жеткізді. Сарапшының айтуынша, ауыл тұрғындарының қалаларға ағылуы – ғаламдық үдеріс. Соның ішінде байырғы мәдениеті ауыл шаруашылығына, аграрлық өнеркәсіпке тәуелді болып қалған елдерде мұндай үрдістер қызу жүріп жатыр. Оған Аустралия, Бразилия, Жаңа Зеландия елдері мысал бола алады. Ал Қазақстанда жабайы, өзімен өзі, ешбір жоспарсыз, ғылыми тұжырымдамасыз орын алған жағдай белең алып отыр. Нәтижесінде ауылдар күйзеліп, түрлі қиындықтарға тап болуда. Ал қалалар келушілерді шектен тыс қабылдап, еңсере алмай жатқаны тағы бар. Бұл жерде ескере кететін басты мәселе, ауыл тұрғындары барлық облыс орталығына емес, Алматы, Астана, батыс өңірдегі бірді-екілі қалаларға қоныс аударып, жайсыз-күйсіз жүргені. Ал жастардың тұрақты жұмысы болмаса, білім алмаса, қалаға келіп босып кететін болса, бұл – әлеуметтік хәм саяси мәселе.

Ендігі кезекте ауылдарды қаныратып бос қоймай, кешенді жағдайлар жасау қажеттігін жеткізген Р.Жұмалы ауыл шаруашылығына ғана емес, елдің мәдени өміріне, денсаулық сақтау жүйесі мен инфрақұрылымына назар аудару керектігін айтады. Осы орайда Аустралия тәжірибесінің ұтымды тұстарына тоқталған сарапшы заманауи жетілген, жаңа технологиялармен қамтылған аграрлы елдің 5-7 пайыз тұрғыны бүгіндей бір елді ауыл шаруашылығымен кешенді түрде қамтамасыз етіп отырғанына тоқталды. Ал Қазақстанда соңғы санақтар бойынша ауыл халқының саны 40-42 пайыз шамасында. Жерді латифундистер иеленгендіктен, тұрғындардың 99

пайызының жері жоқ. Қазір космополитизм Балтық жағалауы елдеріне пара-пар жерлердің бос жатқанын анықтап отыр. «Латифундистерге осыны ашып айтатын кез келді. Оны батырып айтуға тиісті орындар қауқарсыз отыр. Мемлекеттен жер жоқ, барлығы жеке меншікте деген желеуді жиі естиміз. Ал шетелдіктер алатын кезде жердің табыла кететіні тағы бар», дейді Р.Жұмалы. Бүгінде ауылға жағдай тұғызудың экономикалық та, әлеуметтік те сипаты басым. Бұл мәселе кешенді түрде бет бұруды қажет етеді. Таяу жылдарда ауыл тұрғындарының саны 20 пайызға дейін төмендеп кетуі ықтимал. Мал, егін шаруашылығы, мақта, күріш өсірудегі байырғы дәстүрді жандандыра отырып, ауыл тұрғындарына жерді игеруге толық жағдай жасау қажет. Осындай кешенді мәселелердің экономикаға, әлеуметке әрі ішкі саяси жағдайға әсері бар.

Білім кластерін құрып, донор аймақтарды көбейту қажет

Еліміздегі урбанизациялық үдерістер жүйесіз деген пікірді құптағанын білдірген саясаттанушы Досым Сәтбаев «Урбанизация ғаламдық құбылыс, дүние жүзінде ауыл тұрғындары азайып барады. Ал Қазақстандағы қалалар депрессивті аудандар есебінен ұлғаюда» деген ойымен бөлісті. «Яғни ауылда болашақ жоқтықтан тұрғындар қалаға қоныс аударуда. Ал қалада жайсыз, күйсіз, жұмыссыз күн көру мүмкін емес. Ауылдан қоныс аударғандар бірінші кезекте осы мәселемен бетпе-бет келеді. Соның салдарынан деструктивті урбанизация белең алып отыр. Курмуеу қиын мәселенің бірқатар себебіне тоқталған саясаттанушы бүгінде жастардың көптеп кетуінен ауылдар адам капиталынан айырылса, қаладағы жастардың жағдайы болмағандықтан, әлеуметтік шиеленістер туындап отырғанын атап өтті. Сондықтан да қазақтың байырғы мәдениетінің, тамырының ауылда екенін түсінетін кез келді», дейді Д.Сәтбаев. Діннің де бастауы ауылда. Ауыл ақсақалдары исламды

көшпенділер тарихымен, мәдениетімен байланыстыра отырып, дәстүрлі институттың қызметін атқарып келгені белгілі. Қазір қарап отырсақ, тамырын үзіп, не ауылда жоқ, не қалаға келіп өркенітті игере алмастан, маргиналдарға айналып барады. Жастардың елімізде радикалды құрылымдарға көптеп кетіп жатуының салдары да осымен байланысты. Урбанизация үдерісінде әрі қарай да күрделі мәселелер көптеп туындай беретін болады. Экстремизмнің, әлеуметтік қайшылықтың күшеюі адам капиталына нұқсан келтіруде. Саясаттанушы атап өткендей, бүгінде қазақтардың көрші елдерге де кетуі қалыпты үрдіске айналған. «Бірнеше жыл бұрын кеткендер саны жылына 35 мыңды құраса, бүгінде олардың саны 40 мыңға жуықтады. Көпшілігі Ресейді бетке алуда. Егер де сан жағына келетін болсақ, бізде айтарлықтай демографиялық өсім жоқ», дейді саясаттанушы.

Мұндай көкейкесті мәселенің шешімі қалалар агломерациясын жасап, кеңейткеннен гөрі, аймақтарды дамытып, бәсекелестікті арттыру екеніне тоқталған Д.Сәтбаев бүгінде ел экономикасында Алматының донор қала ретіндегі орны бөлек екенін жеткізді. Батысымызда мұнайлы өлкелер бар. Ал басқа қалалар дотацияда отырған, депрессивті қалалар тізіміне кіреді. Бұдан жүйенің тиімсіздігін көреміз, деген саясаттанушы әр өңірдің әкімі бәсекеге қабілеттілікті көтеріп, инвестиция тартуға жұмыс істеуі тиіс деп санайды. Өз өңірлерін тартымды етіп, тұрғындарына жағдай жасауды дер кезінде қолға алмаса, салдары қиынға соқтыратыны анық. Ондай қиындықтар қазірдің өзінде белең алып барады. «Ауылдарда баспана, жалақы, мәдени инфрақұрылымдар дәл қаладағыдай қолжетімді болуы керек. Әсіресе білім кластерін құрудың маңызы жоғары. Назарбаев Университеті үлгісінде аймақтарда агрономия, ветеринария, ауыл шаруашылығы ғылымдары бойынша, ал мұнайлы аймақтар да мұнай-газ мамандықтарына баулитын білім

ошақтарын көтеру керек. Сонда ғана инфрақұрылым қалыптасып, жаңа жұмыс орындары ашылады. Жастарға да жұмыс табылады. Сонда ғана біз ішкі миграцияны аз да болса ауыздықтай аламыз», дейді Д.Сәтбаев.

«Ал адам капиталын дамытуда туындаған кез келген мәселе кешенді зерттеуді қажет етеді. Бүгінде қалаларға келетін жастардың нақты статистикасы жоқ. Бірнеше жыл бұрын бұл көрсеткіш жылына 60 мыңды құраған. Бүгінгі ресми статистика одан көп болуы мүмкін. Ал арнайы шұғылданып, мәселенің неден туындап отырғанын зерттейтін әлеуметтік және мемлекеттік құрылымдар жұмыс істемейді. Мәселе ушыққанда барып, неге бұлай болды деп даурығып жатамыз. Қоғамда жастар тарапынан орын алып жатқан келеңсіз жағдайлардың салдары мемлекеттің бұл мәселеге мүлде салғырт қарауының себебінен туындап отыр», деген Д.Сәтбаев бүгінде республика жұртшылығының 10 пайызын дәулеттілер тізіміне, 70 пайызын протоорға тап өкілдері қатарына қосатынына тоқталды. Бұл топ төтенше жағдайларда жұмыс орындарынан айырылып қалуы өден ықтимал, табысы тұрақты емес тұрғындар. Ал орта тапқа басында тұрақты баспанасы бар, білімді, балаларын да ақылы негізде оқыта алатын тұрғындар жататынын негізге алған Д.Сәтбаев, елімізде баспанасын ипотекаға алған, жалақысын келесі табысына дейін жеткізе алмай, несиеге байланып отырғандардың көптігін назарға алды. Бүгінде қазақстандықтардың жетпіс пайызының несиеге тұрлаулы екенін ескеретін болсақ, кедейшілік индикаторының басты себебі осында.

Тұрғындардың әл-ауқатына қатысты мәселе жақында Парламент мінберінен де айтылған болатын. Мәжіліс отырысында депутат Айқын Қоңыров бүгінгі айлық төлеу жүйесін толықтай қайта қарау керектігін айтып, халықтың шынайы табысы ресми мәліметпен сәйкессе бермейтініне Үкіметтің назарын аударды. Депутаттың айтуынша, Үкімет айтып жүрген орташа айлық жалақы мөлшері жай ғана математикалық есеп және елдегі шынайы жағдаймен сәйкес емес. Бай мен кедейдің арасы күн санап алыстап барады. Табысы төмен, түтіні түзу ұшпайтын тұрғындар мен жоғары жалақы алатындардың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қала мен ауыл тұрғындарының табысы да екі түрлі. Халыққа нақты нәтиже керек, тұрмысының түзелгенін нақты сезінуі тиіс.

Қазақтың ауылдан қалаға көшуінің себеп-салдары мемлекеттік жүйеге тікелей байланысты екенін қаперге алған сарапшылар қазіргі кезде орын алған түйткілді мәселелер жойылмаса, оның артында қатер тұрғанын ескертті. Ал әзірге ауылдан қалаға ағылған көште тоқтау болмай тұр. Көз жеткізген мәліметтер бойынша, балалары оқуға кеткен отбасылар жүгін түйіп даяр отыр. Олардың орта жасы бүгінде 35-60 аралығын құрайды. Бірі мектепте мұғалім болса, енді бірі дәрігер... Ауылда маман таппы кезеңде белең алып отырған бұл мәселе сарапшылар айтқандай кешенді бетбұрысты қажет етеді әрі тамыры тереңге кеткен аулы мекендерді сақтап қалғанда ғана қазақтың көші де, өзі де түгел болады дейді мамандар.

АЛМАТЫ

ТҮЙТКІЛ

Жаңа жолда жүз ақау

(Соңы. Басы 1-бетте)

Салынған жолдың тез тозуына әсер ететін басты фактордың бірі – жол құрылысына пайдаланылатын материалдардың сапасыз болуы.

– Біз республикалық және жергілікті жолдардың сапасын егжей-тегжейлі әрі толық қадағалау үшін өткен жылы арнайы іс-қимыл жоспарын бекіткен едік. Соған сәйкес былтырғы жылдың соңына дейін 387 рет тексеру жүргізу жоспарланды. Дегенмен де біз жыл соңына дейін 630 тексеру жұмыстарын жүргіздік. Соның нәтижесінде салынып жатқан жол құрылыстарынан шағын, орта және жоғары деңгейдегі жүз ақау табылды, – деді бұл жөнінде «Ұлттық жол активтері сапасы орталығы» РМҚ Ақтөбе облыстық филиалының директоры Тельман Малаев.

Бұл қандай ақаулар? Мысалы, тексерулер барысында өңір аумағындағы жол құрылыстары кезінде 4760 шаршы

метр, 697 метр қатқыл табанды бетон жамылғысы сапасыз болып шығыпты. Мұндай ақаулар негізінен республикалық және халықаралық маңызы бар Ақтөбе – Атырау – Ресей федерациясы автожол құрылысы учаскелері бойында анықталған. Өйтсе де аталған тас жол үстіндегі кемшіліктер әлі күнге дейін түзетілмей отырғаны қынжылтады. 2017 жылы басталған автожол құрылысының 156 шақырым бөлігін 32,9 миллиард теңгеге биыл салу жоспарланған. Бұл қаматты жоба. Тіпті тараптардан тағы да осындай олқылықтарға жол берілсе, миллиардтаған теңге желге ұшты дей беріңіз.

Сондай-ақ Алға, Қандығаш және Байғанин аудандары аумағынан өтетін жол құрылыстары бойында тегістік сақталмаған. Норматив бойынша үш қабаттан тұратын асфальтты бетон жамылғысының екінші қабаты тегістелмей қалған.

Мұндай көрініс бұл учаскедегі құрылыс жұмыстарын жүргізген



«СпикАккорд» серіктестігінің қызметіне үлкен сын болмақ.

Сонымен бірге аталған филиал мамандары жергілікті маңызы бар жол құрылысы нысандарына да бақылау жүргізу үшін 170 сынама алып, зертханалық

тексеруге жіберілді. Соның нәтижесінде жеті сынама елімізде белгіленген жол құрылыстары стандарттарына сәйкес келмейтіні анықталған. Бұған қоса жергілікті маңызы бар 3967 шаршы метр жолдың сапасыз салынғаны белгілі

болып отыр. Бір жақсысы, осы мәселеге қатысты орталық филиал тарапынан ескерту хат жіберілгеннен кейін тиісті мердігер мекемелер бұған түсіністікпен қарап, жіберген кемшіліктерін түзету шараларын қолға алыпты.

Мұндай олқылықтардың орын алуының тағы бір басты себебі технологиялық үдерістердің толық сақталмауынан деп тұжырымдайды Ұлттық жол активтері сапасы орталығы филиалының инженерлері.

Айталық, жаңа салынған асфальттың белгілі уақыт өткеннен кейін өзінен өзі үгітіліп шашылып қалатынына куә болып жүрген жолаушылар аз емес. Мұндай жағдай табиғи емес, адам факторы әсерінен, яғни технологиялық талаптарды сақтамаудан пайда болады екен.

Міне, жол құрылысының басы-қасында болып, ұдайы қадағалау мен бақылау жүргізудің қажеттігі осында.

АҚТӨБЕ

КӨКЕЙКЕСТІ

Жоғары оқу орындарының рейтингі қалай жүргізіледі?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Рейтинг жұмысқа орналасқан және орналаспаған түлектер саны бойынша жүргізіледі, – дейді А.Ыбыжанова. Сарапшы «Атамекен» ҰҚП жүргізетін рейтингке түлектердің жұмыс іздеу мерзімі мен тұрақтылығының нәтижелері енгізілгенін жеткізді. Айталық, 2019 жылғы қорытынды бойынша түлектердің диплом алған сәттен бастап жұмыс іздеу ұзақтығы 3,5 айды құрапты, ең тез жұмыс табушылардың қатарына «Көліктік құрылыс» мамандығының түлектері (2 ай) жатады. «Шетел филологиясы», «Стоматология», «Кедең ісі» мамандықтарының түлектері 5 айдан артық уақыт бойы жұмыс іздейді екен. Бұл – мамандық бойынша анықталған деректер. Түлектердің 51 пайызы ғана тұрақты жұмысқа орналасыпты. Ең жоғары үлесі қай жоғары оқу орнына тиесілі, сол университет рейтингтің осы сатысында алға шығады.

– Біздің рейтингте түлектер санының аз болуы университеттердің деңгейін төмен түсіреді. Мысалы, «Астана» университетін «Есеп және аудит» мамандығы бойынша 2018 жылы 1 түлек, ал 2019 жылы 3 түлек тәмамдады. Орталық Азия университетінде «Маркетинг» мамандығы бойынша 2018 жылы түлектер болмады, ал 2019 жылы аталған мамандықты 1 адам ғана бітірді. Бір ғана маман даярлайтын болса, арнайы лицензия алудың қажеті не? Мұндай жағдайда 2-3 студентті оқуға материалдық-техникалық база қаншалықты жабдықталды? Бұл күдік туғызады, – дейді сарапшы.

Сондай-ақ университетті бір мамандық бойынша бітірген түлектің шектен тыс көп болуы және кешкі оқу нысанындағы студенттер санының көптігі де сапаға сенімсіздік ұялатады. Мәселен, 2018 жылы Қазақстанда «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» бойынша 3978 маман даярланған. Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетте дәл сол жылғы осы мамандықты бітірген 1077 адамның 1046-сы кешкі оқу нысанында оқыды, бұл түлектердің жалпы санының 27 пайызын құрайды.

– Рейтингтің маңызы – білім беру гранттары мақсатын пайдаланылған мамандықтардың анықталуы. Оның қандай ЖОО-да екенін де білуге болады. 2018 жылы 2886 жас маман жоғары оқу орнын білім беру бағыты бойынша мемлекеттік грант негізінде бітірді. Дегенмен, 1010 түлек қана мамандығы бойынша жұмысқа орналасты, ал 1255-і, яғни 43 пайызы өз мамандығы бойынша



Суретті түсірген Ерлан ОМАР, «Ер»

жұмыс істемейді. 22 пайызы, яғни 621 түлек мүлде жұмыссыз жүр, – дейді А.Ыбыжанова. Маман айтқан дерекке сүйенсек, аграрлық бағыт бойынша бітірген 1552 түлектің небәрі 11 пайызы, яғни 169 адам өз мамандығымен жұмысқа орналасты. 954 түлек басқа саладан нәпақа іздесе, 429-ы – жұмыссыз. Егер бір жылғы оқу ақысының орташа мөлшері 350 мың теңге десек, онда мемлекет білім бағыты бойынша 2,6 млрд теңге, аграрлық бағытқа 2 млрд теңгені тиімсіз жұмсады. Дәл осындай үрдіс ақылы бөлімде оқыған түлектерде де байқалады.

Дегенмен еліміздегі ЖОО-лардың рейтингі соңғы үш жылда ғана жүргізіле бастады деу жаңсақ болар еді. Қазақстандағы университеттер рейтингін алғаш Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (БСҚА) жариялады. Бұл бірлестік – IREG (Observatory on Academic Ranking and Excellence) халықаралық ұйымы біріктірген 9 елдегі 9 ұйымның бірі. Яғни Қазақстандағы агенттік те осы тәуелсіз ұйымның құрылтайшысы. БСҚА президенті Шолпан Каланова рейтингтің әзірленуіне ең алдымен университеттердің мүдделі екенін айтады.

– Жұмыс қорытындысын әділ шығару үшін біз елімізден және шетелден 1 мыңға жуық сарапшыға ұсыныс жібереміз. Олардың 700-800-і

сарапшы болуға келіседі. Сарапшылар құрамына ЖОО-лардың қызметкерлері немесе өзі бағалайтын университетті қандай да бір конференция барысында көзімен көрген мамандар кіреді. Өйткені олар университеттің жұмысын жетік біледі, – дейді Ш.Каланова.

Осы материалды дайындау барысында агенттік жариялаған рейтингке көз жүгірттік. Сонда ондағы жұмыс бірнеше санатқа бөлінгенін байқадық. Оның біріншісі – ЖОО-ның академиялық қызметін жалпы бағалау. Мұнда білім алушылардың контингенті, яғни күндізгі оқу бөлімінде, грантта, магистратура мен докторантурада оқитын студенттер саны қаралады. Бір қызығы, агенттік университеттегі өзге қаладан келіп оқитын студенттерді де есепке алатын көрінеді. Себебі олардың шалғайдағы ЖОО-ны таңдауы сапалы білім беретініне деген талапкердің сенімін білдіреді екен.

– Сонымен қатар біз білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау көрсеткіштерін, олардың отандық және халықаралық байқаулар, конференция мен олимпиадалардағы жетістіктерін де есепке аламыз. Бұдан бөлек сол кадрларды даярлайтын ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамына қараймыз. Яғни оқытушы-профессорлардың ғылыми дәрежелері, алған гранттары мен марапаттары, ғылыми еңбектері, кітаптары, Scopus, Web of Science

секілді халықаралық базадағы журналдарда жарияланған мақалалары, индекстері, патенттері ескеріледі. Әр тармаққа сәйкесінше ұпай жазылады және ЖОО-ның халықаралық әріптестігі, нақтырақ айтқанда, қос дипломдық бағдарлама бойынша берілген диплом, сертификат саны, тәжірибе алмасу бағытындағы іссапарлар, іс-тәжірибе, студенттің күндізгі оқу бөлімі бойынша шетелдік ЖОО-да білім алуы, түлектерінің «Болашақ» сынды халықаралық стипендия, гранттарды иеленуі де есептеледі, – деді. Оның ойынша, агенттік енгізген университеттің ақпараттық қамтамасыз ету жағдайы жөніндегі критерий бірқатар ЖОО-ның сайты жөнге келтіруіне ықпал еткен. Өйткені сайттың әрдайым жаңартылып отыруы, негізгі ақпарат, материалмен толықтырылуы, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде болуы, қаралым саны мен жылдамдығына ұпай беріледі. Осыған қоса, университеттің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасы мен жүктеуге арналған арнайы мобильді қосымшасының болуы да есептеледі.

Ал басқа санаттарда түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижелерінің рейтингті сарашының бағасы, жұмыс берушілердің беделі, студенттер мен бітірушілердің бағалауы бойынша анықталады. Бұл бағалаулардың барлығы әр адамның, яғни сауалдамаға қатысушының субъективті пікірі ретінде ескеріліп, ортақ ой алынады. БСҚА басшысы бізге берген сұхбатында еліміздегі барлық министрліктер мен әкімдіктерге, сондай-ақ түрлі деңгейлі (жекеменшік, мемлекеттік, ірі, шағын, ұлттық) компанияларға жұмыс беруші ретінде анкета толтыруды сұрап, хат жолдайтынын жеткізді. Осы арқылы агенттік қай университеттің түлектері білікті маман екенін анықтай алады. Ал БСҚА университет түлектерінің қайда, қандай жалақыға жұмыс істеп жүргенін білу үшін «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан» алынған мөлдетке жүгінеді.

Биыл негізі қаланғанына тура 30 жыл толатын Quacquarelli Symonds (QS) компаниясы жыл сайын әлемдік университеттердің рейтингін жариялайды. Аталған кәсіпорын рейтинг жүргізуде ЖОО-ның академиялық беделі (40 пайыз); оқытушыдан тікелей білім алатын студенттер саны (20 пайыз); әр оқытушының ғылыми жұмысына жасалатын сілтеме (20 пайыз); жұмыс берушінің беделі (10 пайыз); шетелдік оқытушылар үлесі (5 пайыз); шетелдік студенттер үлесі (5 пайыз) секілді бірнеше өлшемшарт көрсеткішіне басымдық береді.



Сайрахан ӘБІШҚЫЗЫ, Білім беру ісінің үздігі

Музыкалық мәдениет – мектептен

Қазір отандық баспасөзде «орыс мектебі» деп жазатын тілшілерді байқаймын. Әлбетте, елімізде білім беру нысанына қатысты «орыс мектебі» деген паспорт берілмейтінін есте ұстаған абзал.

Бұл арада тілшінің орыс тілінде оқытатын мектепті ауызекі сөз қолданысымен пайдаланғанын түсіндім, әрине. Яғни аралас тілді мектепті «аралас мектеп» деп қысқа қайыра атайтынымыз сықылды кеп. Бірақ «орыс мектебі» деген атаудың Ресейде ғана пайдаланылатынын ұмытпауымыз қажет. Осы іспетті атауларға абай болу керек. Өйткені бұл нәзік мәселе. Мектеп демекші, соңғы кезде мектептерімізде кемшін соғып жатқан музыка пәні туралы ой тарқатқым келіп отыр.

Дүйім дүниені дүр сілкіндірген Димаш Құдайбергелі еліміздегі сахнаға енді шыға бастаған кезінде әлдебіреулердің сынарезуленіп сын айтап болғанын ұмыта қойған жоқпыз. Мәселен, бір айтыскер бауырымыз оған әлдебір телешоуда «әйел дауысты» деген парықсыз пікірін білдірді. Бұл жайт осы күнге дейін көңілмен кетпейді. Димаштың бір бойында бірнеше деңгейлі дауыс оқтавасы бар. Яғни мамандардың айтуынша, баритон, тенордан колоратуралық сопраноға дейінгі диапазонға ие. Кәсіби опера әншісінде екі октава болатынын ескерсек, бұл табиғаттың ерекше сыйы.

Кезінде ұлттық консерваториямызда Ерік Құрманғалиевтай біртуар әншіміздің де дауысының ерекшелігін танытын маман болмады. Сондықтан ол Мәскеу барып оқып, сол жақта әлемге танылып, дүниеден өтті. Көзі тірісінде ел болып құрмет көрсете алмады. Бұл еліміздің мәдени кеңістігіне айтарлықтай сын болды.

Бірде теледидардан Майра Мұхамедқызының Димашқа шетелге барып танылу туралы кеңес айтқанын көрген едім. Ол өзі де шетелде өнері мұлім болып, халықаралық үлкен сахналарда ән айтқаннан кейін барып Қазақстанға Елбасының шақыртуымен келді. Өзі өткен өкелекті білген соң жас талантқа әрі шәкіртіне жол сілтеп отыр. Қазір қарасаңыз, төрткүл әлемдегі табынушылары Димаш ұлымызды төбесіне көтеріп, қошемет көрсетіп жатыр. Бір Димаш бүкіл қазақ мәдениеті мен өнерінің әлемдегі елшісіне айналды. Бұл Қазақстанның мерейін тасытты.

Бірде Алматыда Құрманғазы атындағы Ұлт аспаптары оркестрінің 80 жылдық мерекелік кешіне барған едім. Сахнада оркестрдің жүзге жуық мүшесі ойнап отыр. Бір кезде белгілі эстрадалық әншісі шығып, әнін орындап болған соң басын иді. Ал оркестр әлі ойнап жатты. Оркестр соңғы аккордды қоймай жатып басын иген әншіге залдағы көрермен қол соқты. Оркестрдің өнері ескерусіз ладала қалғандай әсер қалдырды. Музыка мен сахнаның мәдениеті бойынша әншінің оркестрден бұрын бас ино өте өрескел. Оған әнші жол бермеуі керек еді. Бірақ орындаушы оған мән берген жоқ. Құлды сахнаға жалғыз өзі шыққандай, әнін тамамдаған соң музыкалық сүйемелдеуін ойнап бітпеген оркестрді күтпестен бір өзі қошеметке ие болып, сахнадан шығып кетті. Классикалық жоғары деңгейдегі Әлібек Дінішев сияқты өнер иелері оркестр ойнап біткенше күтеді, содан соң барып оркестр дирижерімен бірге басын иіп, көрермен қошеметіне оркестрмен бірге ілтипат көрсетеді. Яғни халық оркестрге де, әншіге де бірдей қол соғады.

Негізі, музыкалық мәдениет мектептен басталады. Бұрын дене шынықтыру пәніне мән берілмеуші еді, қазір ән-күй сабағына көңіл қоймайтын үрдіс байқалады. Көбіне мектеп басшылығы басқа пәндердің сағат үлесіне алмастырып жібереді. Бұл ретте ата-аналардың да үлесі бар сияқты. Өйткені қазір балаға болашақтың инвестициясы ретінде қаржы құйғанда негізінен бейімі бар пәндерге, жаратылыстану сабақтарына көп көңіл бөледі. Бірақ оның есебін бірыңғай музыка пәнінен алуға болмайды. Қазіргі жас буын тұрмақ, орта буынның музыкалық талғамының, мәдени ой-өресінің төмен деңгейге түсіп кетуінің ең басты себебі осы мектептегі музыкалық мәдениетке мән бермеуден тамыр алады деген ойдамын. Сондықтан да айналамызда «шөпті де, шөнгені де» өлең деп танытын, «әннің де естісі бар, есері бар» деп білмейтін бірнеше буын ұрпақ қаулап өсті. Бұл шын таланттарды тасада қалдыратын қауіпті үрдіс. Тіпті, талғам деген қарапайым танымның болуы адамның өзіне қажетті қасиет емес пе?!

Аспирантурада оқып жүргенімде еврей қызы Ираида Середенкомен бір бөлмеде тұрған едім. Мен қазақтың, ол өз ұлтының дәстүрлерін әңгімелейді. Бір әңгімесінде ол еврей келіншектері аяғы ауыр болғаннан бастап, оларды басқа шаруаның бәрінен бастап, «Сен орманға бар, табиғаттың үніне ден қой, музыка тыңда, жүрегіңнің астындағы нәрестені тәрбиелеуді баста» деп айтатынын жеткізген еді. Сол себепті мектептерде өскелең ұрпаққа музыкалық мәдениеттің өз деңгейінде сіңірілуіне баршамаңыз құмбыл болуымыз қажет.

ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ ҰҒЫМ

Шәкірттері бірінші орынды берген емес

Түркістан облысының Созақ ауданындағы «Созақ» жалпы орта мектеп-гимназиясы информатика пәнінің мұғалімі Роман Қадырқұлов бір кездері «Құдай қаласа, зейнеткерлікке шыққанша, қырық жыл бойы сабақ бере жүріп, жылына осы саланы терең меңгерген бір шәкірт тәрбиелеп, қырық жылда 40 шәкірт тәрбиелеп шығамын» деген мақсат қойған екен.

Содан шәкірттерінің санының көптігін емес, сапасын, солардың жетістігін мақтан тұтуды мақсат еткен Роман Алауұлы оқушыларға сабақтан тыс уақытта «Жас программалаушылар» үйірмесін ашып, оқушыларды қызықтырып, пәндік олимпиадаларға дайындауға кірісіп кетті.

Сөйтіп бүгінге дейін сол мақсатынан айнымай келе жатқан Роман 22 жыл ішінде информатика пәнінен 22 шәкірт қана емес, физика пәні бойынша да 32 шәкірт тәрбиелеп үлгерді. Дәріс берген шәкірттерінің әрбірі мектеп қабырғасында жүргенде информатика және физика пәндері бойынша олимпиада, білім бәйгелерінде мектеп, аудан, облыс және республика көлемінде білім деңгейлерінің жоғары екендігін дәлелдеді. «Осындай білім жарыстары арқылы шәкірттерімізді өмірге бейімдеп, білімін ұштауына, болашақ мамандық таңдауға көмектесу арқылы өзін де кәсіби деңгейде өсе отырып, педагогикалық еңбектің шыңына өрмеледім», дейді ол.

Соңғы 22 жыл көлемінде Роман Алауұлының шәкірттері аудандық пәндік олимпиадаларда информатика және физика пәндерінен 9-11 сыныптар арасында бірінші орынды берген

емес. Дайындаған шәкірттері 2000 жылдан бастап информатика пәні бойынша барлық облыстық пәндік олимпиадаларға үздіксіз қатысып, елеулі жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

«Біздің мектеп оқушыларының деңгейі қала деңгейінен кем емес. Осы гимназияның оқушылары тек аудан, облыс емес, республикалық олимпиадалар мен байқауларда да топ жарып жүр. Бүгінгі цифрлы технология мен интернеттің дамуы ауыл мен қала баласының білімін бір-біріне теңестіреді десек болады», дейді Роман Алауұлы ағынан жарылып.

Роман Қадырқұловтың өзі «7-сынып. Информатика» оқулығы мен әдістемелік жинағының авторы. Бұл – Қазақстанда тұңғыш рет қазақ тілінде жазылып, орыс тіліне аударылған оқулық. Сондай-ақ қазақ, өзбек және орыс тілдеріндегі «8-сынып. Информатика, «3-класс. ИКТ», 9-сынып және 10-сынып жаратылыстану-математика бағытындағы информатика оқулықтарының, әдістемелік жинақтарының авторы. Ұстаз 2005 жылы облыстық «Алтын диск» байқауында бірінші орын алса, осы жылы облыстық «Алтын қор» байқауында бас жүлдені иеленді.



«Информатикадан олимпиадаға дайындау – оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту және дүниетанымын кеңейту кепілі» тақырыбында жасаған баяндамасы «Алтын қор» жинағына енген. 2018 жылы Математика, физика және информатика пәндері мұғалімдерінің Республикалық олимпиадасында жүлделі II орын иеленді.

Ол мұғалімдік жұмысын мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметімен ұштастырып отырды. Сондай-ақ мектеп-гимназияның инновациялық және эксперименталдық алаңында 11 гимназия және 12 жылдық 4 эксперимент сынып 15 жыл бойы басқарды. Осы кезеңде мектептегі оқу процесін ұйымдастыру мен мұғалімдердің

шығармашылығына, инновациялық процестерге, оқушылардың пәндік олимпиадасы, ғылыми шығармашылық жұмыстар сияқты мектептегі шығармашылық ізденістің шәкілі болған бағыттарға тікелей жауап берді. Соның нәтижесі болу керек, аталған білім ошағы соңғы алты жылдан бері ауданның ең үздік мектебі атанып жүр. Жыл сайын бұл мектептен 8-10 оқушы облыстық пәндік олимпиадаларға қатысып отырады. 2016 жылы облыстық пәндік олимпиадаға қатысқан 8 оқушының үшеуі I орын иеленді.

Азамат ОСПАНОВ,
Түркістан облыстық Адами әлеуетті дамыту басқармасының баспасөз хатшысы



| ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚАДАМДАРЫ

Негізсіз тексеру – кәсіпке кедергі

Соңғы уақытта Шымкент қаласында жер теліміне байланысты дау-шарлар көбейіп келеді. Мұның себебін әркім әрқалай айтып жүр. Бірі қалаға қосылған елді мекендердің «ескі жыры» десе, енді бірі кезінде шаһардағы ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді тұрғын үй салу бағыты бойынша заңсыз заңдастырудан шыққан дейді.

Нұршат ТӨКЕН,
«Egemen Qazaqstan»

Бүгінде осы мәселе үшінші мегаполис тұрғындарының біразының «бас ауруына» айналып отыр. Тіпті жаңадан бизнес бастаған кәсіпкерлердің алдынан да осы түйін кес-кестеуде.


Мәселен, былтыр Шымкентте 200-ден астам кәсіпкерден жер теліміне қатысты арыз түскен. Кәсіпке бет бұрғандардың басты мәселесі шаруашылығын шырқ иіруге ыңғайлы жер телімін таппау болып отыр. Бұл туралы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Шымкент қалалық филиалының директоры Нұрлан Кабыштаевтың қатысуымен өткен брифингте айтылды.

Бүгінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен елімізде шағын және орта кәсіпкерлікке көптеп көңіл бөлінуде. Соның бір дәлелі ретінде үшінші мегаполисте бизнеске бет бұрғандар көбейіп келеді. Нақтырақ айтсақ, 2019 жылы Шымкент қаласында «Жас кәсіпкер» жобасы аясында 1400, «Бизнес бастау» жобасымен 2955 азамат білім алған. Сондай-ақ «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 3602 азамат 200 АЕК көлеміндегі гранттық қаржыландыруға мүмкіндік алған.

Алайда жер телімінен бөлек, әкімшілік кедергілерге тап болып негізсіз тексерулермен әлекке түскен іскерлер де жоқ емес.

«Қалада кәсіпорындар мен кәсіпкерлерді негізсіз тексеру әлі де белен алуда. Кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын көтеруде де бірқатар шараны жүргізіп жатырмыз. Осы бағытта прокуратурамен серіктестікте жұмыс жүргіземіз. Көбіне бизнес өкілдерінің белгілі бір заңнамаларды білмейтіндігінен қиындықтар туындап жатады», дейді Н.Қабыштаев.

Мұнан бөлек, өткен жылы бизнесті



қорғау бойынша Шымкент қалалық кәсіпкерлер палатасына 221 өтініш келіп түскен. Оның 193-і қаралса, 75-і оң шешімін тауыпты. Барлығы 854 млн теңгеге бизнес мүддесі қорғалды.

407 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру Білім және ғылым министрлігі бекіткен әдістемеге сәйкес жүзеге асырылмағаны анықталып, қалалық бюджеттен 294 млн теңге қосымша қаржы бөлуге ықпал етілсе, Фармация саласындағы бизнесті негізсіз тексеру тоқтатылды. Сондай-ақ қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының «ShymkentBus» басқарушы компаниясы» ЖШС автобустарын конкурссыз жіберу туралы заңсыз бұйрығы жойылды. Басқарманың 2 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Былыр Шымкентте мемлекеттік сатып алудың жалпы сомасы 154 млрд теңгені құраған. Сатып алуға жергілікті қамту үлесін теңдер алдындағы бақылау аясында Шымкент қаласы әкімінің өкімінен комиссия құрылып, оның жұмыс регламенті бекітілген. Нәтижесінде бірнеше фактілер анықталған. Соның бірі отандық өнім өндірушілердің тауарларын алға жылжыту жөнінде туындаған проблемалар екен. Жергілікті өнім құнының жоғарылығы, сапасының

төмендігі, импорттық шикізатқа тәуелділігі, бірқатар тапсырыс берушілермен бір көзден сатып алуды жүзеге асыру мәселенің күрмеулі түйіні болған.

Палата директорының айтуынша, бірқатар сатып алуларды өз қызметтеріміз деп көрсеткенімен, нақты тауарлар сатып алынады екен. Сонымен қатар сатып алуларда отандық өнім өндірушілердің өнімдерін өткізуді қолдау және қамтамасыз етуде палата қолдау білдіруде. Аталған мекеме былтыр тауарды өткізу бағытында бірқатар жұмыс атқарған. Жергілікті тауар өндірушілердің өнімдерін қаладағы супермаркеттерге өткізуге жәрдемдесу арқылы 13 келісімшартқа қол жеткізіп, 35 жаңа жұмыс орнын құруға септігін тигізген. 39 кәсіпорынды сүйемелдеу арқылы 10 кәсіпорын 6 экономикалық сауда миссияларына қатысып, 8,6 млн АҚШ долларына контракт түзіпті.

Өткен жылда атқарылған жұмыстарды қорыта келе сала басшысы алдағы жоспарларымен де бөлісті. Айтуынша, бірнеше жыл бұрын жабылып қалған Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы қайта ашылды. Сонымен қатар наурыз айында ашылатын кәсіпкерлерге арналған орталықта бизнес өкілдеріне кешенді қызмет көрсетілетінін жеткізді.

ШЫМКЕНТ

Алматы облысында жүргізілген сараптама нәтижесінде өңірдегі сыбайлас жемқорлыққа қатысты әрбір алтыншы дерек мемлекеттік сатып алу саласына қатысты екендігі анықталған.

Тендерді майшелпек көреді

Калмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Арнайы мониторинг көрсеткендей, мемлекеттік сатып алу саласындағы жең ұшынан жалғасу жыл өткен сайын тамыр жайып, тапсырыс беруші мен орындаушы арасындағы ымыраласу дәстүрге айналып отыр екен. Жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің мамандары өңірдегі мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыс істеп отырған 18 000 тапсырыс беруші мен 80 000 қызмет көрсетушінің қызметіне талдау жасаған. Нәтижесінде, бұл саладағы әрбір алтыншы жұмыс күдік туғызып отыр. Ал облыстағы мемлекеттік тапсырыс жүйесі бойынша жұмсалған мемлекет қаржысы соңғы 4 жыл көлемінде 1,4 трлн теңгеден 6 трлн теңгеге дейін көбейген.

– Мемлекеттік тапсырыс бойынша орындалған әрбір алтыншы жұмыс күмән туғызады. Бұл жерде тараптардың ымыраласып сөз байласуынан бастап, техникалық мінездеме жасаудағы өрескел қателік, жұмыс атқарылғаны жөніндегі жалған актілер және ұсынылатын бағаны қасақана төмендету, жоғарылату сияқты факторларды ескеру керек. Нәтижесінде, облыстағы мемлекеттік сатып алуға жұмсалған қаржының біраз бөлігі, атап айтқанда 5 млрд теңге мақсатсыз жұмсалған деген қорытынды жасап отырмыз, – дейді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Жандос Жұмабаев.

Айтпақшы, аймақтағы мемлекеттік тапсырыс бойынша жасалған зерделу бойынша заң талабын өрескел бұзған мекемелердің қатарында «Қазавтожол» ұлттық компаниясының облыстағы филиалы да бар екен. Жалпы, бұл мекеме жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің қырағы көзіне бұған дейін де іліккен болатын. Мысалы, өткен жылдың қараша айының соңғы ширегі мен желтоқсан айындағы табиғат

сынына Алматы облысының жол жөндеушілері төтеп бере алмай қалған еді. Аймақтағы ішкі қатынас жолдарын былай қойғанда, республикалық маңызы бар трассалардың қары күрелмей, көктайғақ болып жатты. Соның кесірінен жолдарда көлік апаты көбейіп, адам өмірін жалмаған ондаған оқиға болды. Бұл облыстағы жол жөндеуші ұйымдардың қар тазарту жұмыстарына дайын еместігін көрсетті. Ал трассалардың дер кезінде күрелмеуіне жауапты мекемелердегі арнайы техниканың жетіспеушілігі басты себеп болған екен.

– Бұған дейін техникалардың қысқы кезеңге дайындығын тексеру нәтижелері бойынша жол дайындығымен айналысатын «Қазавтожол» АҚ, «ҚазақАвтоДор» ЖШС ұйымдарында арнайы техниканың жеткіліксіздігі анықталған. Осыған сәйкес арнайы техникаларды алып, оларды стандартқа сәйкестендіру қажеттілігі туралы ұсыныс беріліп болатын. Оларға облыстық Полиция департаментінің қызметкерлері 25 желтоқсанға дейін жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы ескерту де берген. Өкінішке қарай, республикалық маңызы бар автомобиль жолына техникалық қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын «ҚазақАвтоДор» мекемесінің бұрын берілген ескертулерді орындамағаны және жолды қыста күтіп ұстауға қойылатын талаптарды сақтамағаны анықталды, – дейді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыстық департаменті басшысының бірінші орынбасары Жандос Жұмабаев.

Нәтижесінде, «ҚазақАвтоДор» серіктестігі Әкімшілік кодекстің 462-бабының 3-тармағына сәйкес айыпталып, іс процессуалдық шешім қабылдау үшін сотқа жолданған. Яғни, облыс жолдарындағы күтіп-баптауға немқұрайлы қарағаны үшін мекеме енді 500 айлық есеп көрсеткіші мөлшерінде айыппұл төлейді.

Алматы облысы

«Жазықсыз жан өлді деп ойлай ма екен...»

Қазір Солтүстік Қазақстан облысында «Браконьер» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында өңірдің орман алқаптарында аң аулаумен заңсыз айналысатындарды құрықтау шаралары жиіледі.

Жаксыбай САМРАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Соның нәтижесінде жуырда облыстық және аудандық табиғат қорғау полициясының тобы және «Соколов» аңшылық шаруашылығының аға қорықшысы Желякенов ауылы маңында ақ қарда сайрап жатқан қанды іздің бойымен жүріп отырып, екі браконьерді ұстады. Олар қарда жүргіші «Yamaha» жылдам көлігімен табиғаттың көркі – сұлу еліктерді қуып жүріп атқаны белгілі болды. Браконьерлердің жүк салғыштарынан бір және ағашқа іліп, мүшелей бастаған екінші еліктің еті табылды. «Сібір елігі» деп аталатын бұл жануарларды барлық аша тұяқтармен бірге бірінші қаңтардан бастап атуға заңмен қатаң тыйым салынған еді. Өйткені бұл кезеңнен жануарлардың төлдеуге дайындалатын кезеңі басталады.

Бірақ браконьерлер заңды да, табиғаттың көркіне де аяққа басып, сұлу еліктерді қызыл қанға бояған. Еуропа елдерінде мұндайға аса ауыр жазалар белгіленген. Ал бізде заңсыз аң аулауды жазалау жөніндегі заңнамаға үстіміздегі жылдың 11 қаңтарынан бастап енгізілген қатаңдату өзгерістері мен толықтыруларға сәйкес 3 мың АЕК көлемінде айыппұл салынады. Бұрын бұл жаза бар болғаны 160 АЕК көлеміндегі айыппұлмен немесе 40 тәулікке

дейінгі бас бостандығынан айыру жазасымен шектелген еді. Енді бас бостандығынан айыру жазасы 3 жылға дейін ұзартылды.

Қазір аң аулау заңнамасын бұзған Петропавл қаласының отыз бес жастағы тұрғынына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру шаралары жүргізіліп жатыр. Одан қылмыс орнынан алынған екі еліктің еті, есепке қойылмаған қарда жүретін көлігі, 12 калибрлі тегіс ұңғылы «ИЖ» мылтығы, аңшы пышағы, сондай-ақ оқ-дәрілер тәркіленді. Сонымен бірге оның жанындағы адамның қылмысқа қатысы тексерілуде, дейді Полиция департаментінің баспасөз қызметі. Анда бірге жүрген адамның аң аулауға «қатысы анықталуда» дегенін өзі күмәнді ойлар тудыратыны сөзсіз...

«Бұл жыл басынан бері анықталған заңсыз аң аулаудың 5-ші, ал «Браконьер» жедел-профилактикалық іс-шарасы кезінде анықталған 4-факті болып отыр», дейді Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасы табиғатты қорғау полициясы тобының аға инспекторы, полиция капитаны Асхат Қожабаев. «Ұрғашы еліктің буаз екендігін анықтау үшін мүшеленген ет сараптамаға жіберілді, бұл салынатын айыппұл көлемін анықтайтын факторлардың бірі», деді ол.

Солтүстік Қазақстан облысы

Қала маңындағы ауылдарда қылмыс неге көп?

Талдықорған қаласының көшелерінде 871 бақылау камерасы бар екен. Биыл тағы 500 бейнекамера іске қосылмақшы. Облыс орталығының заманға сай техникалық құрылғымен жабдықталуы қоғамдық қауіпсіздік мәселесін де онынан шешуге ықпал ете бастаған сияқты. Өйткені қалада қылмыс азайған екен.

Калмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Салыстыру үшін айтақ, өткен жылы Талдықорған қаласы бойынша тіркелген қылмыстардың саны 17,9 пайызға төмендеген. Яғни, арғы жылы 4443 қылмыс оқиғасы тіркелсе, 2019 жылы бұл көрсеткіш 796 жағдайға азайып, 3647 қылмыс жасалған. Бірақ мамандар қаладағы қылмыс статистикасының төмендеуін қылмыскерлердің ізгіленуінен емес, тәртіп сақшыларының бұрынғыға қарағанда сергек әрекет ете бастауымен байланыстырады.

Бұл әрине қуанарлық көрсеткіш. Алайда, осы Талдықорған қаласына жақын маңда орналасқан аудандардағы ұрлық-қарлық, бұзақылық көбейіп отыр екен. Мысалы, Ескелді ауданындағы қылмыстық ахуал қалыпты болмай тұр. Облыс орталығына тиіп тұрған ауданда өткен жылы заң бұзушылық деңгейі 2 пайызға ғана төмендеген. Ал бұл ауданда 2019 жылы 509 қылмыс тіркеліпті. Айтпақшы, Ескелді ауданы тұрғындарының жағдайы көрінілсе Көксу ауданының ел-жұртына қарағанда көш ілгері сияқты. Өсіресе Көксу ауданының орталығы Балпық би ауылындағы жағдай сын көтермейді.

Облыстың бас қаласынан 18 шақырым ғана қашықтықта жатқан Балпық би ауылында қылмыс азаймай тұр. Өткен жылы алақандай ауылда 275 қылмыс тіркеліпті. Бұл бүкіл аудан бойынша болған одағай әрекеттердің 62,2 пайызын құрап отыр.

Әрі қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндірген қылмыстың отыз екісі әлі күнге дейін ашылмапты.

– Өткен жылы қылмыстың алдын алу, ашу және қоғамдық орындарда тәртіпті нығайту ба-рысында жоспарлы түрде іс-шаралар жүргізілді. Нәтижесінде, бүгінгі таңда аудан бойынша қылмыс былтырғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 50 жағдайға төмендегені байқалады. Қылмыстың ашылу деңгейі 89,3 пайызды құрады. Ең күрделі жағдай Балпық би ауылдық округінде сақталып, өткен жылы 275 қылмыс тіркелді. Ол ауданда тіркелген жалпы қылмыс санының 62,2 пайызын құрайды. Ауданымызда мал ұрлығы үлкен мәселе болып тұр, – дейді Көксу ауданының әкімі Алмас Әділ.

Осы орайда Көксу аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Рамиль Гимадиевқа хабарласқан едік. Тәртіп сақшысы өңірдегі қылмыспен күрес және мал ұрлығының ашылуы жайында жаңа деректерді жария етті. Мәселен,

жыл басынан Айнабулақ, Көксу бекеттері және Балпық би ауылдық округі аумағында жасалған мал ұрлығы жедел ашылған. Қазір қолға түскен қылмыстық топ мүшелері уақытша ұстау изоляторына қамалып, тергеп-тексеру амалдары жүріп жатыр. Жалпы, Көксу ауданында мал ұрлығының алдын алу жұмыстары мен барымташылардың жолын кесу жұмыстары күшейтілген.

– Қылмыс санын азайту үшін заңдар қатайды. 2019 жылдың соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қылмыстық заңнаманы жетілдіруге арналған заңға қол қойды. Кейбір қылмыстарға жаза ауырлады, айыппұлдар өсті. Мал ұрлығына қатысты бөлек бап болды. Енді бұл қылмыс бойынша «теріс қылық» пен «орташа ауыр қылмыс» деген анықтама болмайды. Ал жазасы күшейтіліп отыр. Жазаны күшейтілуі уәдесіз жолын кесуі тиіс, – деді Р.Гимадиев.

Сондай-ақ аудан орталығында қылмыстың алдын алу мақсатында «Мал ұрлығы», «Пәтер ұрлығы» деген атаумен профилактикалық шаралар өтіп жатыр екен. Мұнда полиция қызметкерлері тарапынан түнгі тексеру, бақылау жұмыстары күшейтілген. Нәтижесінде, қаңтар айында тіркелген қылмыстың басым көпшілігі жедел ашылған. Ауданның бас полиция келтірген деректерге сәйкес, биыл қылмыстық оқиға дерегі өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 2 есеге азайып отыр. Мәселен, 2018 жылы орын алған қылмыстың 81 пайызы ашылса, бұл көрсеткіш 2019 жылы 89 пайызға жетті.

Жалпы, тәртіп сақшылары қылмысты ашумен ғана емес, оның алдын алуға да мән беруі тиіс. Ол үшін полиция мен тұрғындар арасындағы қарым-қатынас жариялы болуы шарт. Осы мақсатта аудандық полиция бөлімінде ашылған фронт-кеңсе тұрғындарға заңгерлік көмек көрсетіп отыр. Бұл жерге тұрғындар азаматтық алу, айыппұлды анықтау, қару-жарак ұстауға рұқсат алу сияқты сұрақпен жиі жүгінеді екен.

– Полиция жұмысына қатысты айтылған сын қызметкерлердің жұмысын бағалауда, кеткен кемшіліктерді түзетуге оң ықпал етеді. Жалпы, қылмыстың алдын алу барысында біз үнемі бұқараға арқа сүйейміз. Сондықтан да тұрғындар назарына өткір мәселені ұсынып, қолдау күтеміз. Мысалы, мал ұрлығын дер кезінде ашу полиция қызметкерлеріне көп қиындық туғызады. Көп жағдайда тұрғындар ірі қараны ұзақ уақыт қараусыз жібереді де, малдың қай уақытта жоғалғанынан бейхабар болады. Полиция қызметкерлері өз тарапынан төрт түлік малды қараусыз қалдырмауды сұрайды. Тіпті мүмкіндік болған жағдайда мал басына электронды сырға орнатуды тәжірибеге енгізген дұрыс. Сондай-ақ пәтер ұрлығының тамырына балта шабу мақсатында көше мен үй ауласына бейнебақылау камераларын орнатуға да көңіл бөлу керек, – дейді Көксу аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Рамиль Гимадиев.

Алматы облысы

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ

Әлихан Бөкейхан: Санкт-Петербург және Самара іздері

«Ұлытау-2019» халықаралық туризм форумында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шығыс ханның үлкен ұлы Жошы хан есімін халық жадында қалдыру мәселесіне ерекше тоқтала келіп: «Біз Алтын орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алуымыз қажет. Бұл жұмыстар Алтын орданың 750 жылдығын мерекелеу аясында басталуы керек» деп атап өтті. Сол тарихи тұлғаның тікелей ұрпағы Әлихан Бөкейханов туралы кейінгі жылдары аз жазылған жоқ. Десек те, ол кісінің Санкт-Петербургте оқу кезеңі, Самарадағы өмір жолы әдебиеттерде мол қамтылмай, мұрағат құжаттарының жеткіліксіздігі әлихантануда сұрақтар тұғызып отырғаны да ақиқат. Осы ақтандақты жою мақсатында біз аталған қалаларда болып, біраз тың деректерді тапқан едік. Оларды осы тақырыпты зерделеп жүрген ғалымдарға, жас ізденушілерге ұсынған болатымын. Бүгін оны барша оқырмандарға ұсынууды жөн көріп отырмын.

Санкт-Петербург кезеңі

Орман шаруашылығы институтының түлегі Әлихан Бөкейхан туралы құжаттардың барлығы Санкт-Петербург қаласындағы Ресей ұлттық мұрағатында сақталып қалыпты (387-қор. 24 б. 1307-іс). Аталмыш құнды құжаттармен бұрын-соңды танысқан қазақ оқырмандары туралы мәлімет жоқ екен.

1895 жылғы 15 маусымда басталған Орман департаменті І-бөлімінің №100 ісі «Дело ученого лесовода Букейханова» деген папкада сақталған.

І-бетте Ресей Жер қатынастары және мемлекеттік мүлік министрлігіне қарасты Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының мемлекеттік мүлік басқармасының (Омбы қаласы) 5 маусымда жазылған №2018 қатынас қағазы тігілген. Онда былай деп жазылған: «Орман департаментіне

Ғалым ормантанушы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың Омбы Мемлекеттік Мүлік Басқармасына төменгі орман мектебіне оқытушы лауазымына тағайындау, қызметке алу туралы сұранысы. Ақмола облысының әскери губернаторына Бөкейхановты сұранып отырған қызметке бекіту туралы мәлімдеме Департаментке телераф арқылы жіберіледі».

2-бетте Әлекеннің өз қолымен толтырылған сұранысы бар:

«Орман департаментіне Ғалым ормантанушы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтан өтініш Санкт-Петербург Орман шаруашылығы институтын 1894 жылы бітіріп, сол саладағы ведомствоға қызметке түру ниетімен, Орман департаментінен мені Орманшылар корпусына тіркеп, Омбы Мемлекеттік Мүліктер Басқармасы жанынан қайтадан ашылып жатқан орман мектебіне, оқытушы лауазымына тағайындауды сұраймын.

Менің құжаттарым Мемлекеттік Жер Мүліктері Департаментінде жатыр, оны осы жылдың 28 ақпанында жоғарыда аталған партиялардың біріне қызметке алу туралы сұраныс жасай отырып жолдаған болатымын».

Омбы 2 мамыр 1895 ж.

3-бетте Санкт-Петербург Орман институтының аттестаты тігілген.

Онда: «Аттестат Санкт-Петербург Орман институты Кеңесінен, сұлтан Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановқа берілген, діні – мұсылман, 1870 жылы туған, Омбы Техникалық училищесінде тәрбиеленген, 1890 жылы Институттың тыңдаушысы ретінде қабылданып, ғылымилық толық курсынан өтіп, институттың барлық пәндері бойынша сынаққа шыдап, төмендегідей үлгерім көрсетті:

- Ботаника – 5 (өте жақсы),
- Дендрология – 4 (жақсы),
- Зоология – 5 (өте жақсы),
- Минерология және Геогнозия – 5 (өте жақсы),
- Химия – 5 (өте жақсы),
- Почвоведение (Топырактану) – 5 (өте жақсы),
- Физика – 5 (өте жақсы),
- Метеорология – 4 (жақсы),
- Математика – 5 (өте жақсы),
- Геодезия – 4 (жақсы),
- Саяси экономия – 5 (өте жақсы),
- Статистика – 3 (қанағаттанарлық),
- Жалпы заңтану – 5 (өте жақсы),
- Полиция құқығы – 5 (өте жақсы),
- Орман және жерді межелу заңдары – 4 (жақсы),
- Ормантану – 3 (қанағаттанарлық),
- Орман таксациясы және орманды бағалау – 3 (қанағаттанарлық),
- Орманды орналастыру – 5 (өте жақсы),
- Орман Инженерлік өнері – 5 (өте жақсы),
- Орман технологиясы – 3 (қанағаттанарлық),
- Неміс тілі – 3 (қанағаттанарлық).

1880 жылы 15 сәуірде бекітілген Санкт-Петербург Орман институты туралы Ереженің негізінде, 1894 жылы 12 қыркүйекте өткен Институт Кеңесінің отырысында Әлихан Бөкейхановқа, Ресей университеттері студенттеріне қатысты құқықтар мен артықшылықтардан бөлек, екінші дәрежелі ғалым орманшы атағы берілді» деп жазылған.

Аттестатқа Институт директоры, оның көмекшісі, хатшысы қол қойып, мөрі басылған.

4-бетте «Күпиялық» белгісімен Жер қатынастары және Мемлекеттік мүлік министрлігіне қарасты Орман департаментінің Ә.Бөкейхановты қызметке орналастыру туралы Полиция департаментіне жолдаған қатынас қағазы тіркелген.

5-бетте сол хатқа Полиция департаментінің берген жауабы келтірілген. Онда аталмыш департамент тарапынан Әлихан Бөкейхановтың орман ведомствосы бойынша мемлекеттік қызметке орналасуына кедергі болмайтындығы, қарсылық жоғы жөнінде мәлім етілген.

6-7-беттерде ақырында Әлекеннің жоғарыда аталған қызметке тағайындалғаны жөніндегі бұйрық берілген. Бұйрық 1895 жылдың 17 шілдесінде шыққан:

II дәрежелі Ғалым ормантанушы Бөкейхановты орманшы көмекшісі және төменгі орта мектебінің оқытушысы етіп тағайындау туралы

Санкт-Петербург Орман шаруашылығы институтының курсынан аяқтаған II дәрежелі Ғалым

орманшы Әлихан Бөкейханов, діні – мұсылман, жасы 25-те, өзіне Ақмола облысының Омбы орманшылығының орманшы көмекшісі және ағымдағы жылдың қыркүйегінен осы орманшылықта ашылатын төменгі орман мектебінің оқытушысы қызметін беру туралы сұраныс білдіреді.

Қорытынды. Аталған сұранысты қанағаттандыруға қарсылық, кедергі жоқтығын ескере келіп, Орман департаменті мынадай тұжырым жасады:

а) бекітілген тәртіппен, Бөкейхановты орманшының көмекшісі қызметіне, сонымен қатар ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен төменгі орман мектебінің оқытушысы қызметіне тағайындау туралы ұсыныспен шығу;

б) жоғарыдағы бұйрықты орындау мақсатында Бөкейханов мырза Омбы Мемлекеттік мүлікті басқару басқармасына жіберілісін.

Осы ұсынысты іске асыру үшін Орман департаменті Жоғары мәртебелі Сізден рұқсат сұрайды.

Одан кейінгі беттерде Орманшылар корпусы бойынша бұйрықтар, Ә.Бөкейханов еңбек еткен жылдарғы аттестациялардың қорытындылары берілген. Сол аттестация қорытындылары бойынша Ә.Бөкейхановтың қызмет дәрежесі де өсіріліп отырған. Мәселен, I-дәрежелі аксессуар, т.с.с.

Тағы бір құнды құжат Мемлекеттік жер мүліктері департаментінің 1897 жылғы 7 мамырда жазылған мәлімдемесі.

Орман департаментіне

Дала облыстарын зерттеу жөніндегі экспедицияның менгерушісі Ф.А.Щербина Мемлекеттік жер мүліктері департаментіне Омбы орманшылығы орманшысының көмекшісі және Омбы орман мектебінің оқытушысы Бөкейхановтың өзінің атқарып отырған лауазымынан қол үзіп кетуіне байланысты өзін Орман корпусы бойынша қалдыра отырып немесе аталған департаментке тіркеліп отырып, аталған экспедиция құрамына қосуды сұраған өтінішін жолдаған екен.

Осыған байланысты Мемлекеттік жер мүліктері департаменті Орман департаментінен аталмыш өтінішке қарсылық білдірмеуді, Бөкейханов мырзаның аталған сұранысын қанағаттандыруға қатысты департамент тарапынан қандай да бір кедергі кездеспегендіктен, оны Орман корпусында мүмкіндігінше белгілі бір мерзімге қалдыруды өтініп сұрайды.

Құжатқа бөлімше бастығы Заркевич қол қойған. Ең соңғы бетте ғалым орманшы Әлихан Бөкейхановтың тағы бір сұранысы келтірілген. 1915 жылдың 4 қаңтарында жолданған қатынас қағазда былай деп жазылған:

«Орман департаментінен мені Дон жер банкіне жеке орман қызметіне жіберуді сұраймын. Қазіргі кезде осында қызмет етемін, банкке Самара, Сибирск, Қазан, Уфа және Оренбург губерниялары бойынша кепілге қойылған орманды жерлерді бағалаумен айналысамын. Менің қызметіме қатысты шығарылған шешім жөнінде хабарлар етуді өтінемін, тұрғылықты жерім: Самара қаласы, Қазан көшесі, №30-үй».

Бір айта кетерлігі, мұрағат материалдары арасында Әлекеннің фотосуреттері жоқ. Есесіне дипломының түпнұсқасы сақталған.

Самара кезеңі

Әлекен үшін үлкен өмірлік мектеп болған өңір – Самара жері. Ол Дон жер банкіне қызмет жасап, 1917 жылғы Октябрь көтерілісіне дейін осы жерде еңбек еткен. Әлихан Бөкейхановтың шығармашылық тұрғыда өсуі, саяси қайраткер ретінде қалыптасу кезеңі осы жерде өтті. Самара топырағында шыңдалып, күллі қазақтың Алаш ордасын басқарып, ұлт-азаттық жолындағы көрнекті қайраткерге айналды. Қазіргі тілмен айтқанда, бұл өңір Әлекен үшін космодром болды.

1908 жылы Самара қаласындағы Дон жер банкіне қызмет жасап жүргенде Әлекеннің өмірінде аса маңызды оқиғалар болды. Саяси оқиғалардың бел ортасында жүрген Әлихан аз уақыттың ішінде күрескер ретінде танылып, аймақтағы беделді тұлғаға айналды. 1908 жылы «Сибирские вопросы», «Речь», «Слово» басылымдарымен байланыс орнатқан. Сол жылдарда Әлихан Ресей империясының жер саясатын сынап жазған материалдары баспасөз бетінде жарық көрді. 1912 жылдың 24 қарашасында Самараның барлық революциялық күштері тоғысқан жиналысқа қатысты. Бұл жиында октябристерден бастап солшылдарға дейінгі барлық саяси ұйымдар бас қосқан еді. Бұдан бөлек, 1908-1917 жылдарда Ф.А.Брокауз, И.А.Ефронның «Жаңа энциклопедиялық сөздігінің» редакциялық алқасы құрамына еніп, VIII – XXII томдарын шығаруға атсалысты.

1914 жылы социал-революционерлердің съезіне қатысып, «Ресейдегі қазақтардың жағдайы» атты баяндама жасады. Сонымен қатар Самара губерниясының атынан Мемлекеттік думаға мүше болған «Эсер» партиясының жетекшісі А.Ф.Керенскиймен кездесті.

1915 жылы конституциялық-демократиялық партияның мүшелігіне қабылданып, қазан айында Самарада өткен партия мәжілісіне қатысты. Онда жеңіске жету үшін күш салу, меньшевиктермен одақтасу, кадеттердің IV Бүкілресейлік съезіне



(Ә.Бөкейхан Дон жер банкі самаралық бөлімшесі қызметкерлерімен)

дайындық жұмыстарын жүргізу, т.б мәселелер қарастырылды. Әлихан Самара губерниясының көрнекті жетекшілерінің бірі ретінде кадеттердің орталық органы құрамына енді. Сонымен қатар Семей казактары атынан Петербургте өткен Ресей мұсылмандар съезіне (1914 ж. 15-25 маусым) делегат болды.

Әлекен туралы

Самарада жарық көрген энциклопедияда оның орыс қоғамындағы лақап атының Александр Николаевич Букейханов болғаны туралы айтылған. Сондай-ақ оның өміріндегі маңызды кезеңдер қамтылған. Энциклопедия жазбасында «Букейханов, Александр Николаевич (шын есімі – сұлтан Әлихан Нұр-Магомедович. 1870-1937ж.а өмір сүрген) Саяси қайраткер, 1905 жылдан бастап Кадеттер партиясының мүшесі, I-ші Семей губерниясының атынан сайланған Мемлекеттік думаның депутаты, «Алаш» қырғыз ұлттық партиясын құрушы, агроном-ғалым, Шыңғысханның ұрпағы 1912 жылдан бастап 1917 жылы желтоқсан айында «Алаш-Орда» партиясының төрағалығына тағайындалғанға дейін Самара қаласында тұрды. Орыс халықтың денсаулық сақтау қауымдастығы Самара бөлімшесінің мүшесі, Самара кадет ұйымының көшбасшысы болды. Самара губерниясында Алаш көсемінің туысқандары тұрды. Олар – Самара мен Новоузенко уездерінің жер иеленушілері князь Измайлов-бек Ахметұлы Шыңғыс Бөкейханов пен сұлтан Шалкерей Сейіт Гиреевич Бөкейханов еді. Тарихтан белгілі 1934-1936 жылдары болған жаппай репрессияға ілігіп, 1937 жылы Алматыда (ол кездерде Алма-ата) қарулы көтеріліс жасамақ болды деген кінә тағылып ату жазасына кесілді (Үкім орындалды)» деп анық жазылады.

Елшин және Бөкейхан

Әлихан Бөкейхан өміріндегі Самара кезеңі туралы айтқанда Александр Елшин есімін тасада қалдыруға болмайды. Екеуі саяси оқиғалар барысында табысып, кейбір мәселелерге қатысты ортақ көзқараста болған. Тіпті, Александр Елшиннің масондық ложаға қабылдануына Әлихан Бөкейхановтың ықпалы болған екен. Ол туралы тарқата жазамыз, әзірге Александр Елшин кім? Оның Әлекенмен қандай байланысы бар? Осыған тоқталып өтсек.

Александр Елшин – Самара археология қоғамының төрағасы, өлкетанушы, Самарадағы кадеттер партиясының бөлімін ұйымдастырушылардың бірі әрі хатшысы, Санкт-Петербург университетінің түлегі. Самара округтік сотында адвокат ретінде қызмет атқарған. Ол большевиктердің қырып-жою арқылы әлемді өзгерту тәсіліне қарсы көзқараста болған. XX ғасырдың бас кезінде Самараның қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан тұлға. Мәселен, 1905 жылы қоғамдық-қауіпсіздік комитетін ұйымдастыруға атсалысты. Ал 1904-1906 жылдар аралығында «Самара атшабары» газетінің редакторы болды. Ақ патшаны тағын тайдырған Ақпан революциясынан кейін Қазан төңкерісіне дейінгі аралықта халық білігі атқару комитетінің мүшесі болған.

Александр Елшин өте үлкен кітап қорын жинақтаған. Бүгінде оның кітаптары Самара облыстық кітапханасындағы А.Елшиннің жеке қорында сақталып.

1918 жылы Самара өлкесінің тарихы жөніндегі хронологиялық анықтамалық – «Самара шежіресі» құрастырып, жарыққа шығарған. Оның жеке қорында

кәсіби қызметі туралы құжаттар, Самара тарихы жөнінде жинақтаған материалдар, Самара кадеттер партиясының мүшесі ретіндегі саяси қызметін көрсететін құжаттар, сонымен қатар жазба күнделіктері мен естеліктері бар. «Самара в 1914-1915гг.» атты еңбегінде Әлихан Бөкейханмен кездесуі жайлы жазған. Сондай-ақ оның естеліктерінде Әлиханның Масондық ложаның мүшесі болғаны туралы да айтылады.

Масондық ложа

Өткен ғасырдың оккмыстыларының көбі өмірінің маңызды сәттерін күнделікке жазып отырған. Бұл әдет А.Елшинде де болды. Оның өз қолымен жазылған күнделіктері мен өлкетануға арналған құнды қолжазбалары Самара облыстық архивінде сақталған. Ол өз естеліктерінің бірінде 1914 жылдың 12 маусымында Самараға А.Ф.Керенский мен Н.В.Некрасов келгенін жазады. Жай келмеген. Олар Александр Елшинді масондық ұйымға өтуге үгітті.

«Бұл мені ерекше таңқалдырды. Бұл ұйым мен оның рәсімдері ерте замандарда ұмыт қалған шығар деп ойлайтын едім. Өңгіміміздің соңында мен олардың ұсынысына келісім бердім. Ұйымға қабылдау Қазанская көшесі №30 Субботина үйіндегі В.А.Кутушевтің пәтерінде өтетін болды. Әлихан Бөкейхановтың бұл бауырластыққа бұрыннан мүше болғанына және А.Керенский, Н.Керасов және менің арамада дәнекер есебінде жүргеніне күдігім қалмады. Келесі күні мен В.Кутушевтің потеріне келдім. Әлихан мені төрті бөлмеге алып барып, «Устав ережесі» бойынша мені өзгеріс «бауырлардың» ешқайсысын көре алмайтындығын жеткізді. Артында маған жеке басым, отбасым, қоғамға, мемлекетке және адамзатқа қатысты көзқарастарым туралы сұрақтар жазылған парақ ұсынып жазбаша жауап беруімді өтінді. Өзі шығып кетті.

Біраз уақыттан соң ол қайтып келген кезде мен жауап жазылған парақты қайтарып бердім. Ол «бауырлар» менің көзқарастарымды қарастырып, соған сай шешім шығаратынын айтты.

Біршама уақыттан соң ол қайтып келіп, менің көзімді байлады және шешпеуімді сұрады. Шамалыдан соң Керенский менің бауырластықтың жоғарғы кеңесі алдында тұрғанымды жеткізді. Бірақтар сұрақтар қойылды. Осыдан соң мен бауырластықтың алтын қабылдап, құрамына қабылданым», – делінген Александр Елшин естелігінде.

Түрлі деректер бойынша, Ресейде масондық ложалар 1730 жылдан бастап құрылған. Оның құрамына түрлі көзқарастағы және қоғамдық топтардағы тұлғалар енді. Бұл бауырластықтар XVIII – XIX ғасырлардағы қоғамдық қозғалыстарда маңызды рөл атқарды. Кейін XX ғасырда масондық ложаларды қайта жаңғырту әрекеттері тіркелді. Олардың құрамына саяси партиялардың мүшелері, мемлекеттік дума өкілдері кірген. А.Елшин естеліктерінде 1914 жылы аталмыш ұйымға Самара қаласынан 5 адамның қабылданғаны айтылады.

Осы орайда, бұл ескере кететін жайт, бүгінде жұрттың көбі масон сөзінен үркіп, аталмыш ұйымды құбыжыққа теліп жүр. Әйтсе де, Әлихан Бөкейхан ұлт мүддесі жолында кіммен болса да дос болып, одақтас болуға дайын болған. Бұл оның қайраткерлік қырының бір көрінісі емес пе?!

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,
ҰҒА корреспондент-мүшесі

(Жалғасы бар)



АЛМАТЫ, 1921 жыл, 8 маусым

Алматыдағы ең жайлы уақыт мамыр-маусым айлары. Күн аса ысық қоймайды, таудағы қар да тақыр-таза еріп кетпейді. Қазір жауған жаңбырдың суы жерге қазір сіңіп кетіп жатады. Күннің қызуымен таудың салқын лебі араласып, барша табиғат хош иісті қоныржай ауаға мольнан кенеледі.

1921 жылдың 8 маусымы да тап сондай жаңа жайлы мамыр-жай бір күн болып еді. Су тасыса әдетте шілде-тамыз айларында тасиды. Сондықтан сел болады-ау деген қауіп ешкімнің ойында жоқ. Қарағай шайырының иісі аңқыған үйлерде қала тұрғындары терең ұйқыға бас қойған.

Олардың арасында ұйықтай алмай, көзін бір ашып, бір жұмып серейіп қырдың қазағы Байсейіт те жатыр. Көз алдына күндізгі көрген көріністер қайта-қайта келе береді. Қалтасындағы орамалға түйілген ақшаны да сыртынан қайта-қайта сипап-сипап қояды. Таңертең айдап әкеліп, базарға шығарған қызыл тайыншасы өтпей-өтпей әрең өтті.

Қызыл тайыншаның ақшасын қалтасына басып алып, кете қалса да кімнің не шаруасы бар. Бірақ бала-шағасына алам деп келген киім-кешегі мен қант-шайын алып болғанша күн кешкіріп кететінін білді. «Алдыңа түн емес, күн салып жүр» дейтін әкесінің сөзін басшылыққа алды. Жерастынан қорықпаған дыбысты естіп, ұйықтай алмай ендігі жатысы мынау. Осы үйге келер жолда:

– Калай, Алма-Ата мынау ма? – деп бас бармағын көрсетті жез мұртты жұмық.

Оның Алма-Ата деген сөзге мән беріп айтқанына таңғалып, бетіне қараған. Анау да сырттан қыдырыстап келіп, қонаға қалып қойып жүрген қазақтардың қолайына жағып, көңілін тауып үйреніп алған екен. Мұрттың бір жырты еткізді де, мұның неге таңырқағанын бірден түсіне қойды. Бір жағы бұған әсер ететінін біліп, Алма-Ата деген сөзді әдейі қадап айтқан да секілді.

– Бұдан былай Верный емес, бұдан былай – Алма-Ата, – деді дайын жауабын алдына тоса қойып. – Солай... Биыл мың тоғыз жүз жиырма бір жыл... Сен ұмытпа... Жана жыл келді, бір ай отти, Верный Алма-Ата болды.

– Әй, оны қыста өзгертпейді ме? – деді Байсейіт одан өзінің де хабардар екенін аңғартып. – Мені дүниеден мақұрым дейсің бе?

– Айттып тұрмам жоқ па, жана жыл келді, бір ай отти, – деп быдықтады жез мұртты жұмық бірінші бір саусағын, содан соң екі саусағын көрсетіп. – Екінші айда, февральда өзгертті.

– Бірақ біз бұрыннан Алматы дейміз, – деді бұл аның соншама бәдікстенгеніне намыстанғандай. – Алма-Ата деп аузыңды аңқайтып тұрмайсың ғой.

– Сеникі дұрыс, оники де дұрыс, – деген жез мұртты жұмық тағы да екі саусағын шошайтты. – Ревком Алматы деп өзгертті. Екі күн отти. Олай болмайды деди. Алма-Ата қылды.

– Неге өйтті екен? Сендердің тілдерің келмейді деді ме?

– Қызық айтады сен. Өздеріңіз өздеріңе өздері күлді. Екеуіңің де бір-біріне зияны жоқ адамдар. Жүректің не дейді, соны айтады. Біреудің біреу аузындағы сөзін жұлып алып па.

Қырынан жатқан Байсейіт жайсызданып, арқасына аунап түсті. Астындағы ағаш кереуеттің мық жасалғаны сонша, бір жері сықыр еткен жоқ. Қарағайдан шебер қиоластырып салынған үйі де көтеріңкі екен.

Жез мұртты жұмықпен базар жағалап келіп танысқан. Мойнына «Жалға пәтер берем» деген тақтайша іліп алыпты. «Мынауысы дарға асылатын адамдікі сықылды екен» деп ойлады ол. Мұқтаж адамдар мақау болса да ұғынысады. Мұның екі ауыз орышасы мен оның екі ауыз қазақшасы еркін түсінісуге кен-мольнан жетті.

– Сен анда бар, – деді жез мұртты жұмық бүгінгі саусағымен жан-жағын айнала көрсетіп. – Мен мұнда тұрам. Базар біткенде кел. Екеуіміз кетеміз. Үй бар, тамақ бар. Атына да шөп бар.

Байсейіт қайда барсам да өзім білем дегендей бір теткіді де, өздері тұрған жерді белгілеп алып, базар аралап кетті. Сондағы көргендері қазір көз алдынан тізбектеліп өтіп жатыр. Көңіліне

тоқып алғысы келгендей, әрнені бір есіне түсіреді.

Мүйіздері найзадай екі сиыр бастарын шайқап-шайқап қойып, үстіңдегі жүгі ортайған арбаны митыңдай сүйреп барады. Сабап-сабап мезі қылған ба, иесі ирекеттен биікке мыңқ демейді, жарықтықтар. Басы-көздерін шыбыннан қорықпай, қалққан құлақтарын ғана еренсіз қағып-қағып қояды.

– Ө-ә, соқаға жексем көрер едіңдер, – деп айқайлады сиырлардың бас жібін қауысыра ұстаған қауға сақал. – Соқа салсаң, тыңға сал, Құйкадай ғой кара жер. Майысады мың масақ, Шегінен ор да ала бер.

Ол өзінің барқыраған даусын сиырлардан бұрын, айналадағы ел естісін деп айқайлап бара жатқан тәрізді. Себебі бұрылып қарайтын солар, ал сиырларға бәрібір. Олар әрі-бәрі арба сүйреп, әбден титықтап біткен сияқты. Шірікідердің жібін босатып, Алатаудың етегіндегі көк майсаға қойып берсе ғой.

Зенгі баба түлігінен көзін ала беріп, өзінен-өзі қуыстана қалды. Қуыстана қалған себебі, ат емес, әнгі мінген қазақты бірінші рет көруі. Өздері біреу емес, екеу. Қараптан-қарап тұрып, намысы келді де, теріс айналып кетті. Өзінің де шаруасының кетеуі кетіп, сиыр сапып жүргені есіне түсті.

Одан арғы оқиға тағы есіне түсіп, өзінен-өзі ал кеп күлсін. Бір айнала беріп қараса, әлгі екі есекке екі орыс кемпір мінгесіп жатыр екен. Ана екі қазақтың алдына базардан алған оны-мұны заттарын өңгертіп қойыпты. Мына әңгілердің базаршыларды үйлеріне жеткізіп тастауға таптырмайтын көлік екенін енді түсінді.

Сондағы байқағаны, айналалық ат шаптырым базарда адамнан ат-көлік көп болып шықты. Әлде базар тарқар кезде қаптап кеткені

болса да иесін танып, тыпыршып кетті. Ақырын қасына барып, жалын сипады.

Ақбоз аттың қасында тұрып, ертең бала-шағасына қандай базарлық алатынын ойша бір түгендеп өтті. Бұл барғанда бала-шағасы әрнеге таласып, «анау менікі», «мынау менікі» деп шуласа қалатын шығар. Қазақ бала санамайды, бірақ ол бес-алты саусағын кезек-кезек бүгіп қояды.

Орда бұзар отызында алдына мыңғыртып мал салмағанына ғана өкінеді. «Сұмырай келсе су құриды» деп, жана өкімет бәрін сыпырып-сипап барады. Қайта мұның бала-шағасының көзіне тура қарай алмай қалған кезі жоқ. Әйтпесе бар малын ортаққа салып жіберіп, артынан жер тырмалап қалғандар жоқ емес. Әсіресе ішкерті жақтың қазақтары аштыққа ұшырап жатыр деген хабар күн өткен сайын қаттырақ естіледі.

Ал мына Алматыда жоқшылықтың реңі де білінбейді. Алма әлі піскен жоқ, бірақ бытырғыдан сақталған құлжа алмаларды арба-лапта, дорбалап та сатып жатқандар бар. Жез мұртты жұмықты күтіп тұрғанда аппақ жұмыртқалар салынған тоқыма кәреңкелердің жүз шактысын санады да, ақыры аяғына жете алмай жаңылып тынды. Үйтілген тауықтар қойдың құйрығы қурап төңкеріліп, сөреге сыймай ол жатыр. Ірі кара малдың етін саудагерлерге боршаламай, бұтын бұт, қолын қол ғып әкеліп өткізіп жатқан қазақтарды да көрді.

«Бұл қаланың халқы шаруаға пысық екен-ау» деп ойлады. «Есіктеріңіз алдындағы алақандай жер қора-қопсымен бірге бір отбасын асырайды» деуші еді, сол рас шығар. Айтпақшы быттыр бұлардың ауылына келіп, ортақтасу туралы жиын өткізген өкілдің: «Сендердің жиган малдарың бір

жұттық», – деп кеткені несі екен? Осы оймен базарда тұрып, бар ырыс сол жақтан ағылып келіп жатқандай-ақ бас Алатауға өзінен-өзі телміре қараған. Қазір де атының сауырын алақанымен бір шапаттап қойып, тау жаққа мойны еріксіз бұрылып кетті.

Алатаудың қарлы шыңдары ай жарығын бойына сіңіре түскендей ағараңдай қалыпты. Таудың өзі де аспанның бір жартысын алып қарауға көлбеді. Тау-тастардың көлеңкелері де қай жаққа түсіп тұрғаны көрініп тұр. Өне бір тұстан қарағай ма, бірдененің сұлбасы бұланады.

Байсейіт сол жаққа үңіле қарап-қарап тұрды да, тағы да әлгі базар аралаған кезін ойлап кетті. Қазақтар тізілген сөрелер мен арбаларда көз тоқтағып қарайтын нәрсесіз екен екен. Солардың арасынан бұл түсініксіз бір қызық таңбалар басылған тайдың терісі оқшау шалынған. Сатуға шығарған ба, әлде көлеңке болсын деген бе, әй-теуір қос доңғалақты ат арбаның үстіне керіп іліп қойыпты.

– Алып-алың, – деді жалтаң көз татар бұған жапақ-жапақ қарап. Арбасында қырық түрлі зат жатыр, соның бірін ал деп тұр. Ал Байсейіт ол заттардың ешбірине қарап тұрған жоқ, арба үстіне не мақсатпен ілінгені белгісіз тай теріге қарап тұрды.

Терінің бетіндегі таңбалар қай таңба емес, өте маңызды бір белгілер екенін іші сезеді. Өйткені шет-шетіне өрнек салынған, онысы сол сызықтардың ішіндегі таңбаларды қастерлендіктің нышаны болу керек. Ішкі таңбалардың



кейбірі суретке ұқсайды, кейбірі жазуға келеді.

– Мынау не? Мұны неге іліп қойғаның? – деді ақыры шыдамай кетіп.

– Бұл ма, бұл – Алматы, – деп соғып жіберді жалтаң көз татар. – Жаңа ғана майлап, майы сінсін деп жайып қойған.

– Әй, мұның қай жері Алматы? – деп шамырқана қалды Байсейіт, арқа-басы шымырлағандай болып. – Қане, ана шіркеу қай жерінде тұр?

– Шіркеу жоқ мұнда, – деді жалтаң көз татар тайсақтанқырап. – Бұл теріге таңба салынғанда, бұл жерде шіркеу болмаған.

– Мына базар да болмаған ба? – деді Байсейіт тай терінің асты-үстіне айналдыра көз жүгіртіп. – Мұның қай жері Алматы сонда?

– Соны өзім де білмеймін, – деді жалтаң көз татар бір кезде шынына көшіп. – Біреуден біреу сатып алып жүр екен. Әбден қаудырлап кеуіп кетті. Он күн майлап, қайта келтіріп қалпына келтіріп алдым. Бір өгізге айырбастаймын.

– Сонда сен не, өлген малдың терісін тірі малға айырбастайсың ба? – деп жаныға кетті Байсейіт. – Е, сауда деген осы екен-ау, ә?

– Әй, тоқта, тоқта. Сен жаңа бір қызыл тайынша сатып тұр емес пе едің?

Базар аралап жүргеніне қарағанда, тайыншанды сатқаның-ау, шамасы. Егер сен шын қызықсан,

баспалдақтың астына тығылды. Жез мұртты жұмық елен-желең үйден атып шықты да:

– Ө, сен бе шу қылған? – деді екі ортада селтіген мұны көріп. – Ұйқы жоқ па? Ұйқы қашты ма?

– Ағаш кереуетің жамбасыма батты, – деп жорта текіретеді Байсейіт. – Үстімді бірдене шақты ма, бірдене болды.

– Е, онда сабанға жат.

Екеуі де бірін-бірі тыңдамай, құлақтарын басқа жаққа тіккендей болды. Тау жақтан соққан желдің екпіні күшейгенге ұқсады да, айнала төңіректі түгел борсыған шалшықтың иісі алып кетті. Аяқтарының астында жер дірілдеп, келтіріп көрген өгіз терісін шоқпармен қойғылағандай дүкірлеген дыбыс естілді. «Е» деп ес жиғанша болған жоқ, таудан тау бөлініп шыққандай бір пәле жөңкіліп жетіп те қалды. Жез мұртты жұмық далбақтап үйіне қашты, Байсейіт таптырақтап атына жүгірді. Атына тақымы бір тисе, мына дүлейден бір-ақ ұрып құтылып кететіндей соқыр үміт табанын жерге тигізбей деді кетіп.

Ақбоз ат та жылбырын үзіп кетіп, қайда қашарын білмей тасырандап алдынан шыға келді. Жалына қолым бір жетсе деп ұмтылғанда, атының мойны қайқая біткен жуан ағаштай зорайып көрінді. Оңды-солды сер-

сон артқы аяқтарымен тікесінен тік тұрды да, таудай пәлеге үйдей боп ұмтылды. Өзінен мыңдаған есе үлкен кара дүлейді түйгіштеп-түйгіштеп тастағысы келгендей, зілмауыр болат тұяқтарын ауада оңды-солды сермен-сермен жіберді. Онысынан еш қайыр болмасын сезген жануар жаны шыға шықынып, бар денесімен артына қарай қайырыла жалт берді.

Сөйтті де үйреншікті әдісімен үстінен үйме-жүйме боп кеп қалған қорқынышты құбыжықты сарт еткізіп тепті. Сол күйі жер бетінде не бар, соның бәрі мидай араласқан жардай толқынға жанқайдай да болмай жұтылды да кетті. Қас-қағым сәтте осының бәрін көріп үлгерген қыр қазағы Байсейіт те, босағасына жетіп жығылған жез мұртты жұмық та, оның қорсылдаған шоқшалары мен шұңқыраған тауықтары да, үй-жайы мен бау-бақшасы да, бәрі-бәрі бір асағанның қалмай тыптылып болды.

Кіші Алматы өзенінен басталып, одан Үлкен Алматы мен Есентай өзендеріне де ақтарыла асып-тасқан селдің биіктігі сонда жеті-сегіз метрге дейін жетіпті. Қазіргі Абай, бұрынғы Басарық көшесін талқандап, кешегі Нарын, бүгінгі Шоқан Уәлиханов, сол кездегі Қапал, кейінгі Қонаев көшесінің бойымен көктей өтіп, Райымбек көшесіне жеткенде ғана қарқыны басылған. Таңертең лай батпақ басып қалған көшелерде тамырымен қопарылған ағаштар, бұтақтары сұдырылған қарағайлар, тау жыныстарымен бірге домалап келген үлкен-үлкен тастар үйіліп жатыпты. Қойтас, сандықтас деген былай тұрсын, селмен ағып келген кейбір тастардың үлкендігін суреттеуге тіл жетпей, жотатас деп те атапты.

Қалың ұйқыда жатқан қаланы қаусатып өткен осындай сел бес жүздей адамның өмірін киып кеткен екен. Қамаулы тұрған жерінде қора-қопсысымен бірге шайылып кеткен үй жануарларында есеп жоқ көрінеді. Сел алған жер қаланың орталығы болғандықтан, ондағы сақтаулы тұрған азық-түлік те аққаны ағып, ақпағаны мый батпақтың астында қалса керек. Соның салдарынан қаланы аштық жайлап, халық қатты қиыншылыққа ұшырапты.

Сол жылы қаланың аты екі күн Алматы болып тұрып, үшінші күні «Алма-Ата» болып қайта өзгергенде бір сәуегей: «Жеті әріптің ішіндегі төрт әріп «а» деген дауысты дыбысты білдіреді. Ол жақсы нышан, қаламызды пәле-жаладан сақтайды», – депті-мыс. Содан тұп-тура төрт ай, үш күн өткенде қаланың негізгі бөлігін сел алып кетіп отыр. Өрине бұл жай ғана сәйкестік шығар, бірақ қасіреттің ұмытылып, әлгі сәуегейліктің әлі күнге дейін адамдардың санасында жүргеніне не жыларыңды, не күлеріңді білмейсің. Қалалықтарды нақты болған оқиғадан сабақ алудың орнына, әлдебір тылсым күштермен қорқытқысы келетіндер жоқ емес. «Алма-Ата» деген атау 1921 жылдан 1993 жылға дейін жетпіс екі жыл тұрды да, тәуелсіздік алған соң ғана қала атауы қайта қалпына келтірілді. «Сендер «Алма-Ата» деп жаза беріңдер, біз «Алматы» деп айта береміз» дейтін қазақы көңілдің кендігі түбі жеңіс биігінен көрінді. Осылай көңіліміз өсіп жүргенде өз арамыздан шыққан біреулер: «А» деген әріп әндітін айтқанға жақсы, әрі төрт «а» бізді қауіп-қатерден қорғап жүреді» деп құлағамызға тағы да сыбыр ете қалды...

ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

СОЛТҮСТІК ШҰҒЫЛАСЫ

Бүгін қазақ баспасөзінің тарихында ойып алар орны бар «Солтүстік Қазақстан» газеті жайлы ой толғаудың орайы келіп тұр. Енді санаулы күндерден кейін іргесін Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов, Қошқе Кеменгеров, Ғаббас Тоғжанов, Бекмұхамет Серкебаев (өйгілі әнші Ермек Серкебаевтың әкесі) сынды Алаштың ардақтылары қалаған, небір айтулы тұлғалардың қолтаңбасы қалған басылым абыз жастың биігіне көтеріліп, жаңа ғасыр беттерін парактай бастайды. Олай болса нақ бүгін газетіміздің әрлі-берлі тарихын тағы бір зерделеу еш артық емес.

Біздің газетіміздің алғашқы саны 1920 жылдың 22 ақпанында «Кедей сөзі» деген атпен Омбы қаласында жарық көрді. Ол кезде Омбы губерниясының ғана емес, ісі қазақтың игі жақсылары тоғысқан, әдебиет пен ғылымның да орталығы болатын. Қазақтың оқығандары сол кезде ең алдымен елдің сауатын ашуға ұмтылды. Оның бір тиімді жолы үнжариялар шығару еді. Осындай Ұлы Даллада «Айқап», «Тіршілік», «Жас азамат», «Қазақ» сияқты газеттер бүршік жарып, оқырманға жол тартқанын тарихтан білеміз. Қазақ баспасөзінің қарлғыаштары ғасырлар бойы тусыраған дала тәніне толқын салды, ел-жұрттың көкірегіне сәуде шашты.

Балауса басылым – «Кедей сөзі» нақ осы кезде ақпарат кеңістігіне қанат қағып, қазақ елінің көгіне күн болып шығуды, қараңғы халықтың сауатын ашуды алдына мақсат етіп қойды. Әрине оған сол кездегі жағдай да оң ықпал еткені сөзсіз. 1919 жылдың 27 тамызында Сібір төңкеріс комитеті құрылып, Қазақстанның Ақмола және Семей облыстары Сібір ревкомына қарайтын болды. Кешікпей оның органы ретінде «Кедей сөзі» газетін шығару туралы шешім қабылданды.

Ғасырлар тоғысында елінің болашағына, ұлттың тағдырына алаңдаған Алаш арыстары: «Көтер басты! Аш көзді! Тақта керенау жалқаулықты! Қайраттан, сілкіні! Жармасындар бос шашылып жатқан ғылым-білім жемістеріне! Хат білмегенің білуге, тануға қам қылып, түпке жеткен нанандықтан құтылуға кірісіндер!» – деп ұран тастады, жұртшылықты оятар рухани қазына жолына «Сал малды, сал жанды. Аянаба!» деп үгітті. Мұндай санқылдаған үн, лапылдаған леп, түпкете тұншыққан қазақ кедейлерін елең еткізгені анық.

Өтел Сарин деген автор газеттің алғашқы санында жарияланған «Оян, бейнетқорлар!» деген мақаласында: «Қас кім? Дос кім? Айыра алмай дал болып жүрмендер, бұл дәурен екі айналып келе бермесі! Біз де, міне, «Кедей сөзі» деген, атында да, затында да басқалық жоқ, сендердің мұн-мұқтажыңды қарастыратын газет шығарып, алдарыңа ұсынып отырмыз... қолға алып қарап, телміріп оқыңдар! Айнадан жүз көргендей: қандай жайда, қандай күйде жүргендеріңді көресіңдер... Теңдік жуан қамшы мен жуан білектен емес, жуан білімде. Оны жақсы ұғыну керек», деп оқырманға жаңа басылымның өмірге келгені туралы сүйінші хабарды жеткізе отырып, газет қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттерге де жан-жақты тоқталады.

Газетте «Кедей сөзінің» редакциялық алқасының мүшесі болған «Қазақ жастары ой-санасының өміршісі» атанған (С.Сәдуақасов) Мағжан Жұмабаевтың түрлі тақырыпқа жазған мақалалары жиі жарияланым тұрды. Ол өз материалдарына «Жәжеке» деп қол қойды. Мағжан Жұмабаев «Автономия кімдікі?» («Кедей сөзі», 12.01.1921ж.) деген тақырыппен жариялаған еңбегінде: «Бостандық елдікі! Автономия елдікі!... Айлы, күнді, қанды, отты тарихы бар кең, бай, терең тілі, әдебиеті бар, басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар – қазақтыкі. Жүз жылдар орыс ақсүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі» деп қараңғы қазақ елінің аспанын торлаған қою бұлтты сөйлітуге, күмәнмен, күрсінуден күні өткен кедей-кешіктік көңіліне сенім отын ұялатуға ұмтылады.

Ұлттың асыл перзенттері Смағұл Сәдуақасов пен Қошқе Кеменгеров те жақ газеттің жұмысына белсене араласты. Смағұл Сәдуақасов «Кедей сөзінің» 1920 жылғы 1 сәуірдегі санында жарияланған «Біздің жол» деп атаған мақаласында: «Осы күнгі болып жатқан үкілет ауыр іс, төңкерістен кейін қазақ халқы, оның еңбекшіл табы тұрмыс жүзінде қандай орын алмақ?» деген сауал төңірегінде ой қозғап, «Соны шешу – біздің бірінші мәселеміз. Ол алатын орынға қандай іс істеуіміз керек? Бұны шешу – екінші мәселеміз. Ол істейтін істеріміз кемісті болып шығу үшін неңдей әдіс тұтамыз? Бұл – үшінші мәселеміз. Нәм жоғарғы айтылған үш мәселені шешу үшін бізге жалпы бір иман есім керек. Бұл иманымыздың түрін белгілеу – төртінші мәселеміз» деп жастарды, өз құрбыларын «қазақтың пайдасын іздеу, сөзін сөйлеуге» шақырады.

Губерниялық қазақ газетінің қалыптасып кетуі оңай болған жоқ. Мысалы, «Кедей сөзінің» бірінші саны 1920 жылдың ақпан айында шықса, екінші саны оқырман қолына желтоқсанда ғана тиді. Газет шығару халық ауызекі тілден гөрі

сауатты, тасқа басылған, әріптермен әдіптелген кітап сөзіне зәру екенін ерте түсінген, қараңғылықтың шемешіне шегенделген ұлттың рухани бостандығын, сана сілкінісін баспасөз ғана оятатынына сенген Алаш арыстарының арманы еді. Сондықтан олар ештенеден аянған жоқ.

Міне, содан бері бір ғасыр артта қалды. «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың өзі сияқты газетіміз де талай қиындықтарды бастан кешті. Ол Сталиннің қуғын-сүргінін де, Хрущевтің «жылымығын» да, Брежневтің «тоқырауын» да бастан өткерді. Заман талабына сай атауы да «Бостандық туы», «Кеңес ауылы», «Ленин туы», «Солтүстік Қазақстан» болып бірнеше рет өзгерді.

Қазақ автономиясы құрылуына байланысты Омбы губерниясының әкімшілік аумағында өзгерістер болғаны белгілі. Қазақ автономиясы құрамында Ақмола губерниясы ұйымдастырылып, оның орталығы Петропавл қаласы болып бекітілді. Соның өзінде 1921 жылдың бесінші наурызында «Бостандық туы» деген атау алған газеттің тұңғыш саны төрт мың данамен Омбыдағы қазақ өкілдігінің баспаханасында басылып шықты. Өйткені газетті Петропавлға көшіру, қағаз тапшылығын жою және басқа да аса күрделі, күрмеуі көп мәселелерді шешу керек болды. Осындай қиын-қыстау кезеңде араға ай салмай Жанұзақ Жәнібеков, одан соң Сабыр Айтқожин сияқты азаматтардың газетті басқарғаны «Бостандық туы» тап болған қиыншылықтарды көзге естелетеді. Жалпы, жеті жыл жарық көрген «Бостандық туына» жауапты редакторлар ретінде Ж.Сұлтанбеков, Ш.Ералыев, Ж.Жәнібеков, С.Сапарбеков, Ж. Тілепбергенов, Ж.Тәттібаев, М. Қайыпназаров қол қойған.

1932 жылдың қыркүйек айындағы деректерге қарағанда, «Бостандық туы» айына 6-8 мыңға жуық данамен ғана шығып тұрған. Ал губернияның аумағына бүгінгі Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары түгелімен және Қарағанды облысының біраз жері кіргенін ескерсек, газеттің таралымы теңіздің тамшысындай ғана екені аңғарылады.

Дегенмен, газет қолға қалам ұстап, сөзді қару етіп есеюі күресіне шыққан қазақ жазушыларының қатарын қалыптастыруға зор ықпал етті. Зиялы деген ұлттың ұлы тұлғалары мақалаларын, әңгіме-жырларын осы газетте жариялады. Солардың ішінен сайдың тасындай суырылып шыққандары ақиық ақын Мағжан Жұмабаев пен қаламы әсте мұқалып көрмеген Сәбит Мұқанов болды. Сәбең «Есею жылдары» романында өзі «Бостандық туында» қызмет еткен осы жылдар жайына тоқталады да «Қызылжар» романын жазған Мәжит Дәулетбаев пен ақын Жақан Сыздықов жөнінде сүйсінерлік әңгіме шертеді. «Бостандық туының» көрігінде шындалғандардың қатарында Сейітжан Омаров, Жиенғали Тілепбергенов, Жұмағали Санин, Асқар Токмағамбетов, Шахмет Құсайынов, Ғалым Мамдыбаев та бар. Олар да осында қалам тербеп, әдебиет асуларына өрледі.

1928 жылдың күзінде 1932 жылдың көктеміне дейін Петропавл округтік партия және атқару комитеттерінің үні болған «Кеңес ауылы» газетін басқару, уақытында шығарып тұру жеңіл болған жоқ. Бұл Сталиннің партиядағы, ал сонымен бірге бүкіл елдегі билікті бір өзінің қолына алып, тізгінді сыңар үстеле тартқан қанкешті түсі еді. Оның ішінде Голлоцкийнің «Кіші Қазан төңкерісі» қазақ даласын індеттеп, қоғамды қиған кезде қазақ қауымында әшкерелеу, жар астынан жау, бөрік астынан бөрі іздеу кеселге айналды. Байларды, жауларды әшкерелеу газеттің негізгі айдары болды. Тегершіктің тегеуріні зор еді. Ол қаншама тағдырларды ұлтарактай таптап, ұнтақтай ұтып кетті. Өзгерістер өктемдікпен орнықтырылды. Бұл газетке де зор кесел әкелді. Басылым үшін, әсіресе 1932-1937 жылдардың қайғы-қасіреті көп болды. Нақ осы жылдары «Ленин туының» алғашқы редакторлары Есіркеп Қалымбетов, Елжас Бекенов, Әбдірахман Айсарин, Зейтүн Сыздықов атылып кетті.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің аяғы келімсектердің қаптауына өкеліп соқты. Сөйтіп қазақ өз отанында азшылықта қалды, ордасының дінгеітін шайқалды. Шаруашылықты ұйымдастырудың шоғырландыру әдісі белен алғандықтан әкімшілік аумақтар шекаралары бөлекше құрылымға көшті. Соның кесірінен қазақ басылымдары зардап шекті. Облыстар қысқартылып, өлкелер ұйымдастырылды, газеттер жабылып қалды. Ақыры «Ленин туы» да жабылып, өлкелік партия комитетінің үні ретінде «Тың өлкесі» газеті



ұйымдастырылды. Ұлт басылымының ең бір өгейлік көрген кезі осы тұс еді.

Мұның бәрі қандай өкінішті болса да, өңірлік газет осы жылдары жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Сол жылдары «Ленин туында» өмірдің өзекті тақырыптарын арқау еткен очерктер, суреттемелер, сыни мақалалар, фельетондар, шалқымалар үздіксіз жарияланып жатты. Осы арада кезек-кезегімен газет тізгінін алған Әміржан Оспанов, Ғалым Мұхамеджанов, Балтабек Асанов, Құрмантай Мендіқожин, Уәп Рақымжанов сынды қаламгерлердің газетті іскерлікпен басқарғаны, өткен ғасырдың алпысыншы, жетпісінші жылдардың ауыр жүгін абыроймен арқалағанын айту парыз.

Бір ғасырдың ішінде шаңырақтың әрбір кірпішін өз қолымен қалағандардың қатарының қалыңдығы сондай оларды санамалап шығу мүмкін емес. Десек те қазақтың көрнекті жазушылары Әбдірахман Айсариннің, Әлжаппар Әбішевтің, Әбділда Тәжібаевтың, Дихан Әбіловтің, Сафуан Шаймерденовтың әр кезінде «Ленин туы» газетінің редакциясында қызмет істеп, қаламдарын ұштағанын мақтан етпеу мүмкін емес, әрине. Бұл есімдер қазақ әдебиетінің ажарына айналғанын сөз құдіретін түсінетін оқырмандар жақсы біледі. Осының өзінен-ақ газеттің берісі облыста, әрісі республика көлемінде журналистиканың ғана емес, сонымен бірге әдебиеттің де бір мектебі болғаны анық аңғарылып тұр.

Қазақ баспасөзінің бастауында тұрған, халық «қарашаңырақ» деп кастерлейтін, Есіл өңірінің болмысындай өріліп, өмір құбылыстарын боямасыз өрнектеп келе жатқан, ғұмыры ғасырмен өлшенетін басылым – «Солтүстік Қазақстан» газетінің жүріп өткен жолы осындай.

Қаламгерлердің бүгінгі буыны да Алаш ардақтыларының аманатына адалдығын сақтап, халықтың сөзін сөйлеуден, мұңын мұндап, жоғын жоқтаудан жаңылмай келеді. Ұжыммыз түзесіз еліміздің өміріндегі өзгерістерді халыққа жедел әрі шынайы түрде жеткізіп, мемлекетімізде жүзеге асырылып жатқан реформалардың түпкі мақсатын, жалпы халықтық мүдделерді, басты құндылықтарды негізгі тақырыбына айналдырып отыр. Біз еліміздегі, өңіріміздегі тыныштық, ылықтар арасындағы ынтымақ-бірліктің сақталуы үшін де жауапты екенімізді жақсы түсінеміз, шама-шарқымызша оған өз үлесімізді қосып келеміз.

Қауырт еңбекке, тынымсыз ізденіске толы – 100 жыл! Бұл – газет ұжымы, қалың оқырмандар үшін ғана емес, бүкіл солтүстікқазақстандықтар үшін мерейлі белес! Бүгінгі қым-қуыт тіршілікті желеу етіп, оны елеусіз қалдырсақ, ұлыларымыздың ұрпаққа ұлағатына, елге аманатына қиянат жасаған болып шығар едік. Осыны ескеріп, біз мерейтойға әзірлікті ерте қолға алдық. Бірден басын ашып айтуымыз керек, мерейтой дегенде біз аста-төк дастарқан жайсақ деген ойдан аулақпыз. Оны біз халық алдында есеп беретін, газеттің мазмұнын одан әрі байытуға, тартымдылығын барынша арттыруға ықпал ететін белсенді іс-қимыл кезеңі деп түсіндік. Міне, сондықтан да қыстың көзі қырауда ақ қар, көк мұзға қарамай аудан, ауылдарға шығып, оқырмандарымызбен кездестік. Кездесулердің барысында басылымның бүгінгі беталысы, ұстанымы, жүріп өткен жолдары, қол жеткізген шығармашылық жетістіктері әңгіме өзегіне айналды, алда тұрған міндеттер сараланды. Оқырмандармен кездесу барысында газетіміздің аргы-бергі тарихы туралы әңгіме қозғай отырып, ғасыр биігіне көтерілген абыз басылымның басындағы қиындықтарды да орап өте алмадық, соңғы жылдары газет таралымының күрт төмендеп кеткеніне назар аудардық.

Жасыратыны жоқ, арамызда «не қазеттің бәрін ғаламтордан да табамыз ғой» дегендей сыңаржақ пікірлердің жетегінде жүргендер де аз емес екен. Ұлы

Абай «Қорқамын кейінгі жас балалардан» дегенде, күндердің күнінде осындай сорақылықтың алдан шығатынын сезген сияқты. Неткен көрегендік десеңізші! Біздің уәжіміз: дәуір алмасып, ұрпақ жаңарғанмен газет өзінің өзектілігін жойған жоқ, жоймақ та емес. Біздің басылым да ұлттың рухын көтеріп, халқымыздың намысын қайрап, өңір өмірін қара сөзбен кескіндеп, өлеңмен өрнектей береді. Бұл өмірлік қажеттілік!

Халықта: «Оқымаған бір бала, оқыса екі бала» деген тәмсіл бар. Өттеген-ай, бүгінгі ұрпақ газет-журнал, кітап бетін ашудан қалып барады. Бәрінің жүрегің ғаламтор, әлеуметтік желі деген бәле жаулап алған. Оны шынайы ақпарат көзі деп қарауға әсте болмайтынын, талғап, таңдап пайдаланбаға, ұлт үшін қауіптілігін былайғы жұртты айтпағанда ұстаздардың, көзі ашық деген азаматтардың өздері де түсінебейтін сияқты. Неше түрлі өсек-аян, жүректі жаралайтын жалған сөздер осы ғаламтор арқылы тарап, халықтың ой-санасын ұлап жатыр. Ашығын айттық. Ақиқатын өздері ажыратып алар.

Бұл мәселе Солтүстік Қазақстан университетімен бірлесіп өткізген ғылыми-тәжірибелік конференцияда да назардан тыс қалған жоқ. Конференцияға Нұр-Сұлтаннан, Шымкенттен, Омбыдан (Ресей), тағы басқа қалалардан келген белгілі ғалымдар жүз жылдық тарихы бар басылым жайлы өрелі ой өріп, қайтетушыларға тың деректер ұсынды. Сөйтіп газетіміздің тарихын бұрынғыдан да байыта түсті.

Тарих демекші, осыған дейін біз мерейтойлар кезінде газетіміз жайлы «Дәуір-дастан», «Қызылжар өңірінің шежіресі», «Қарашаңырақ» деп аталатын үш кітап шығарған едік. Газет тарихын зерттеу биыл да жалғасын, жаңа кітап баспаға тапсырылды. Осы кітаптардың барлығында әр кездері газетте қызмет істеген адамдардың тізімі берілген. Іздерің жұмыстарының нәтижесінде биыл бұл тізім жаңа адамдармен толықты. Олардың қатарында қазақтың біртуар ұлы, атақты балуан Қажымұқан Мұңайтпасов та бар. Омбы мұрағаты материалдары негізінде дайындалған «Омбы – Ертіс өңірінің қазақтары» деп аталатын энциклопедияда атақты бабамыздың 1917-1920 жылдары жергілікті баспаханада жұмыс істегені, «Кедей сөзі» газетін шығаруға қатысқаны жазылған. Бұл да біз үшін зор мақтаншы!

Шежірелі басылым «Солтүстік Қазақстан» газеті өңіріміздің айнасы ғана емес, баға жетпес ұлттық құндылық болып табылады. Осыны жақсы түсінген жергілікті университеттің ғалымдары, облыстық архивтің қызметкерлері, журналистер басылым тарихына қатысты іздерің жұмыстарын одан әрі жалғастыруда.

Мерейтой бағдарламасы аясында Петропавлдағы Өл-Фараби атындағы мектеп-лицейдің ұжымымен бірге ұйымдастырылған жас ақындар мүшәйрасы да газетіміздің беделін арттыруға ықпал ететін шара болды десек қателеспейміз. Айта кететін бір жайт мектеп оқушыларының «Солтүстік Қазақстанның» тарихына, бүгінгі тіршіліктің тынысына қызығушылығы бәсеңсір емес. Олар алдын ала жасалған кестеге сәйкес апта сайын редакция табалдырығынан аттап, газет өмірімен танысуда.

Мереке қарсаңында өңір журналистері билырдан, шағын футболдан күш сынасып, облыстық газеттің жүлдесі үшін күресті. Бұл игі бастама алдағы уақытта жалғасын тауып, барлық аудандарда мектеп оқушылары арасында ұлттық ойындардан жарыстар ұйымдастырылмақ.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – «Солтүстік Қазақстан» газеті қазіргі заман талабына сай жаңғырып, ғасырлық мерекесін толайым табыстармен қарсы алып отыр.

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ,
«Қызылжар-Ақпарат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры

Өңір айнасының өнегелі ЖОЛЫ

Жуырда М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде облыстық газеттің 100 жылдық мерейтойына арналған «Солтүстік Қазақстан – бір ғасырлық шежіре» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Жақсыбай САМПАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Ұйымдастырып отырған университеттің ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы А.Бібыраева алғашқы сөзді облыс басшысы атынан құттықтау айту үшін әкімнің орынбасары Р.Өлішевке берді. Құттықтауда өңірдің қазақ өнері, мәдениеті мен әдебиетінің орталығы болған бір ғасырлық басылым облыстың тарихи шежіресі екендігі айтылды және оның мерейтойын кең көлемде атап өту жаз айларының біріне қалдырылғаны белгілі болды. Конференцияда баяндама жасаған белгілі ғалымдар Қайрат Сак пен Зарқын Тайшыбай «Солтүстік Қазақстан газетінің» қабырғасында қызмет еткен айтулы тұлғалар мен Алаш арыстарына арналған зерттеулерін алға тартты. Сонымен қатар Қ.Сақ өзінің сөзінде аймақтық баспасөздің өткеніне тоқталып, олардың осы күнге дейін зерттелмей жатқандығын атап өтті. Ал З.Тайшыбай өз тапқан газеттің тарихи беттерінде бүгінге дейін өзектілігін жоймаған талай мәселелерді сөзге тиек етті. Конференцияда Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті колледжінің директоры, тарих ғылымдарының докторы Сейдахан Өлібек жасаған баяндамасында «Солтүстік Қазақстан газетінің» редакторларының бірі болып, 1937-ші жылғы репрессияның құрбаны болған туыс ағасы Сейітбек Үсенұлының өмірі мен шығармашылығынан мол мағлұмат берді. Сондай-ақ Л.Н.Гумилев атындағы ЕУУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының доценті Қайырбек Кеменгер «Солтүстік Қазақстан» газеті басылымдарының бірі болған ата-саны Қошқе Кеменгерұлының Қызылжарда қызмет еткен жылдарынан зерттеу деректерін алға тартты.

Конференция жұмысына сондай-ақ жергілікті ғалымдар, журналистер тағы басқалары қатысып, өңір айнасы туралы өз ойларын ортаға салды. Ресейдің Омбы қаласынан келген «Мирас» қазақ тілі мен мәдениетін дамыту және сақтау қорының директоры Асқар Раисов пен дизайнер, саулестерінің сарапшысы И.Вахитов та қазақ мәдениетінің тарихы, өз қалаларының архивтері мен қорларында өте мол екендігі туралы ақпарат берді. Болашақ журналистер арасынан шыққан жас ақындар газеттің мерейтойына арналған өлеңдерін де оқып берді. Шараны ұйымдастыруда үлкен белсенділік көрсеткен «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі Айсұлу Шайкенованың да еңбегі ерекше екенін атап өту керек.

Конференция жұмысын «Солтүстік Қазақстан» газетінің басшысы Жарасбай Сүлейменов қорытындылап, іс-шараның ұйымдастырушылары мен келген қонақтарға ризашылығын білдірді.

ПЕТРОПАВЛ



Театр және кино актері Ержан НҰРЫМБЕТ:

Әртіс әлемі жұмбақ болуы керек

Кей актерлер болады, сахнаға жалқы сәт шығып, жарқырап жүреkte жатталатын. Шағын эпизодтық рөлінің өзі басты кейіпкерлермен бәсекеге түсіп, бәсі биікте салтанат құратын. Олар ойнамайды, кейіпкерімен өмір сүреді. Тұлғасы тұтасымен өнердің өзіне айналып кетеді. Сахна мен экран бірдей сүйетін ондай талант санаулы. Замандас сахнагерлер арасындағы сол аздың алды – Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театрының актері Ержан НҰРЫМБЕТ десек, артық айтқандығымыз емес.

Алдын ала келісілгенімен, актер Ержанмен жоспарланған сұхбатымызды «әне», «міне» деп жүріп, біраз ұзартып алдық. Кездесуді кейінге шегере бергеннен-ақ актер жайлы іштей екішты пікір қалыптастырып үлгергендейміз: «тәкаппарлық па?» әлде «тым қарапайымдылығы ма?»... Бірақ сонда да қайтпай, қайта-қайта тіл шала жүріп, ақыры сұхбат уақытын белгіледік. Сенбінің таңын театр ішіндегі сырласу сәуірінен бастаған әңгімеміздің эллипсасы, әлбетте, актердің бізге аса қызық көрінген осы бір мезгілінің сырлы үнілуден басталды.

– Тәкаппарлық дейсіз бе? (күліп алды). Жоқ, менің өнердегі де, өмірдегі де қалыбым осы. Көсіле қызыл сөзге ерік бергеннен гөрі, іштегі өнерім арқылы көрерменіммен сырласқым келеді. Мені халық ойнаған рөлдерім арқылы танып, бағалап жатса – құрметтің үлкені сол деп білемін. Актер адамда одан асқан бақытты болуы мүмкін емес. Сондықтан ішімді ақтарып салып, барлығына тым ашық болғым келмейді. Актер әлемі жұмбақ болуы керек. Сонда тұлға да, тудырған өнері де қызықты. Шың өнер сырласу құралына айналған жерде, қалған әңгімені артық деп есептеймін. Ал болмысыма қалжың, барым – осы.

– Қазақтың халық әртісі, актер, режиссер Райымбек Сейтметовтің сүйікті шәкірті болғаныңызды білеміз. Ұстаз дегенде ойыңызға не оралады?

– Райымбек аға ірі адам еді ғой. Мінезі де, ісі де. Біз сол кісіге қарап жүріп, биіктің қандай болатындығын білдік. Сахнада абыздар көп. Өзіміз де оның біразын театрда ойнап жүрміз. Бірақ өмірде шың абыз аз. Сол аздың бірі – осы Райымбек аға болатын. Ақсүйек болмысты кісі еді. Тіпті жүретін, байыппен тіл қататын. Қанша балалық жасап, көңіліне кірбің салып тұрсақ та бізге дауыс көтеріп көрген емес. Ол кісінің бейнесі көз алдымызда сондай бір бекзат қалыбында қалып қойды. Поэзия оқығаны қандай еді. Дауысында ерекше әуез болатын. Қазір ешбір актер олай олең оқи алмайды.

Менің үлкен бақытым – Райымбек ағаның ұстаздық махаббатына бөленгендігім. Қайда барса да қасына ертіп жүретін. Қолымда – домбыра, Рекеңнің жеке әнішісі болдым десе де болады. Өзгелерге таныстырғанда да шәкіртім деп емес, «бұл – менің балам» деп таныстыратын. Бүгін біз қандай да бір жетістікке жетіп, өнерде өз орнымызды қалыптастырып жатсақ, ол – ең әуелі бойымызға өнер берген Алланың, одан кейін бағбандай баптап үлкен сахнаға жол ашып берген ұстазымыздың арқасы.

– Түркістан театры... Тақыр жерден театр ашудың, тарих жасаудың салмағы қандай?

– Бұл енді ұстазымыз Райымбек ағаның үлкен ерлігі. Біз шәкіртіміз болып жанында шақылап жүргенімізбен, бар салмақ негізінен сол кісіге түсті. Осы өлкеде даярлаған алғашқы шәкірттерінің бірі болғандықтан, қасында жүріп, барлық қиындықты ұстазымызбен бірге көрдік. Өте қиын жағдайда тұрдық. Жарық жоқ, жылу жоқ. Райымбек аға кәдімгідей пеш жағып, Кентауда жер үйде тұрды. Түркістан мен Кентауды айтпағанда, қаланың айналасындағы елді-мекендерге де жиі шығып, қойылым қойып жүрдік. Онда да айтарлықтай жағдай болмады. Суық. Мұның барлығы Рекеңнің денсаулығына әсер етпей қоймады. Одан кейін Райымбек ағам жалғыз еді. Рас, қасында қаулаған адам жүр. Бірақ ол кісі мақсатына барар жолда жалғыз болды. Арманын ақиқатқа айналдырамын деп басын тауға да, тасқа да ұрды. Қиындықтың барлығын қайыспай көтерді. Сөйтіп жүріп, ұстазымыз 2000 жылы көптен тілеген арманы – Түркістанның төрінен төл театрын ашты. Елбасы өзі келіп тұсауын кесті. 15 минутқа ғана келген Президент 1 жарым сағат отырып спектакль көрді. Қойылым аяқталған соң сахнаға шығып, батасын берді. «Актерлерің жақсы екен» деп ризашылығын білдірді. Сол кезде бізден бақытты жан болмады.

– Биыл Р.Сейтметов атындағы Түркістан облыстық сазды драма театрының құрылғанына 20 жыл толады екен...

– Иә, биыл Түркістан театрының мерейтойы. Осынаша уақыттан кейін Рекеңнің салып кеткен ізін ой жүгіртіп, көз салсам, ұстаз шешімдерінен көрегендікті көретіндеймін. Мәселен, ол кісінің бізге

дейін де шәкірттері көп болды ғой. Солардың басын құрап, театр аша берсе болатын еді. Бірақ Райымбек аға өйтпеді. Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде өнер факультетін ашып, бізді сахна сырлына баулыды. Қазір ойлап қараймын: Рекеңнің бұл шешімі – өзінің бар жиган тәжірибесі мен білімін бұрын былғанбаған тап-таза параққа жазып қалдырғысы келген ниетінен туған шығар. Сол үшін де бәрін басынан бастауды жөн көрген секілді. Біз екінші құрстан бастап сахнаға шықтық. Бастапқыда жеңілдеу қойылымдарды, мелодрама, комедияларды ойнап, кейін жай-жайлап күрделі шығармаларға өттік. Рас, ол кезде Түркістаннан театр ашу жергілікті халық үшін үлкен жаңалық болғаны сөзсіз. Оған дейін түрлі концерттер мен әзіл-сықақ театрларын көріп келген көрермен енді бас-аяғы бүтін кәсіби драмалық спектакльдерге қарай ағылды. Тұрғындар үшін Райымбек ағаның әр жұмысы жаңалық болды. Халық үлкен махаббатпен қарсы алды. Бұл жерде мен Рекеңнің еңбекқорлығын, шыдамдылығын, жанкештілігін айтқым келеді. Студент балаларды сахнаға шығарып, спектакль қойғызу деген есепсіз қажырды қажет етеді. Сол қиындықтың барлығын ұстазымыз қайыспай көтерді. Бізді нағыз маман, Райымбек мектебінің түлектері етіп тәрбиелеп шығару үшін күн-түн демей тер төкті. Жер бетінде бізден артық театр жоқ деп сендірді. Сол сөзге сеніп өнер тудырдық. Еңбегімізге, ұстаз артқан сенімге барынша адал болуға тырыстық. Біз үшін биіктік деген Райымбек ағаның өзі болатын.

Кейін елордадағы Қ.Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ музыкалық драма театрына ауысып келдіңіз. Бұл шешіміңізді ұстазыңыз қалай қабылдады?

– Шыны керек, оңай болмады. 2003 жылы режиссер Болат Қалымбетовтің «Сардар» фильмі жарыққа шықты. Сонда Ақберді деген бас кейіпкердің бірін ойнадым. Бұл менің кинодағы дебютім еді. Сол киноның астанада өткен тұсаукесерінде Эзекең – Әзірбайжан Мәмбетов мені экраннан көріп ұнатып: «Мына актер кім? Біздің театрға шақырыңдар» дейді. Қаллеки театры жақтан қоңырау толассыз түсіп жатты. Бірақ бір шешімге келе алмай көп ойландым. Өйткені ұстазым қасында жүр еді. Маған сонша сенім артып отырғанда ол кісіні тастап, басқа театрға кетіп қалуым сатқындық болар еді. Сол ойдың арпалысымен 4 жылдан аса уақыт жүрдім. Мен ел бітірген Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында оқыған жоқпын. Ұстазым Райымбек Сейтметов өзі Түркістаннан тауып алып, салған әнімді ұнатып, бойымдағы сәл ғана маздаған таланттың ұшықшынын танып, оны алауға айналдырды. Театр ашылғалы барлық басты рөлді ойнадым. Менде арман жоқ шығар. Ақиқатын айту керек, бұл жағынан мен ұстазыма қарыздармын. Өйтсе де, өнер адамының ішінде бір шығармашылық шөліркеу, қанағаттанбау болады. Осы бір сезім маған да маза бермеді.

2005 жылы Қ.Қуанышбаев театрының ұжымы Түркістанға гастрольдік сапармен келді. Сонда актерлердің ойынын көріп: «Ақыры актер болып жұмыс істеген соң, осылармен бірге жүру керек қой. Құласаң да, осылардың арасында құлаған жақсы» деп ойладым. Сөйтіп 4 жылдық толғанғы ақыры мені үлкен тәуекелге алып келді. Астанаға келгеннен кейін бәрі жарқырап, жақсы болып кетті демеймін. Отызға келгенде басқа ұжымға келіп актерлік жолыңды қайта басынан бастау оңай емес. Мүлдем басқа мектеп, басқа серіктестер. Бірақ, жаңа ортаға тез бейімделуіме театрдағы ол кездегі жаңа, бүгінде бауырға айналып кеткен әріптестерімнің көмегі зор болды. Өрине, «театрдан кетем» дегенде мені баласындай көрген Райымбек ағам ренжіді. Мен де өзімді қоярға жер таппадым. Алайда бір өзгеріс керек еді. Содан қиналсам да осы шешімге келдім. Астана театрына ауысқанымда марқұм Әшірбек аға қатты қуанды. Режиссер Әлімбек Оразбеков қойған М.Әуезовтің «Абай» трагедиясындағы Әбішмиді көріп: «Ой, бала, осында келгенің дұрыс болыпты. Сенің орның – осы жер» деді. Сыншы ағаның маған осыншалықты сенім артып, ықылас білдіргені қатты толқитты. Екіұдай күйде жүргенде мұндай жылы сөз жаныма ауадай қажет еді...



“СОҢҒЫ УАҚЫТТА ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ АЯҚ АЛЫСЫ ЖАМАН ЕМЕС. ТЕК ӨЗГЕЛЕРГЕ ЕЛІКТЕУДЕН АРЫЛСАҚ, АРЗАН ӘЗІЛДЕРДІ ЖИІ ПАЙДАЛАНУҒА ӘУЕСТЕНБЕСЕК ДЕГЕН ТІЛЕГІМ БА. ПРОКАТҚА ШЫҒЫП ЖАТҚАН КОМЕДИЯЛАРДЫҢ ДЕНІ «КВН»-НІҢ ДЕНГЕЙІНДЕ. КӨРКЕМ ФИЛЬМ КӨРІП ОТЫРСЫҢ БА, ӘЛДЕ «КВН» ТАМАШАЛАП ОТЫРСЫҢ БА, АЖЫРАТА АЛМАЙ ҚАЛАСЫҢ.”

Тіпті көзімнен жастың қалай ыршып шыққанын да байқамай қалдым.

– Оныңыз рас. Әшірбек аға өзінің дәрістерінде де сізді үнемі үлгі етіп айтты, жоғары бағалайтын... Оны біз де талай естідік.

– Рахмет. Біз енді актер болғаннан кейін үнсіз ғана өнерімізді тудырып, әдетте сыншылардан алыстау жүреміз ғой. Бірақ ол кісілер бізді, әр аяқалысымызды қадағалап, зергетп, зерделеп отырады. Осыдан біраз жыл бұрын режиссер Болат Ұзақов театрда У.Шекспирдің «Гамлет» трагедиясын қойды. Мен Клавдийді ойнадым. Премьерадан соң Әшірбек аға көрермен әлдеқашан шығып кетсе де, залда жалғыз отырып қалыпты. Қасына барып қалған театрдың жарнама бөлімінің қызметкері: «Аға не істеп отырсыз? Бәрі дұрыс па?» деп сұраса: «Райымбекім тіріліп келді» деп қатты толқыпты. Оны естігенде менің қандай сезімде болғанымды білсеңіздер. «Осы бір әсерін жойып алмайыншы» деп біразға дейін Әшекеңмен амандасуға қорқып жүрдім.

– Райымбек Сейтметовтің көзін көрген адамдар, шынымен де сіздің сөз саптасыңыз бен жалпы сөйлеу мақамыңызды ұстазыңызға қатты ұқсатады. Мұны елестеуге келе ме?

– Еліктеу деулен бұрын, ұстаздың бойымызға сіңіріп кеткен шапағаты шығар. «Еңлік-Кебек» қойылымында Мұхтар Әуезов Қараманды бидің аузына: «Сөз ем болудан кетіп, ауыздан шыққан жел есебінде болған заман ғой...» деген сөзді салады. Қанша уақыт бұрын айттық да, бұл сөз әлі өзектілігін жойған жоқ. Біздің қоғамда да, өкінішке қарай, дәл сондай жағдай. Халық сөз тыңдаудан қалып бара жатыр. Ал қазақтың сөзі, әуезі ерекше ғой. Өн салып тұрады. Соны біз сахна, өнер тілі арқылы барынша сақтауға тырысып келеміз. Осы жағынан келгенде үнемі Райымбек ағаны үлгі етіп отырмыз. Ол кісі қара сөздің шебері болған еді. Күні бүгінге дейін дәл Райымбек ағамдай сөйлейтін, дәл солай поэзия оқытын адам көрген жоқпын. Ол кісінің өзі айттып отыратын: «Мен бұл сөз саптасы, әуезді Шәкен Аймановтан үйрендім» деп. Шынымен де, Шәкен Амановтың фильмдеріндегі үнін тындап, Райымбек аға мектебінің төркінін тануға болады. Сол мақамдар Рекеңде де бар. Кейіннен Райымбек аға оны маған үйретуге тырысты. Мен енді жастығым салып үйренгім келмей, біраз қашақтап едім, бірақ толық болмаса да, бойымда сарқыншақтары бәрібір қалып қойды.

– Өткен жылы тәжік режиссері Барзу Абдуразаков қойған «Ләйлі-Мәжнүн» спектаклінде сіз сомдаған Дәруіш бейнесіндегі ерекше сөз сазы осы ұлы мектептен жеткен болды ғой, демек?..

– Оны дұрыс байқапсыз. Иә, Дәруіш

бейнесіне бекітілгенде, бұл енді қиялдан туған кейіпкер болғаннан кейін, еркін ойға ерік беріп, жан-жақты ізденуге тура келді. Рөлді басында түсінбей қатты қиналдым. Режиссермен бірлесе отырып көп жұмыс істедік. Ойымыз көп тұста қабыспады. Соңында режиссер маған: «Сахнаға актер емес, кәдімгі адам болып шық» деді. Мен айтқанын орындадым. Сөйтіп рөлдің кілті өзінен өзі табыла кетті. Маған Барзудың актер бойындағы стереотиптерді бұзатыны ұнады. Ал поэтикалық мақамды игеруге келгенде сөзсіз Райымбек ағаны бағдар еттім. Сондықтан аса қинала қоймадым.

– Кәсіби театр актерсіз. Кинода да көптеген басты рөлді сәтті сомдап жүрісі. Әлеміңіз қай саланы сүйеді?

– Театр мен киноны бөліп жарғым келмейді. Өзіндік айырмашылықтары болғанымен, қос өнердің шығар түбі бір деп ойлаймын. Сондықтан әрқайсысының өз ерекшелігін сезе білсең болды. Бірақ бізде өкінішке қарай, театр мен киноны бір-біріне үш қайнасы сорпасы қосылмайтын екі әлем ретінде қарастырады. Бұл тек бізде ғана. Басқалар өйтпейді. Киноға бара қалсаң, «ойнама» деп қайта-қайта ескерту жасап, рөлдің көп жағдайда өз ойындағыдай шығаруға мүмкіндік бермейді. Сөйтіп ең соңында жұмысыңды көргенде не істегеніңді түсінбей қаласың. Меніңше, актер де, режиссер де бұл стереотиптен арылуы керек. Киноға театр техникасы бәрібір керек. Жалпы, кинода да, театрда да интонация, қимыл-әрекет жағынан эксперимент жасағанды ұнатамын. Кейде кинодан алған тәжірибемді сахнада қолданамын. Немесе керісінше. Сырт көзге еш ұқсастығы жоқ болып көрінгенімен, меніңше, театр мен кино актерінің ойынында ұқсастықтар мол. Мәселен, сахнадағы пауза мен үнсіздікті кейде кинодағы ірі план деп ойлаймын. Осы тектес детальдар жалғасып кете береді. Ал жалпылай келгенде, әрине жаныма театр жақын. Өйткені кинода көбінесе режиссердің айтқанымен жүрсең, сахнадағы билік – актерде. Сонысы ұнайды. Көңіліңде жүрген көп ойды сахнада жүзеге асыруға мүмкіндік мол. Және жетпей қалған тұсын әр қойылым сайын түзеп, толықтырып отыруға болады. Театрдағы ізденіс үздіксіз тоқтамайды. Ал кинода бәрі басқа. Онда эмоция қайталанбайды. Фильм экранға шығып кеткен соң, өзіңе ғана мәлім кейбір «өттеген-айларды» түзетуге, ой елегінен өткізіп, қайта ойнауға мүмкіндігің болмайды. Сол жағынан келгенде кинода мулт кетсең, шегіңерге жол жоқ. Кино әсіре эмоцияны емес, нақтылықты сүйеді. Кейде сәтті шыққан бір кадр немесе эпизод актерге өмірлік абырой әкеліп жатады.

– Рөл таңдайсыз ба?

– Таңдаймын.

– Ұнамаса бас тарту еркіңізде ме?

– Әлбетте. Рөл жаныма жатпай тұрса, бірден режиссерге ашып айтып, бас тартамын. Кинода бұл жағы жеңілдеу. Сценариймен алдын ала танысып, жаратпасаң, келіспейтіңді түсірілім басталмай тұрып ескертесің. Кинода таңдау көп қой. Ал театрда ұжымдағы актерлердің ерекшелігі ескеріліп таңдалғаннан кейін, бірден бас тарту қиын. Ондайда ұнамайтын рөлдерді екінші құрамдағы актерге тапсырып, сөйтіп біртіндеп ойнамай кетемін. Жалпы, рөл деген сүңгіген кезде маңдайың түбіне тимеуі керек қой. Сүңгіген сайын басың тақ етіп тие берсе, ол рөлдің денгейі белгілі. Бүгінгі драматургияның қарымы көп жағдайда сондай. Сондықтан да табиғатыңды ашып, актерге сахнада еркін кәдімгі құрамдық беретін пьесалармен жұмыс істеуге қуана келісемін. Мәселен, У.Шекспир, А.Чехов сияқты драматургтердің шығармасында ойнау үлкен бақыт.

– Кино алаңында Еркем Тұрсыновпен тандемде жиі жұмыс істейтін актердің бірісіз. Айттыңызшы, режиссер Еркемнің ерекшелігі неде?

– Еркем Тұрсынов – айтар ойы, өзінің қолтаңбасы бар режиссер. Әрбір кадрға философиялық ой салуға тырысады. Актермен жұмыс істеу тәсілі де ерекше. Еркем Тұрсыновты көбінесе Ақан Сатаевпен салыстырып жатады. Меніңше, екеуі екі бөлек әлемнің иесі. Тұрсынов фильмдерінде көп «сөйлемейді». Ой айтуға ұмтылады. Әр кадр үнсіз тұрып-ақ сөйлеп тұрады. Еркемнің ерекшелігі осында. Жалпы, кино өнері көпсөзділік емес, көркемдікті сүйеді ғой. Мұнда сезім мен сұлулық басты планда. Осы жағынан келгенде көп режиссерден Еркем мырзаның кинодағы бәсі биік деп ойлаймын.

Кинода актердің іші ойнау керек. Көз сөйлеп тұру қажет деп есептеймін. Ішің болмаса, паузаларды, үнсіз кадрларды жеткізу мүмкін емес. Ең алғаш мені киноға алып келген режиссер Болат Қалымбетов: «Актерге ең әуелі іш керек. Өртің оқыған-тоқығаны мол, іші терең болса, қалғаны маңызды емес» деп үнемі айтатын. Сол кісі айтпақшы, ішкі тереңдігің болмаса, көз ойнамайды. Экранда көз бәрін сатып жібереді. Мәселен, Еркем Тұрсыновтың «Келін» фильмі сондай. Кейіпкерлерінің сөзсіз түсірілім картина. Мұндайда актердің ішкі-сыртқы пластикасы, көзқарасы, қимыл-әрекеті бірінші планға шығады. Онда бір ғана көзқараспен немесе қимылмен кейіпкердің мінезі, ішкі ойлары мен сезімдері берілуі тиіс. Мұндайда актердің сыртқы кейпі, сөйлеу мәнері емес, жан тереңдігі сыңға түседі. Ал оны «ойнау» мүмкін емес. Ішің толмаса, тек мимикамен, көзбен ойнау деген шынында да қиын. Бірақ сөйлегеннен әлдеқайда қызығырақ. Біздің киноларда қазір сөз көп. Меніңше, киноға көп сөз қажет емес, көз керек. Еркем Тұрсыновта сол бар.

– Қазақ киносы дегенде ойыңызға не оралады?

– Біржақты пікір білдіру қиын. Бәрі салыстырмалы ғой. Жалпы, соңғы уақытта қазақ киносының аяқ алысы жаман емес. Тек өзгелерге еліктеуден арылсақ, арзан әзілдерді жиі пайдалануға әуестенбесек деген тілегім бар. Прокатқа шығып жатқан комедиялардың дені «КВН»-нің денгейінде. Көркем фильм көріп отырсың ба, әлде «КВН» тамашалап отырсың ба, ажырата алмай қаласың. Кино да, театр да қазір алмағайып шақта тұр. Соны, жаңашыл бір серпіліске, өзгеріске сұранатындай. Қазақ киносына мінез жетіспейді. Өнерге салмақ керек. Көрерменнің денгейіне түспей, керісінше өрелі өнер халықты өрге сүйреуі керек деп ойлаймын.

– «Өнер – тәрбие құралы» деп жатамыз? Келіссіз бе?

– Жоқ. Театр да, кино да тәрбиелеуші емес, ой салушы. Адамды театр емес, ата-анасы, жүрген ортасы, оқу орны және дін тәрбиелейді. Ал біз – актерлер, режиссерлер, драматургтер – осы қоғамның бір бөлшегіміз. Біздің біреуді тәрбиелеуге хақымыз жоқ. Рас, қоғамдағы шындықты, түйткілді мәселелерді қойылымдарымызда сөз етеміз. Сол арқылы көрерменімізге ой салуға тырысамыз. Бірақ шешімді көрерменнің өзі қабылдауы керек. «Мынау дұрыс», «мынау бұрыс» деп айтуға ешкімнің хақысы жоқ. Жалпы, өнер тұрмақ, өмірдің өзі «дұрыс, бұрыс» немесе «жаман, жақсы» деген аксиомадан тұрмайды ғой. Өмір – бірқалыпты. Тіпті кейде айнымалы. Біз оны қалай қабылдаймыз, барлығы соған байланысты. Театр да солай. Біз тәрбиелеуші емеспіз, театр – таразы.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен Назерке ЖҰМАБАЙ, «Egemen Qazaqstan»

АУЫР АТЛЕТИКА

Азияның үздігі атанды

Өзбекстан астанасы Ташкентте ауыр атлетикадан жастар мен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Сары құрлық біріншілігінде жерлестеріміз 9 алтын, 2 күміс және 3 қола медаль жеңіп алды.

Жарыстың соңғы күнінде 102 салмақта сынга түскен отандасымыз Рахат Бекболат қоссайыста 356 (158+198) кило зілтемірді оңай еңсеріп, жарыс жеңімпазы атанды. Сондай-ақ жұлка көтеру бойынша әлем рекордын орнатып, турнирдің ең үздік спортшысы атанды.

Рахат Бекболаттан бөлек Ташкент төрінде Бақыт Ахметов шөкірттерінен Гүлнұр Ыбырай (64 кг), Карина Құзғанбаева (81 кг), Айсамал Сансызбаева (81 килодан жоғары), Сайхан Тайсуев (67 кг), Нұргиса Әділетұлы (89 кг) және Артем Антропов (96 кг) атты салып, Азия чемпионы деген құрметті атаққа ие болды.

Сондай-ақ 55 кило салмақтағы Абылай Әуелханов (55 кило) жасөспірімдер бәсекесінде күміс алса, жастар сайысында үшінші орынға табан тіреді. Гүлнұр Ыбырай да жасөспірімдердің додасын екінші орынмен қорытындылады. Ал Сайрамкес Ақмола (61 кг) мен Есенкелді Сәпи (81 кг) үшінші сатыға жайғасты.

КҮРЕС

«Классиктер» үшінші орын алды

Бүл күндері Үндістанның бас шаһары – Нью-Делиде күрес түрлерінен Азия чемпионаты өтіп жатыр. Кеше грек-рим күресінің балуандары жарысты қорытындылады. «Классиктер» бәсекесінде біздің балуандар 1 алтын, 1 күміс және 3 қола медаль олжалап, жалпы есепте үшінші орынға тұрақтады.

Бақтияр Байсейітов баптайтын қазақстандық грек-рим күресінің шеберлері құрлықтық додандан бас-аяғы бес медаль олжалады. Атап айтсақ, жарыстың алғашқы күнінде 77 кило салмақта белдескен Тамерлан Шадуқаев қарсылас шак келтірмей, Азия чемпионы атанды. Сол күні Қорлан Жақанша (55 кг), Азамат Құстыбаев (87 кг) және Мансұр Шадуқаев (130 кг) қола медаль еншіледі.

Ал екінші жарыс күнінде 70 килодағы отандасымыз Ибрагим Магомедов финалда ирандық Амин Кавиянинежадка есе жіберіп, күміс медальді қанағат тұтты. Азия чемпионатының қорытындысы бойынша бірінші орынды Иран құрамасы олжалады. Өзбекстанның балуандары екінші орын алды.

ТЕННИС

Екі теннисшіміз де ширек финалға шықты

Теннистен Қазақстанның ерлер және қыздар арасында бірінші ракеткасы Александр Бублик пен Елена Рыбакина өздері қатысып жатқан халықаралық турнирдің ширек финалына жолдама алды.

Францияның Марсель қаласында өтіп жатқан Ореп 13 Provence турнирінде 22 жастағы Бублик АТР рейтингінде 20-орында тұрған жергілікті спортшы Бенуа Пэрамен күш сынасып, үш сетке созылған бәсекеде 3:6, 6:4, 6:4 есебімен жеңіске жетті. Енді отандасымыз жартылай финалда өнер көрсету үшін Марин Чилич (Хорватия) пен Денис Шаповалов (Канада) жұбының жеңімпазымен сынга түседі.

Ал Дубайда өтіп жатқан WTA Premier турнирінің іріктеу кезеңінде Елена Рыбакина чехиялық Катарина Синяковамен шеберлік сынасты. Бір сағатқа созылған кездесуде Рыбакина қарсыласын екі сетте 6:3, 6:3 нәтижесімен қапы қалдырды. Отандасымыз ширек финалда тағы бір чехиялық спортшы Каролина Плишковамен жартылай финалдың жолдамасын сарапқа салады.

Дайындаған Әлі БИТӨРЕ, «Egemen Qazaqstan»

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Данияр ҚАСҚАРАУОВ: Бәсекелестік спортшылардың шеберлігін арттырады

Қазақстанда іргетасы қаланған «Алаш Прайд» компаниясы алдағы күндері ел аумағында ережесіз жекпе-жектер екі бірдей аса ірі халықаралық турнир өткізуді жоспарлап отыр. Оның бірі – Түркістанда, екіншісі – Алматыда ұйымдастырылады. Байрақты бәсекелер қарсаңында біз аталған ұйымның президенті Данияр ҚАСҚАРАУОВпен жолығып, азы-кем әңгімелескен едік.

– Өзіңіз басқарып отырған «Алаш Прайд» компаниясы бұған дейін де республикамыздың бірқатар аймағында дүбірлі додалар ұйымдастырып, жекпе-жек десе делебесі қозатын жанкүйерлердің ыстық ықыласына бөленгені белгілі. Ал бұл жолы қалың көрерменге қандай сый даярлап отырсыздар?

– 22 ақпанда көне шаһар – Түркістанда «Гран-при Алаш Прайд – 2020» турнирінің тұсауы кесіледі. Бұл ретте біз 61,2 кило салмақ дәрежесі бойынша өтетін бәсекелер барысында Орталық Азияның ең үздік өреңін анықтаймыз. Сол кеште жарыс жолына сегіз спортшы шығады: Қазақстаннан – Мұқағали Несіпбай мен Әлішер Ғабдуллин, Өзбекстаннан – Нұрәлі Мажидов пен Мұратжан Қадиров, Қырғызстаннан – Әлимардан Әбдіқаров пен Бостон Анарбеков және Тәжікстаннан – Саидшох Рузиметов пен Мехроз Умаров. Осылардың арасынан озған оғланға алтын белбеу және 1 миллион теңге көлемінде сыйақы табысталады. Сонымен қатар Қаршыға Дәуітбек, Ғалымжан Қанаев, Жандос Исабеков, Олжас Ескараев сынды сайыпқырандардың қатысуымен бірнеше рейтингтік бәсекелер ұйымдастырылады.

– Таңдауларыңыз неліктен дәл осы салмақ дәрежесіне түскенін түсіндіре кетсеңіз?

– Оның еш құпиясы жоқ. Алдағы уақытта біз барлық салмақ дәрежелері бойынша мықтыларды анықтау мақсатында ел аумағында осындай жарыстар ұйымдастыруды көздеп отырмыз. Бұл бір жыл көлемінде жүзеге асатын шаруа. Мәселен, 11 сәуірде Шымкентте өтетін турнирде 66 кило салмақтағы сайыпқырандар сайысқа түседі. Солардың арасынан да үздікті анықтаймыз. Осылайша халықаралық федерация бекіткен барлық сегіз салмақ дәрежесі бойынша «Алаш Прайд» нұсқасы бойынша алтын белбеу иегерлері белгілі болады.

– Осы жарыстарда күш сынасатын спортшылар қандай талаптар бойынша анықталады?

– Ұйымдастыру жұмыстары оң шешімін тапқаннан кейін өзіміздің ресми сайтымыз арқылы «Паленбай күні Қазақстанда осындай байрақты бәсеке өткелі жатыр» деп барша жұртқа хабарлаймыз. Көршілес елдердің федерациялары мен түрлі клуб өкілдеріне

арнайы хат жолданады. Бак сынауға ниет білдіргендер бізбен байланысқа шығады. Осылайша көптеген үміткерлер арасынан көрсеткіштері ең жақсы жігіттерді іріктеп аламыз.

– Ал Алматы төрінде өтетін жарыс жайында не айтасыз? Осы турнирге қатысушылардың атақ-данқына қарап-ақ, 6 наурызда Алатау баурайында алапат айқастың куәсі болатынымызды сезіп тұрғандаймыз...

– 6 наурыздағы жарысты біз Чешенстанның АСА-сымен (Absolute Championship Akhmat) бірлесіп ұйымдастырамыз. Бүгінгі таңда АСА ережесіз жекпе-жек әлеміндегі ең белді ұйымдардың бірі. Денгейі мен беделі жағынан олар әзірге UFC мен Bellator промоушендерінен ғана қалып келеді. «Алаш Прайдтың» сол ұйыммен іскерлік байланыс орнатқанына екі-үш жылдың жүзі болды. Сол кезден бері Алматыда екі бірдей турнирдің жалауы желбіреді. Сол бәсекелердің аса жоғары деңгейде өткеніне сан мың жанкүйер куә. Бұл жолы да «Алматы Аренаға» жиналған көрермендер әр жекпе-жекті айыздары қанып тамашалап, үйлеріне керемет әсермен оралатынына күмәнім жоқ.

– Дағыстандық Расул Мирзаев Ержан Естановпен екі рет жұдырықтасып, екеуінде де жеңіске жетті. Одан кейін Арман Оспановпен күш сынасуға тиіс еді. Алайда түрлі себептермен қос мықтының жолдары кысыпады. Сол кезде БАҚ өкілдеріне берген сұхбатының бірінде Расулын «Ержан ба, Арман ба! Маған бәрібір» деп айтқаны бар. Шыны керек, Қаптауы қыранының бұл сөзіне қадімгідей шамданып қалдық. Сіз қалай ойлайсыз, қазақтың қайсар ұлы «Қара жолбарысты» жеңе ала ма?

– Өрине күні бұрын болжам айту қиын. Бір анығы, бұл жолы екеуіне де оңай болмайды. Мирзаев та (18 жеңіс, 2 жеңіліс), Оспанов та (9 жеңіс, 3 жеңіліс) өздерінің спорттық мансабында мол тәжірибе жнып, талай биік белесті бағындырғаны баршаға мәлім. Алайда соңғы кездері олардың жолы болмай жүр. Соңғы екі жарым жыл аралығында Арман үш рет ұтылды. Расул да екі рет жеңілістің кермек дөңіне татты. Енді сол олқылықтың орнын толтыру керек. Сондықтан да өздерінің мықтылығын дәлелдеу үшін қос спортшының да Алматыда еш аянып қалмайтыны анық.



– «Алматы Аренада» өтетін жарыста Қазақстанның жалпы қанша спортшысы өнер көрсетеді?

– Арман Оспановтан бөлек, біздің елден тағы бес жігіт жекпе-жекке шығады. Атап айтсақ, 65,9 кило салмақтағы Ермек Тлауов (16 жеңіс, 6 жеңіліс) чешенстандық Әлихан Сулеймановпен (10 жеңіс, 2 жеңіліс) және Нұрсұлтан Қасымханов (9 жеңіс, 2 жеңіліс) беларусьтік Иван Жвирбляммен (7 жеңіс, 3 жеңіліс) жұдырықтасады. 70,4 кило салмақ дәрежесіндегі Артем Резников (20 жеңіс, 6 жеңіліс) ингушетиялық Хамзат Аушевпен (13 жеңіс, 3 жеңіліс) испаниялық Даниель Толедо (9 жеңіс, 7 жеңіліс) және Евгений Егембердиев (10 жеңіс, 2 жеңіліс) польшалық Карл Селинскимен (17 жеңіс, 8 жеңіліс) күш сынасады.

– Айтулы жарыстың басты жекпе-жегінде кімдер айқасады?

– Басты айқас бразилиялық 61,2 кило салмақтағы Даниель де Алмейда (26 жеңіс, 6 жеңіліс) мен чешенстандық Шәмлі Шахбулатов (11 жеңіс, 2 жеңіліс) арасында өтеді. Олардың екеуінің де есімдері дүйім жұртқа жақсы таныс. Мәселен, дәл осы Шахбулатов былтыр күзде өткен жарыста Расул Мирзаевты ауыр нокаутқа жіберген. Бразилия өкілінің де атағы алысқа жайылған.

– Өткен жылдың қараша айында АСА ұйымдастырған турнирде жеті жігітіміз жекпе-жекке шығып, солардың арасынан тек Нұрсұлтан

Қасымханов қана жеңіске жеткен еді. Осы жолы да сондай жағдай қайталанса, жергілікті жанкүйерлердің көңіліне кірбің түспей ме?

– Бірден айта кетейік, АСА турнирлеріне кіл мықтылар ғана қатысады. Бұл жарыста кімнің жеңіп, кімнің жеңілетінін күні бұрын жорамалдау мүмкін емес. Иә, былтыр Нұрсұлтаннан басқа жігіттеріміздің тегістей ұтылғаны рас. Бірақ түрлі себептермен ол жарысқа Арман, Асылжан, Артем және Евгений сынды мықтылар қатысқан жоқ. Содан көпті көрген кәнігі спортшыларды өзге өрендермен алмастыруға мәжбүр болдық. Өкінішке қарай, олардың дені ұтылып қалды. Десек те бұл ережесіз жекпе-жек әлеміндегі ең үздік промоушеннің бірі ұйымдастырған турнирі екенін естен шығармаған жөн. Біз де өз шөкірттеріміздің тек күштілермен ғана айқасқанын қалаймыз. Өйткені спортшылардың шеберлік деңгейі тек мықты бәсекелестік жағдайында ғана өседі. Біздің ұстанған позициямыз осындай. Сондықтан бұл жолы да алдағы бәсекелерге болжам жасауға асықпаймыз.

– Өңгіменізге рахмет. Алдағы жарыстарда жерлестерімізге сәттілік тілейміз.

Әңгімелескен Ғалым СҮЛЕЙМЕН, «Egemen Qazaqstan»

АЛМАТЫ

БОКС

Жолдама үшін жұдырықтасады

Наурыз айының алғашқы аптасында Иорданияның бас шаһары – Амманда бокстан Токио Олимпиадасына жолдама беретін Азия және Тынық Мұхит аймағы елдерінің іріктеу турнирі өтеді. Осыдан бірер күн бұрын бокстан ұлттық құраманың бас жаттықтырушысы Ғалымбек Кенжебаев Олимпиада жолдамасына таласатын спортшылардың есімін атады. Бір қызығы, бас бапкердің тізіміне әлем және Азия чемпионатында топ жарған тәжірибелі боксшылар енбей қалған.



Әлі БИТӨРЕ, «Egemen Qazaqstan»

Алдымен, іріктеу турниріне баратын, бас бапкердің назарына іліккен боксшыларды таныстырып өтейік. Амман шаршы алаңында лицензия үшін жеңіл салмақта 2019 жылғы Қазақстан чемпионатының күміс және ел ішлік спартакиаданың жеңімпазы, сондай-ақ былтыр Ресейде өткен әлем чемпионатының қола жүлдегері Сәкен Бибосынов (52 кг) жұдырықтасады. 2016 жылы Рио Олимпиадасына қазақстандықтардан бұл

салмақта Олжас Сәттібаев дәл осы турнирде жолдама алған болатын.

57 кило салмақта іріктеу жарысына жанкүйерлер құраманың нөмір бірінші боксшысы, 2017 жылғы әлем чемпионатының бас жүлдесін жеңіп алған Қайрат Ерәлиев баратынына сенімді болған. Алайда бас бапкер бұл жолғы жарыста 22 жастағы боксшы Серік Теміржановты сынап көргісі келген екен. Дегенмен соңғы уақытта Ерәлиевтің өнері бапкерлердің көңілінен шықпай жүргенге ұқсайды. Өйткені әлем чемпионатында тәжірибелі боксшымыз ширек финалда

өзбек боксшысынан жеңіліп, екі жыл бұрынғы атағын қорғай алмады. Ал жас та болса бірқатар халықаралық турнирде жеңіске жеткен С.Теміржанов «Астана арландары» сапында жұдырықтасып, біраз тәжірибе жинақтаған.

63 кило салмақта Азия чемпионатының күміс жүлдегері Зәкір Сафиуллинге сенім артылды. Сондай-ақ бұл Зәкір үшін Олимпия ойындарына баруға соңғы мүмкіндік. Өйткені 34 жастағы боксшы келесі Олимпиадаға дейін қолғабын шегеге ілетіні анық. Негізгі Сафиуллин 2016 жылы Рио Олимпиадасына іріктеу жарысына барып, жолдама алған болатын. Алайда сол кезде AIBA Pro Boxing жобасында жеңімпаз атанған Берік Әбдірахманов Зәкірден бұрын жолдама алған соң, Риоға Әбдірахманов барды.

«Қазақтың салмағы» атанып кеткен 69 килода әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері Абылайхан Жүсіпов жұдырықтасатын болды. Дәл қазіргі уақытта Жүсіпов өз салмағында құраманың нөмір бірінші боксшысы саналады. 2018 жылы Ақтауда өткен ел чемпионатының финалында өзінің негізгі қарсыласы Асланбек Шымбергеновті айқын басымдықпен жеңген еді. Бұл Абылайхан Жүсіповтің Олимпия ойындарына баратын екінші мүмкіндігі.

75 килода бапкер таңдауы қарақаттынан айығып, ұлттық құрамаға оралған Әбілхан Аманқұлға түскен. Әлем чемпионаты және Азия ойындарының күміс жүлдегері былтыр негізгі жарыстарға қатысқан жоқ. Оның орнына барған Тұрсынбай Құлахмет Таиландта өткен

Азия біріншілігінде қарсылас шак келтірмесе, Ресейде ұйымдастырылған әлемдік долада жартылай финалға дейін жеткен-ді. Бапкерлер құрамы Аммандағы бәсекеде Аманқұлға сенім артқан соң, Құлахмет өз кезегін күтпестен бірден кәсіпқой бокстың есігін ашты.

81 килода 2019 жылғы әлем чемпионы Бекзат Нұрдуллетовке сенім артатын боламыз. Ресейдегі әлем чемпионатында кубалық қара маржанды есеңгіреткен маңғыстаулық өрен құраманың сөзсіз бірінші нөмірі атанды. Ал 91 килода Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері Василий Левит пен аса ауыр салмақта құрама капитаны, әлем чемпионатының екі мәрте күміс жүлдегері Камшыбек Қоңқабаев жолдамаға таласады. Бұл салмақтарда аталған екі боксшыға әзірше лайықты қарсылас жоқ.

Иорданиядағы турнирде боксшыларға 63 жолдама беріледі. Мысалы, 52, 57 және 60 кило салмақтағы боксшыларға 6 жолдама, яғни жартылай финалға шыққан 4 және ширек финалда жеңіске жеткен екі мықты боксшы жолдамаға ие болады. Ал 69, 75 және 81 кило салмақтағы боксшыларға 5 жолдама беріледі. 91 және 91 килодан жоғары салмақтағы боксшыларға 4 жолдама қарастырылған. Яғни жартылай финалға шыққан төрт боксшы Токиоға барады. Қалған жолдамалар қыздар боксына тиесілі.

Айта кетелік, Токио Олимпиадасына іріктеу турнирі 3-11 наурыз аралығында өтеді. Қазақстан құрамасы Иорданияда 28 ақпан күні аттанады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Салықтық базаны бүркемелеуге және пайданы салық салу аясынан алып кетуге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында салықтық келісімдерге қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенцияны ратификациялау туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

2) Көпжақты конвенцияның 29-бабының 1-тармағына сәйкес: 1) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 4-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 4-бабының 2-тармағында баяндалған, Көпжақты конвенцияның 4-бабы 3-тармағының б) – д) тармақтарына сәйкес ескертпе нысансы болып табылмайтын ережелерді қамтитынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Country/Region and Eреже (Article/Paragraph). Lists countries like Armenia, Austria, Azerbaijan, etc., and their corresponding articles in the convention.

2) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 6-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 6-бабының 4-тармағына сәйкес ескертпе нысансы болып табылмайтын және бұрын жасалған алынғандарды қоспағанда, олардың төменде көрсетілген кірішелерінің тұжырымдары Көпжақты конвенцияның 6-бабының 2-тармағына сәйкес өзгертуге жататынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Country/Region and Кіріспенің мәтіні (Text of the article). Provides the full text of the convention articles for various countries.

Table with 2 columns: Country/Region and Article Text. Provides the full text of the convention articles for various countries, including Georgia, Kazakhstan, and others.

Table with 2 columns: Country/Region and Article Text. Provides the full text of the convention articles for various countries, including Singapore, Slovakia, Slovenia, and others.

7-бабы 17-тармағының с) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 7-бабының 14-тармағында баяндалған ережелерді қамтитынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Country/Region and Eреже (Article/Paragraph). Lists countries like Austria, Belgium, Canada, etc., and their corresponding articles.

6) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 8-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 8-бабының 1-тармағында баяндалған, Көпжақты конвенцияның 8-бабы 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес ескертпе нысансы болып табылмайтын ережелерді қамтитынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Country/Region and Eреже (Article/Paragraph). Lists countries like Austria, Belgium, Canada, etc., and their corresponding articles.

7) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 9-бабының 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 9-бабының 4-тармағына сәйкес ескертпе нысансы болып табылмайтын ережелерді қамтитынын мәлімдейді:

8) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенциясың 9-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 9-бабының 1-тармағында баяндалған ережелерді қамтитынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Country/Region and Eреже (Article/Paragraph). Lists countries like Armenia, Belgium, Bulgaria, etc., and their corresponding articles.

9) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 12-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 12-бабы 3-тармағының а) тармақшасында баяндалған ережелерді қамтитынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Country/Region and Eреже (Article/Paragraph). Lists countries like Armenia, Austria, Azerbaijan, etc., and their corresponding articles.

5) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның

(Соңы 15-бетте)

(Соңы. Басы 1, 14-беттерде)

Table with 2 columns: Country/Region and Article Number. Includes Poland, Qatar, Russia, etc.

10) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 12-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 12-бабы 3-тармағының б) тармақшасында баяндалған ережені қамтитынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Jurisdiction and Article Number. Lists various countries like Armenia, Austria, Azerbaijan, etc.

11) Көпжақты конвенцияның 13-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 13-бабының 1-тармағына сәйкес А нұсқасын таңдайды;

12) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 13-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 13-бабы 5-тармағының а) тармақшасында баяндалған ережені қамтитынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Jurisdiction and Article Number. Lists countries like Armenia, Austria, Azerbaijan, etc.

13) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 16-бабы 6-тармағының б) тармақшасының і) бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 16-бабы 1-тармағының бірінші сөйлемінде айтылған мәлімдемде Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы екіжақты халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкелетін әрекет туралы алғаш хабарлар етілген кезден бастап үш жылдан аз болатын белгілі бір уақыт кезеңі ішінде ұсынылуға тиіс екенін көздейтін ережені қамтитынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Jurisdiction and Article Number. Lists Canada, Iran, Italy.

14) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 16-бабы 6-тармағының б) тармақшасының і) бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 16-бабы 1-тармағының бірінші сөйлемінде айтылған мәлімдемде Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы екіжақты халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкелетін әрекет туралы алғаш хабарлар етілген кезден бастап кемінде үш жылды құрайтын белгілі бір уақыт кезеңі ішінде ұсынылуға тиіс екенін көздейтін ережені қамтитынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Jurisdiction and Article Number. Lists countries like Armenia, Austria, Azerbaijan, etc.

15) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 16-бабының 6-тармағы с) тармақшасының і) бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 16-бабының 4-тармағы с) тармақшасының і) бөлігінде көрсетілген ережені қамтамайтынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Jurisdiction and Article Number. Lists Canada, Iran, Italy, etc.

16) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 16-бабының 6-тармағы д) тармақшасының і) бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 16-бабының 4-тармағы с) тармақшасының і) бөлігінде көрсетілген ережені қамтамайтынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Jurisdiction and Article Number. Lists Pakistan, Poland, Russia.

17) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 16-бабының 6-тармағы д) тармақшасының і) бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 16-бабының 4-тармағы с) тармақшасының і) бөлігінде көрсетілген ережені қамтамайтынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Jurisdiction and Article Number. Lists Belgium, Italy, Macedonia, etc.

18) Қазақстан Республикасы Көпжақты конвенцияның 17-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан, кіріске салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы мынадай екіжақты халықаралық келісімдердің Көпжақты конвенцияның 17-бабының 2-тармағында баяндалған ережені қамтитынын мәлімдейді:

Table with 2 columns: Jurisdiction and Article Number. Lists Armenia, Austria, Azerbaijan, etc.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2020 жылғы 20 ақпан №304 - VI ҚРЗ

Әбдісағит Шаймұханбетұлы ТӘТІҒҰЛОВ

Еліміздің жобалау-құрылыс саласы ауыр қазаға ұшырады. 2020 жылдың 19 ақпанында ұзаққа созылған ауыр науқастан сәулет және құрылысты жобалау ісінің көрнекті инженері және ұйымдастырушысы, Қазақстан Ұлттық жобалаушылар қауымдастығының президенті, Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген құрылысшы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Әбдісағит Шаймұханбетұлы Тәтіғұлов 80-ге қараған шағында дүниеден озды.



Әбдісағит Тәтіғұлов 1940 жылдың 13 наурызында Қостанай облысы, Федоров ауданы, Тракторное ауылында дүниеге келді. Қазақ политехникалық институты құрылыс факультетінің 1962 жылғы алғашқы түлектерінің бірі. Еңбек жолын Ақмола (қазіргі Нұр-Сұлтан) мен Алматының құрылыс алаңдарында мастер, прораб, құрылыс учаскесінің бастығы лауазымдарынан (1962-1964 ж.) бастады. Қазақ КСР-інің Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде (Мемқұрылыс) бас маман, Тұрғын үй-азаматтық құрылыс басқармасының бастығы болып жұмыс істеді, республикалық Мемқұрылыс төралқасының мүшесі болды (1964-1975 ж.). 1975 жылдан бастап 40 жылдан аса саладағы

жетекші «Қазгорстройпроект» жобалау институтын (қазіргі «KAZGOR» жобалау академиясы) басқарды.

Әбдісағит Шаймұханбетұлы еліміздің әртүрлі даму кезеңдерінде сәулет және құрылыс кызметіне қомақты үлес қосты. 1998 жылы Үкіметтің 1998 жылғы 11 наурыздағы № 199 қаулысымен оған қазылар алқасының төрағасы ретінде жаңа елордамыз Астананың Бас жоспарының нобайлық идеясына жарияланған халықаралық маңызы бар конкурсты басқару жұмысы сеніп тапсырылды. Ол – жобалау-құрылыс саласының нормативтерін реформалау жөніндегі тұрқындама авторларының бірі. Сонымен қатар «Архитектура мен жобалау негіздері» атты төрт томдық

оқулықтың (2001-2005 ж.) және төрт жүзден аса ғылыми мақалалар мен жобалық әзірлемелердің авторы. Оның редакция жетекшісі ретіндегі басшылығымен Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктің сәулет және құрылыс саласын қамтитын 9-томы жарық көрді.

Әбдісағит Шаймұханбетұлы Тәтіғұлов – Ұлттық инженерлік академияның, Халықаралық инженерлік академияның және Халықаралық Шығыс елдері сәулет өнері академиясының академигі. Ә.Тәтіғұловтың еңбегі «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет» ордендерімен және т.б. көптеген мемлекеттік марапатпен аталып өтті.

Үлкен маман иесі, қамқор аға, ғалым, Қазақстандағы жобалау ісінің көпшілікке танымал ұйымдастырушысы Әбдісағит Шаймұханбетұлы Тәтіғұловтың жарқын бейнесі оның әрпітестері мен достарының жадында мәңгілікке қалады.

Қазақстан Сәулетшілер одағы, Қазақстан құрылысшылары қауымдастығы, Ұлттық жобалаушылар қауымдастығы, «KAZGOR» жобалау академиясы

Мәңгі жүрегімдесің

Шірікін, дүние-ай! Өмірден азамат кала мен даланы бөзедірген, аты барша әлемге мәшһүр сәулетшінім Әбдісағит өтті. Өмірде ешқашан ажыраспай, қол ұстасып жүріп едік. Ол бүгін өмірден өтіп отыр. Мен болсам алыс жерде емханада қарнымды жардырып, марқұмға топырақ салуға жарамай жатырмын. Ең болмаса соңғы сағатта саған қош деп те айта алмадым. Орны толмас қаза. Айналайын, Әбдісағит, сен мәңгі менің жүрегімдесін. Жатқан жерің жайлы, иманың жолдас болсын.

Кенжеғали аға

Өкінішім өлшеусіз

Ауылда туып, қалада қанатын жайған, елдегі елеусіз қыстаулардан қаланың ғажайып тұрпатын көре білген, киз үй көркіне таыркай қарап, ғаламат ғимараттар үлгісін тудырған, сәулет өнерін оқулықтармен байытып, оны публицистика жанрымен қатар игерген, үй құрылысы негіздерінің саз бен шымнан ағашқа, ағаштан кірпішке, кірпіштен бетонға, бетоннан шыныға алмасу заңдылықтарын дәлелдеп, оның соңғысынан «Нұрлытау» кешенін Алматының нақ төріне орналастырған әмбебап өнер иесі өмірден озды. Аурумен талай жыл арпалыстың. Өкінішім өлшеусіз. Алдың жарық болсын, аяулы Әбдісағит досым, құрда-сым. Қазақ даласында ізін, қалаларында қолтаңбаң қалды.

Сәбит БАЙЗАҚОВ, ҰҒА академигі

Азамат еді аяулы

Әбдісағит Тәтіғұловпен қоштасу

Талант – ұлттың ұлы қазынасы. Адам талантты, оған қоса аса еңбеккер болса, нағыз азамат соң! Әбдісағит Тәтіғұлов сондай аса аяулы азамат еді. Өттен, дүние-ай, мына дүниенің жалғаны-ай. Сом тұлғасы сонадайдан шалынар сырты нұрлы, іші сырлы, бітімі бөлек безектас азамат Әбдісағитты қайғының қара жылыны зәрлі уын аяусыз шашып, аярылқын аймай шағып, арамыздан алып кетті. Дене мұздап, жүрек сыздап, қаралы қалам қалтырап, ботадай боздап отырмын...

Әбдісағит екеуміз ботатіресек бозбала кезден бірге едік. Институт бітірген қуанышында да, жапыр сүйген жан-жары Мағрипаға үйленген бақытты кезінде де, әке орнына әке болған асыл азамат Қали ағасы қайтыс болған қайғысында да ханынан табылып, көзің жасың сүртіп едім.

Қайырымдылықтан асқан қасиет жок. Әбдісағит өте қайырымды еді, жетім мен жесірге көмек қолын сұратпай созды,

кем-кетігі көп мұқтаж жандарны қырыптың айтқызбай жамды, жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғамға адал қызмет етті. Әбдісағит аса талантты еді. Ол іргесін бекітіп, қабырғасын қалап, шаңырағын тіктеген «Қазгор» жобалау институтының, оның білімі де білікті басшысы Әбдісағиттың сәулет өнерінің қайталанбас қолтаңбасы Қазақстанның біраз өңіріндегі айтулы ғимараттарды айқын айшықтап тұр. Ол ерекше сән берген «Қазақстан» қонақ-үйінің құрылысы, яғни сәулет өнеріндегі сәулеті таланты үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Отандық және шетелдік жобалау институттары мен академияларының академигі болып сайланды.

Ақыл-ойдың алыбы Лев Толстой: «Ұмытпа! Сен өмірдің тұрғыны емес, жолшашысы ғана емес, деп еді. Адамзаттың дұшпаны арсыз ажал өзінің тойымсыз ашкөздігін тағы

бір танытып, тағы бір талантты жалмағаны – өзекті өртер өкініші. Әбдісағиттың қазасына орай ет жақындары аяулымызды айырылдық деп жыласа, қасиеті қара жер қойнына асыл азамат келді деп жылаған жұртты жұбатып жатыр.

Халықаралық сәулет академиясының академигі, Қазақстанның құрметті құрылысшысы, ғалым-инженер, «Парасат» орденінің иегері Әбдісағит Тәтіғұлов 13 наурызда 80 жасқа толатын еді, ел мерейтойын тойлайтын еді, ол кермиш, көркем көркімен ортамызды толтырып, бәрімізге апақ самал ажармен сәуле шашып, мейірімді мөл назырмен нұрын төгіп, ойлы, мұңлы жанарымен жарық дүниені аймалап отырар еді... Өттен, амал не! Сол газал күн, ғажап сөтке жеткізбеді арсыз ажал.

Қош бол, қоштасуға қимайтын аяулы дос, асыл азамат!

Сәбит ДОСАНОВ

Бір ғұмыр осындай-ақ болсын

Қайран Әбекен! Қазақтың асыл азаматы! Ыстық жүрек иесі! Бақилыққа аттанып кеткені қабырғаны қатты қайыстырды. Елі үшін туған нағыз Ер еді. Ұлттық сәулет өнерін дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Оның зерделі ойы мен зерлі қолынан қаншама шаһарда алып ғимараттар мен тұрғын үй кешендері өмірге жолдас алды десеніңіз. Әрқайсысы сән-салтанатымен көңіл баурайды, көз қуанышын еселейді. Бір ғана отүстік астана төрінің алтын төжіне айналған «Қазақстан» қонақүйінің өзі неге тұрады! Санасқан саннан жаңылдыратын өзге де алтын нақышты қолтаңбалары халық игілігіне Әбекеннің көзі мен өзіңдей болып қызмет ете бермек.

Әбекен өз ісінің нағыз шебері болды. Оның ұйымдастырушылық қабілетін бірден байқаған сол кездегі Қазақстан басшысы Д.Қонаев отыздан жаңа асқан талашып жасқа биік-биік мансаптардың тізгінін

ұстатты. Ол сенімді жанқиярлықпен ақтады. Өзі бүкіл саналы ғұмырында басшысы болған «Қазгор» жобалау-құрылыс академиясын әлемдік деңгейге көтеріп кетті. Елбасының қолынан 2007 жылы аса жоғары сапалы еңбек көрсеткіші үшін сыйлық алды. Бұл ұлтқа қызмет етудің қалтқысыз әрі жарқын көрінісі ретінде бағаланып еді. Осындай теңдессіз еңбегінің жемісін үлкен жүрек иесінің сезініп, марқайып, мархаббатанып аттануының өзі де көңілге бір медет.

Туған топырағын, жалпы тұтас елін жан-тәнімен сүйді. Соңғы үш-төрт жыл бедерінде сырқатына дауа іздеп шетелге жиі асып, жаны шырылдап жүрсе де қолынан қаламы түспей, ел мен жер жайында көкейкесті мақалалар жариялаудан табыды. Тәуелсіз мемлекетіміздің әр бұрышының жарқырай сәулеттенуін армандады. Тіпті ата-баба қыстауларын жаңғыртып, ұлттық

сәулет өнерінің бастау көздерін сондай алтын тамырлардан бері тарқатудың бесасап шеберіне айналды еді.

Жарықтық соңына өшпестей мұра қалдырыпты. Шығармашылық еңбектерінің алғашқы қос кітабы мен кейінгі бес томдығын еліне аманаттап кетті. Бұл құндылықтар өлшеусіз тәлім-тәрбие, өнеге көзі ретінде алғы күндерге қызмет есе беретініне сенеміз.

Бүс күндік жалған осы екен! Тесінгендейміз... Өттен, өттен... Жадымыздан шығып кете береді-ау. Бәрін қас-қағымда қиып тастап, осыдан жиырма жыл бұрын жанын бұрап үзгендей болып жалғызсыратқан асыл зайыбы Мағрипаңның қасына барып жантайды. Қош, қош, өз әлемін әділдеп, ел үмітімен үкілеткен Әбекен! Бір ғұмыр осындай-ақ болсын! Осыны ойлап, еңсе тіктедік!..

Қайсар ӘЛІМ



КӨРМЕ

Музей қоры толықты

Қарулы Күштердің әскери-тарихи музейінде Ауғанстан және жергілікті соғыс ардагерлері одағының және Нұр-Сұлтан қаласындағы Мемлекеттік архивтің ұйытқы болуымен Кеңес әскерінің Ауғанстан аумағынан шығарылғанына 31 жыл толуына орай «Олар әскери борышын өтеді...» тақырыбында көрме өтті.



Рауан КАБИДОЛДА,
«Egemen Qazaqstan»

Көрмені ұйымдастырудағы мақсат – Ауған соғысы ардагерлерінің ерлігін насихаттап, өмірден озған жауынгерлердің рухына тағзым ету, келушілерді музей тынысымен таныстыру.

– Майдагер азаматтар – жастарымызды отан-сүйгіштікке баулитын бірден-бір мектеп саналады. Ауған соғысының ардагерлері – Екінші дүниежүзілік соғысын көрген ақсақалдарымыздың лайықты ізбасарлары. Сіздердің ерліктеріңіз әрқашан ел есінде сақталмақ. Ауған соғысы – бүкіл бір буын үшін нағыз сынақ болды. Жүздеген ана ұлдарынан айырылып, қара жамылды. Осынау күні сіздердің

ерен ерліктеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін. Қайтпас қайсарлық пен ел сүйісінер жігер таныттыңыздар. Майдан даласынан аман оралмаған жауынгерлерді үнемі есте сақтаймыз. Бұл көрме Ауған соғысы тарихынан толағай сыр шертеді деп білемін, – деді Қарулы Күштердің әскери-тарихи музейінің бас-тығы, подполковник Нұрғазза Асылы.

Откен тарихқа үңілетін болсақ, Ауған соғысына қазақстандық 22269 азамат аттанып, оның 929-ы ажал құрғынан құтыла алмаған екен. 1015 жауынгер мүгедек атанды. Бүгінде елімізде Ауған соғысының 16 мыңнан астам ардагері қалыпты. Жыл санап олардың да қатары селдіреп барады.

– Осы іс-шараны ұйымдастырушыларға шынайы алғысымды білдіремін. Үлкен жұмыс атқарылды. Ендігі кезекте, майдан даласында батырлық танытқан қазақстандық азаматтардың ерлігін ерекше айтқым келеді. Олар батыр бабаларының лайықты жалғасы екенін дәлелдеді. Бүгінгі көрменің әр бөлшегі сол соғыстан сыр шертіп, оған қатысқан отандастарымыздың жанқиярлық ерлігін еске салатын болады. Оларды мәңгі есте сақтауымыз қажет. Себебі өз тарихын білмейтін адамның болашағы да бұлдыр болмақ. Бұл сөзді бүгінгі көрмеге келген жастарға қарата айтып отырмын, – деді «Еркін ауғандықтар» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының бірінші орынбасары Қайрат Елубаев.

Көрме барысында соғыста үш жыл қызмет етіп, талай жаралы жауынгерге қол ұшын созған, өмірлеріне араша түскен ержүрек медбике Рауза Ережепованың жеке заттарын, фотосуреттерін, медальдары мен грамоталарын, куәліктерін, ауған кителі және тағы да басқа заттарын ұрпақтары аталған музей қорына табыстады.

– Мен Рауза Ережепованың туған бауырымын. Оның майданда танытқан қаһармандығы үшін берілген ордені, «Ерлігі үшін» медалі бар. Ауған халқының атынан, Ингушетия президентінің атынан тапсырылған өзге де марапаттарды тілге тиек етуге болады. Соғыстан оралған соң ол Көкшетау қаласында еңбек етіп, мүгедектерге, соғыс ардагерлеріне жәрдемдесті. Өкініштісі сол, өткен жылы желтоқсанда Раузадан айырылып қалдық. Биыл 18 ақпанда ол небәрі 57 жасқа қадан жасар еді, – деді Ауғанстан және жергілікті соғыс ардагерлерінің одағы төрағасының кеңесшісі Амангелді Ташмұханов.



«Біз – Жеңістің мұрагеріміз!» эстафетасы Шымкентке келді



Қазақстан әскери-тарихи музейінің Алматы қаласындағы филиалы ұсынып отыр.

Нұршат ТӨКЕН,
«Egemen Qazaqstan»

Бұл тағзым эстафетасы 5 ақпан мен 5 мамыр аралығында еліміздің барлық өңірінде жалғасадy. Ол 2018 жылғы 28 қыркүйекте Душанбе қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары Кеңесінің шешімімен бекітілген Жеңістің 75 жылдығын мерекелеге бағытталған негізгі іс-шаралар жоспары аясында өткізілмек.

Отанын жанқиярлықпен қорғаған қазақстандық жауынгерлердің ерлігіне құрмет көрсету, есімдерін ел есінде сақтау мақсатында ұйымдастырылған.

Еске алуға жиналғандар Мәңгілік алау кешеніне гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздік жариялады. Жиын барысында Қазақстан Ұлттық ұланы оңтүстік өңірлік қолбасшысының орынбасары, полковник Ниязтай Алпешов пен Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Нұрсалдық Ерғешбек,

соғыс және еңбек ардагерлері сөз сөйледі.

Эстафетаға полиция, төтенше жағдайлар, қылмыстық-атқару жүйесі департаменті, Ұлттық ұланың өңірлік қолбасшылықтары, әскери бөлімдері мен бөліністері, ПО мен ҰҰ ардагерлер ұйымы, сондай-ақ орта мектеп оқушылары мен әскери-патриоттық клубтардың тәрбиеленушілері, студент жастар, құқықтық тәртіп әскерінің әскери бөлімдері орналасқан қалалардағы жергілікті қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жауынгерлік туды табыстау салтанатынан соң «Түркістан» сарайында «Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан үлесі туралы» атты фильм көрсетілді. Батыр бабалардың ерлік істері бейнеленген туынды көрерменнің көңілінен шығып, жақсы бағасына ие болды.

ШЫМКЕНТ

ҚАЗ ҚАЛПЫНДА

Қайран, Құмсай!..

Нұрғали ОРАЗ,
«Egemen Qazaqstan»

– Сіз білесіз бе, білмейсіз бе, қайдам, – дейді құмдақ жолмен зымырап келе жатқан «Нива»-ның рөліндегі ақ кепкілі, қараторы жігіт манадан бөрі үнісіз отырған мені әңгімеге тартқысы келгендей алдыңғы жақтағы аяғы қарап, иегін қағып қойып: – Бұ жерде бұрын Құмсай деген ауыл болған!..

«Неге білмейін? – деймін мен іштей толқым. – Бала күнімде талай рет келген шарғай емес пе?!»

Көз алдыма сарғайған ескі суреттер секілді санамның бір түкпірінде қалған сол баяғы-ы оқиғалар елестейді. Ол кезде Құмсай дегеніңіз мына сайдың екі жиегінде қаз-қатар тізіліп отыратын кәдімгідей-ақ ауыл еді.

Бір күні шешем екеуіміз күн бата жүк машинасымен келіп, нағашы атамның үйінің жанынан түсіп қалдық. Ақ жаулығының ұшы желбіреп, ескі кебісін қонышынан басып, алдымыздан қалбалақтап шыққан нағашы апам қуанып, шешемнің көйлегінің етегіне жабысып, үрпиіп тұрған мені өзіне қарай тартып, екі бетінен кезек-кезек шөпідетіп сүйіп жатыр. Сөйте жүріп, шешемнің жүзіне қарап: «Әй, саған не болған? Реңің сынық қой» деп алаңдап қояды.

Жол бойы көзіңіз алдын әлсін-әлсін сүртіп, үн-түңсіз келген шешем: «Жай әншейін, кейін айтам», деді ақырын ғана шаршаулы күйде үн қатып.

Жазды күні болғандықтан түнге қарай есік алдындағы ағаш тапшана төсек салып, сыртқа жаттық. Жұлдыздары иін тіресе жыпырлап тұрған қарақөк аспанға қарап, көзім ілініп бара жатқанда естігенім: «Қой әрі, не болса соған ренжіспесендерші. Бү күнде кім ішпей жүр дейсің... – деп күрсінген нағашы апамның сөзі болды. – Бала-шағасың ұмытпай, тапқан-таянғаның үйіне әкеп жүрсе бопты да, әйтеуір. Ақылың қоса ішетін жігіт емес қой. Екеуіңнің ортандағы мына бала да өсіп қалды. Биыл төртке шыға ма, қалай өзі?..» «Жок. Беске...».

Кіп-кішкентай бала болсам да, біздің үйге бір қатер төнгенін ішім сезеді. Түнде қорқынышты түс көріп, қайта-қайта шошып ояндым.

Ертеңіне нағашым менімен түйдей жасты Кәдіржан деген баласы екеуімізді биік жотаның ар жағындағы фермаға апарып, орталықтағы дүкеннің алдынан бір дәу қарбыз әперді де: «Ал енді, осыны үйге алып барыңдар!» деп тапсырды.

Біз оны кезек-кезек көтеріп, әлгі жотаның ортан беліне жеткен кезде сілеміз қатып, әбден шаршадық. Сол кезде



мен: «Дабай, мұны дөңгелетіп апарайық», дедім бір жаналық ашқандай болып. Кәдіржан аппақ күрек тістерін көрсете ыржиып, бірден келісе кетті.

Сөйтіп дәу қарбызды біз жоғары қарай домалата бастадық. Бірақ ол ырқымызға көнбей, төмен қарай дөңгелеп «қаша жөнелді». Өне-міне дегенше, пырш-пырш етіп тастан-тасқа күрекіп, қып-қызыл суы шашырап барды да, осы беткейге атпа, сиыр ма арқандап жүрген біреудің суыра алмай, қалдырып кеткен қазығына соғылып, бытшыт боп, шашылып қалды...

Ой, сондағы менің жылағаным-ай! «Мынау өзі, не боп кетті?! Біздің үй де, дәу қарбыз да қирап, бүлінді ғой!» деп өксіп-өксіп, көзімнің жасын бырт-бырт үздім...

Сол күні Кәдіржан екеуіміз нағашы атамның қаһарынан қорқып, бірден ауылға баруға бата алмай, кешке дейін ферманың

шетінде сандалып-сандалып қайтып келсек, үйдің жанында бір үлкен жүк машинасы тұр. Түндегі біз жатқан тапшаның үстіне үлкен ақ дастарқан жайылыпты. Тап бір той жасап жатқандай үй іші арқа-жарқа, мәз-мейрам.

Төрге жайғасқан екі-үш қонақтың төменгі жағында отырған әкемді көріп, жүгіріп барып құшақтай алдым. Оның ойында да ештеңе жоқ, қарқ-қарқ күліп, бауырына басып, маңдайымнан ніскеп жатыр.

Ертеңіне біз – әкем, анам үшеуіміз әлгі жүк машинасының кәбіңкесіне сығылыса отырып, үйге қайттық.

Міне, сол Құмсай ғой бұл! Осыдан кө-ө-өп жыл бұрын анау биік жотаның ар жағындағы ферма кеңшар орталығына айналды да, мұндағылар түп-түгел сонда көшті. Қазір әр жерде бір төмпешік болып, ескі жұрттың орны ғана қалыпты...

«Каспий құбыр консорциумы-К» АҚ «КҚК-К» АҚ үшін әуе және теміржол билеттерін ресімдеу, брондау және сату қызметін көрсету келісімшартын жасасу құқығына ашылған бір кезеңді № 3993-GB тендерінің өткізілетіні туралы хабарлайды. Бір кезеңді тендерді өткізу тәртібі мен мерзімі туралы толық ақпарат КҚК сайтында www.cpc.ru («Тендер» тарауы) жарияланған.

Егер сіз «Egemen Qazaqstan» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:

Нұр-Сұлтан 37-64-48, 37-60-49.
 Электронды пошта: adv@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru
 Алматы 273-74-39, ф. 341-08-11.
 Электронды пошта: adv@egemen.kz

EGEMEN QAZAQSTAN

Таралымы

Тиражы

Бағасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының Төралқасы Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік және Халықаралық инженерлік академияларының академигі, «KAZGOR» жобалау академиясы Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген құрылысшысы

Әбдісағит Шаймұханбетұлы ТӘТІҒҰЛОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«ҚазКСҒЗИ» АҚ ұжымы «KAZGOR» жобалау академиясы Директорлар кеңесінің төрағасы

Әбдісағит Шаймұханбетұлы ТӘТІҒҰЛОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына, жақындарына көңіл айтады.

«Астана бас жоспары» ГЗЖИ» ЖШС басшылығы мен ұжымы белгілі тұлға, техника ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі және нақты мүшесі (академик), Шығыс елдері сәулетінің халықаралық академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының мүшесі, «Қазақстанның құрметті инженері», «Қазақстанның құрметті құрылысшысы» атақтарының иегері

Әбдісағит Шаймұханбетұлы ТӘТІҒҰЛОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Мәскеудегі Халықаралық сәулет академиясының Қазақстандағы елордалық орталығы белгілі тұлға, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі, Шығыс елдері сәулетінің халықаралық академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының мүшесі

Әбдісағит Шаймұханбетұлы ТӘТІҒҰЛОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

EGEMEN QAZAQSTAN
 Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
 «Егемген Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Басқарма төрағасының орынбасары – бас редактор
Айбын ШАҒАЛАҚ

Басқарма төрағасының орынбасары
Ерболат ҚАЙЕН

Бас редактордың орынбасарлары
 Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ
 Думан АНАШ
 Талғат БАТЫРХАН

Жауапты хатшы
 Самат МҰСА

Саясат және құқық бөлімі
 Жолдыбай БАЗАР

Экономика бөлімі
 Арнұр АСҚАР

Әлеумет және білім бөлімі
 Оралхан ДӘУІТ

Мәдениет және руханият бөлімі
 Мирас АСАН

Әдебиет және өнер бөлімі
 Елпан ЖҮНІС

Интернет-редакция бөлімі
 Бекен ҚОНЫС

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
 Нұр-Сұлтан – astana@egemen.kz
 Ақтау – manystau@egemen.kz
 Ақтөбе – aqtoobe@egemen.kz
 Талдықорған – 7su@egemen.kz
 Атырау – atyrau@egemen.kz
 Көкшетау – kokshetau@egemen.kz
 Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
 Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
 Қостанай – qostanay@egemen.kz
 Орал – bqo@egemen.kz
 Өскемен – shyguys@egemen.kz
 Павлодар – pavlodar@egemen.kz
 Тараз – taraz@egemen.kz
 Шымкент – ocqo@egemen.kz
 Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
 010008 Нұр-Сұлтан, «Егемген Қазақстан» газеті» көшесі, 513 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а

АНЫҚТАМА ҮШІН:
 Нұр-Сұлтан: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
 Алматы: АТС 273-74-39, ф. 341-08-11.
 Интернет-редакция: portal@egemen.kz
 Алматыда: 8 (7172) 273-07-87,
 факс 8 (7172) 273-07-87.
 Электронды пошта: info@egemen.kz
 Алматыда: 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48,
 adv@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru
 Алматыда – 8 (7172) 273-74-39, факс – 273-07-26,
 adv@egemen.kz

Индекс 65392. Атқасына 5 рет шығады.

«Егемген Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді. Көлемі 8 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.

«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті өсетке қою туралы №014 құрылғы 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитеті берген.

«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар талаптарына сәйкес сертификатталған.

Материалдың жариялану аясы төленген. Жарнама, хабарландырулар мазмұны мен мәтініне талпырысу беруші жауапты. Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: 1499 («Қазпошта» АҚ) ТАРАЛЫМЫ 185 720 дана

ISSN 1999-9720

9 771999 972005

Нөмірдің көзекші редакторы
 Рауан КАБИДОЛДА